Любой педагог также является профессиональным оратором, поскольку его работа состоит в обращении с речью к своим ученикам. Остановимся подробнее именно на профессиональной речи преподавателя, которая больше других известна всем, кто когда-либо учился или учил. Профессор университета входит в аудиторию, где его ждут студенты в определенное расписанием время, и, как правило, если это лекция, а не семинар, произносит монолог. Для чего? Безусловно, существует совокупность целей, которые он ставит прежде, чем начинает говорить. Конечно, он хочет передать знания, т.е. информацию, но любая речевая ситуация связана с передачей информации. Целевая установка речи — это внутренняя мотивация человеческой личности. Если профессор передает знания студентам, значит, у него есть более глубокая, чем просто передача информации, цель, в соответствии с которой ему нужно, чтобы студенты этой информацией владели. На чем основано это желание поделиться знаниями? Хочется иметь в жизни интеллектуальных единомышленников, что свойственно любому мыслящему существу. Итак, первая целевая установка — создание единомышленников. Безусловно, круг интеллектуальных единомышленников формируется не только в студенческой аудитории, но также, скажем, на научных конференциях и симпозиумах, где, делая доклад и излагая свою концепцию решения некоторой проблемы, человек стремится, чтобы коллеги согласились с тем,

что его концепция заслуживает внимания. Чем отличается создание единомышленников в научной среде от создания единомышленников в студенческом коллективе и почему именно в студенческой аудитории это получается особенно удачно? Здесь заложена важнейшая мотивация человеческой личности, на которой следует остановиться подробнее. /1/

Следует еще раз подчеркнуть, что в любой речи реализуются целевые установки конкретной человеческой личности, речь мотивирована и целесообразна только в отношении этой личности: говорить — поведение эгоцентрическое, человек в этой ситуации делает только то, что он считает для себя необходимым.

Рассмотрим теперь вторую причину: человек говорит потому, что его хотят слушать. Настоящая, хорошо прочитанная лекция обязательно заставляет людей думать, она стимулирует размышления, т.е. осуществляет "интеллектуальный штурм". С точки зрения человека, для которого размышление есть норма, провокация интеллектуальной деятельности есть принесение блага. Если профессор замечает, что студенты во время лекции действительно начинают активно мыслить, то он считает, что совершает доброе дело.

Преподаватель университета читает лекции студентам еще и потому, что это его работа в соответствии с трудовым договором, который заключается между преподавателем и администрацией университета. Преподаватель обязуется читать лекции, вести семинары и т.д. (т.е. заниматься профессиональной речевой деятельностью), а администрация обязуется ему за этот труд платить деньги, которые позволяют ему сохранять достойный уровень жизни.

Следующая целевая установка близка к категории социального статуса. Через речь, как известно, завоевывается авторитет, так необходимый любому человеку. "...Благодаря красноречию нас может пленить человек, на коего мы обычно не обращаем внимания. Разум не только одушевляет тело, но в некотором роде обновляет его; сменяющие друг друга чувства и мысли оживляют лицо и придают ему то одно, то другое выражение; разумная речь надолго приковывает внимание к одному и тому же человеку" (Жан Жак Руссо). Студенты — идеальное человеческое пространство для формирования категории авторитета. Сама коммуникативная ситуация ставит профессора интеллектуально и личностно выше своих слушателей.

Однако авторитет не следует путать с авторитарностью, представляющей собой особую поведенческую характеристику, которая обычно воспринимается как негативная. Педагог выполняет определенную функцию в обществе: эта функция — трансляция культуры. Одновременно с

этим у некоторых педагогов возникает осознание себя как живого образца культуры. Такое представление о педагоге характерно для авторитарной культуры (наиболее яркий ее образец — средние века). Соответственно и общение так себя осознающего педагога оказывается возможным только в авторитарной форме. Педагогическая задача сводится к тому, чтобы воспитать студента, похожего на учителя. Современную же европейскую культуру называют синкретической или диалогической (коммуникативной): есть много образцов, способов жизни и идей человека, и поэтому основная ценность состоит в диалоге и стремлении к пониманию. Центральными аспектами в синкретической культуре все более становятся индивидуальность и индивидуальное сознание. Это принципиально демократическая культура. И эти свойства современной культуры должны отражаться в педагогическом самосознании. Педагог не есть образец, а есть индивидуальность, личность, которая стремится быть понятой и одновременно самой понять других людей, каждый из которых тоже есть личность, неотъемлемое право которой — слово и мысль. Авторитарность педагога в этой ситуации оказывается неуместной, а личностный авторитет возможен и естествен. /2/

Если профессор удачно прочитал лекцию, понял, что его внимательно слушали, у него значительно повышается эмоциональный тонус. Есть немало педагогов, которые с большим желанием ходят на собственные занятия, чем, скажем, в театр (при том, что театр они любят). Педагогическая деятельность приносит удовольствие и радость. Стремление же к удовольствию — внутренняя потребность человека.

Остановимся подробнее на этом важнейшем психологическом постулате, поскольку он имеет непреходящее значение для понимания основ человеческого общения (в частности, речевого).

На фоне эвдемонизма развивалось другое философско-этическое направление — гедонизм (от греч. *hēdoné* — удовольствие), рассматривающее радость, удовольствие и наслаждение как мотив, цель или доказательство всего нравственного поведения человека. Основателем гедонизма был Аристипп из Кирены. Добродетель — это способность наслаждаться, но только образованный, проницательный, мудрый человек умеет правильно наслаждаться; он не следует слепо за каждой возникающей прихотью, и если наслаждается, то не отдается наслаждению, а стоит над ним, владеет им. Гедонистами были Гельвеции, Ламетри и др.

Понятие удовольствия сливается с процессами сознания, это "окраска", или "акцент", процесса сознания. Стоики называли удовольствие разрешением, а также чувством ценности. Чувство удовольствия наступает

при выполнении желания (часто неосознанного). Доля бессознательной мотивации в поведении человека, как уже говорилось, очень высока (некоторые ученые, например В.В. Аткинсон, считают, что она достигает 90%). Наше бессознательное "оно" (термин З. Фрейда) подчиняется принципу удовольствия, т.е. удовольствие и счастье в психоаналитической теории также понимаются как главные цели жизни человека. Переход к выполнению желания — это то, что соответствует в действительности всякому удовольствию. Удовольствие относится к желанию как утверждающая форма сознания.

Если человек не получает удовольствия от педагогической деятельности, ему не надо ею заниматься. Люди по возможности должны делать в жизни то, что им нравится. Не следует себя ломать, занимаясь нелюбимым делом, — жизнь от этого становится безрадостной, бессмысленной, а учитывая этическую традицию, еще и безнравственной. Стремление к получению удовольствия — одна из целевых установок речи преподавателя.

Конечно, преподаватель университета испытывает ответственность за свою профессиональную деятельность, но еще больше он испытывает чувство удовольствия, несмотря на то, что это тяжелая работа, требующая постоянного интеллектуального и физического напряжения. Любят заниматься профессиональной речевой деятельностью, естественно, только те люди, у которых она хорошо получается.

Резюмируя, следует сказать, что целевое пространство лекционной речи преподавателя университета представляет собой систему, в состав которой входят следующие элементы:

- 1) создание единомышленников;
- 2) пролонгация духовного бытия;
- 3) реализация воли к власти;
- 4) принесение добра:
 - а) совершение желанного для других поступка,
 - б) передача знаний,
 - в) "мозговой штурм",
 - г) помощь в учебном процессе;
- 5) действие в соответствии с трудовым (финансовым) договором;
- 6) сохранение высокого социального статуса;
- 7) завоевание авторитета;
- 8) интеллектуальный арбитраж;
- 9) уточнение мыслей;
- 10) получение удовольствия:

- а) повышение эмоционального тонуса,
- б) энергетическая подпитка. /3/

Все поставленные цели вместе редко могут быть достигнуты в речи, любая из них может оказаться нереализованной. Без всякого сомнения, один и тот же преподаватель на разных своих лекциях ставит разные цели. Что-то у него получается лучше, что-то — хуже. И, конечно, друг от друга преподаватели значительно отличаются тем, в какой мере они могут достигнуть определенных целей. Но целевое пространство — это то, что человек *хочет* реализовать в речевом поступке, в чем у него есть потребность, это та задача, которую он ставит перед собой. А уж насколько эта задача им решается — вопрос ораторского мастерства.

ЛИТЕРАТУРА

1. Зарецкая Е.Н. Риторика теория и практика речевой коммуникации — 4-е изд. — М.: Дело, 2002. — 480 с.
2. Михневич А.Е. Ораторское искусство лектора. М., 1984.
3. Одинцов В.В. Структура публичной лекции. М., 1976.

Г.Б. НИЕТБАЕВА

АДАМ ДЕНСАУЛЫҒЫНЫҢ ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ

Аннотация

Бұл мақалада адамның психикалық денсаулықтарының кейбір аспектілері және психикалық денсаулықтың негіздері ашылып қарастырылады. Сонымен қатар, қазіргі кезеңдегі адамның психикалық денсаулығының тұрақтылығы ретінде белсенділік, өзін-өзі реттеу, бейімделу болып табылатындығы көрсетіледі.

В данной статье рассматриваются некоторые аспекты психического здоровья человека, раскрываются основы психического здоровья. Указывается на активность, саморегуляцию, адаптацию как основы устойчивости психического здоровья современного человека.

Annotation

The article touches upon some aspects of Human health. One of its component is personal activity, self actualization, adaptation in different situations.

Түйін сөздер: психикалық денсаулық, психологиялық негіздер, тұлға, психика, белсенділік, бейімделу, қажеттілік, субъект, фрустрация, тұрақтылық.

Егеменді Қазақстанда өркениетті қоғам мен құқылы мемлекеттің қалыптасу жағдайында студенттердің психикалық денсаулықтары қалыпты тұрғыда дамыту қажеттілігі туындайды. Өйткені, олардың психикалық денсаулықтары қалыпты тұрғыда қалыптасуы болашақта олардың парасаты, білікті, мәдениетті, білімді және дүниетанымы жоғары болып, еліміздің мәртебелі азаматы болуына үлкен әсерін тигізері сөзсіз.

Жас ұрпақ еліміздің болашағы, демек олардың психикалық денсаулығының қалыптасуы қоғамның әр түрлі саласындағы өзгерістерге түйінделеді. Сондықтан да, бұл мақалада психикалық денсаулықтың маңыздылығы қарастырылады

Адамның әлеуметтік субъектілігінің психологиялық ерекшелігінің мазмұнын екіге бөліп қарастыруға болады. Бірінші: қажеттіліктер, рөлдер және қарым-қатынас. Екінші, бұл- жауапкершілік және егемендік.

Адамның субъектілігінің жетілуі оның қажеттілігінің дамуынан басталады. А. Маслоудың пікірінше, ерекше маңызды қажеттілік, ол адамның өзін-өзі белсендіруі /1/. Ал американдық психолог С. Миддидің еңбектерінде «тұлға бойындағы ерекше қажеттілік-психикалық қажеттілік» делінген /2/. Бұл жердегі психикалық қажеттілік : пікірін білдіру қажеттілігі, елестету, қиялдау қажеттілігі. Психологиялық қажеттіліктердің әлсіреуі субъективті көріністің төмендеуіне әкеледі, өйткені адам өзін биологиялық мұқтаждықтары және әлеуметтік рөлдері деңгейінде ғана қарастырып, өзін тек әлеуметтік әрекеттің объектісі ретінде сезінеді. Ал егер, психологиялық ерекшеліктер артылса, адам байымдаудың, пікір білдірудің, қиялдау және елестеудің арқасында биологиялық және әлеуметтік мұқтаждықтарынан босатылып, әлемнің қандай екенін суреттеп және қандай әлем қалайтынын, сонымен қатар басқа да әлемдерді суреттей алады. Бұл тұлғаға өткенді, қазіргі кезенді және болашақты бүтіндей қабылдап, әр түрлі әрекеттерді бағалауға және іске асыруға мүмкіншілік тудырады. Яғни, психологиялық денсаулықты сақтап, нығайтады.

Психологиялық денсаулықтың көрсеткіші ретінде тұлғаның әлеуметтік рөлін ұйғаруын көздеуге болады. Бұл жағдайда, индивидтің мінез-құлқының белгілі амалмен қоршаған ортадағылардың күткенін іске асыруын қарастырады. Әлеуметтік рөлдердің құрылымы даралық және типтік болады.

Психологтар мен социологтар рөлдерді конвенцианалды және формалды емес деп екіге бөледі. Бірінші, бұл әр бір адамның үлгі қалыпта

ұстануы. Мысалы, кәсіби рөлдер (мұғалім, дәрігер), отбасындағы рөлдер, жолаушы рөлі, сатып алушы. Формалды емес рөлдердің белгілі ережелері болғанымен, конвенцианалды рөлге қарағанда ол тұлғаның жеке дара ерекшелігіне байланысты. Мысалы, студенттің конвенцианалды рөлі студенттің формалды емес талапты, тапқыр, әдепті студент рөлімен толықтырылады.

Конвенцианалды рөлдер адамның мінез-құлқын бір қалыпты түрде қалыптастырады, ал формалды емес рөлдер субъективті көріністерге еркіндік береді. Яғни тұлғаның бойындағы формалды емес рөлдер оның психикалық денсаулығына себеп болады.

Субъективтіліктің психологиялық құрылымында құндылық маңызды орын алуада. Тұлғаның құндылығы арқылы адамның ішкі әлемі қоғамның және әлеуметтік топтардың іс-әрекетімен байланысады. Қоғамның құндылығы тұлғаның құндылығымен сәйкес келуі, адамның қоғамда тәжірибелік әрекет атқаруына байланысты. Адамның ішкі әлеміндегі қажеттілік-тілек, қалау, пейіл, талап түрінде бейнеленсе, тұлғалық құндылық-қызығушылық, арман, мұрат арқылы бейнеленеді. Тұлғаның құндылығы нақты жағдайға байланысты шектелгендіктен, тұлға қатынасын қалыптастырып, топтық ретінде іске асады.

Адамның психологиялық денсаулығы жеке даралық және әлеуметтік субъективтілігі адамның ортасына байланысты. Адамның белсенділігі күрделі жүйе түрінде биологиялық, психологиялық, әлеуметтік деңгейде реттеледі. Әр бір деңгейде адамның денсаулығының ерекшелігі болады. Көптеген адамның биологиялық себеппен негізделген аурулары ынта салумен, мазасыздықпен, күйзеліспен байланысты. Мысалы, жүрек аурулары, асқазан аурулары болады.

Психикалық денсаулықты көптеген жылдар бойы медицина ғылымында, яғни психиатрияда, невропатологияда қарастырды. Психологияда алғаш рет З.Фрейд өз еңбектерінде «психикалық денсаулықты қарастырып, психикалық бұзылуларды, тұлғаның ішкі қақтығысының себеп салдары» деп көрсетті /3/.

З.Фрейдтің айтуынша барлық теріс эмоционалды күйлер қақтығыстың субъективті көрінісі. Бұл адамның өз алдына қойған мақсатына жетілуіне қиыншылық туындағанда пайда болады.

Психологияда соңғы жылдары «психологиялық денсаулықты адамның тұлғалық ерекшеліктерімен, ішкі әлемінің құрылымы бір тұтас болып сыртқа көрінуі» деп қарастырады. Психологиялық денсаулық адамның әлеуметтік деңгейін сезінуінде, өмірлік күш қуатында маңызды құрылым болып табылады. Дегенмен, адамда туындайтын көптеген мәселелер психикалық

науқас ретінде қарастырылмайды. Бұл қиыншылықтарды медицинаға жатпайтын әдістермен түзетеді (есте сақтау қабілетін, зейінді, ойлауды күшейту; қатынас деңгейін қалыптастыру, өз мүмкіншілігін іске асыруға талпыну, тұлғаның ішкі және қарым-қатынас қақтығысын шешу; жабығу, күйзеліс, фрустрация күйінен айрылу).

Л.Д.Демина өз еңбектерінде «психикалық денсаулық» және «психологиялық денсаулық» түсінігін балама ретінде қарастырады /4/.

Психикалық денсаулықты анықтауда, адамның күш қуаты мен өмірлік кеңістігінің үйлесімдігі, сәйкестігінің ерекшелігі қарастырылады.

Психикалық денсаулықтың құрылымына енетін бөліктері көрсетіледі: өзіне деген жағымды қатынас, жағымды даму, тұлғаның жетілуі, өзін-өзі көрсете білу, өзіндік автономия, қоршаған ортаны шынайы ақиқатпен қабылдау, өзін-өзі мүмкіндігіне сай бағалайтын, маңайындағы адамдарға жағымды әсер ету қарастырылады.

Ал, психологиялық денсаулықтың негізгі шарты: тұлғаның таңдау мүмкіншілігі, өз бетінше дамуы. Бұл жерде келесі механизмдер аталады: өзін-өзі тану, болашаққа бағытталған шешім қабылдау мүмкіншілігі, өзгеріске дайын болу, баламаны көрсете алуы, өз мүмкіншілігін әсерлі қолдану, өз таңдауына жауапты болу.

Психологиялық денсаулықтың тағы бір көрінісі психикалық бір қалыптылық. Бұл тұлғаның әр түрлі саласының: эмоционалдық, еріктік және танымдық қатынасының үйлесімдігі. Бұлардың бұзылуы тұлғаның дағдарысына, әлеуметтік қоғамда бейімделе алмауына әкеледі. Психикалық тұрақтылық тұлғаның толық дамуымен, бейімделу мүмкіншілігімен, қоршаған ортаға өзінің мүмкіншілігіне сай әсер етуімен тығыз байланыста.

Тұлға қоғаммен тығыз байланыста, сондықтан қоғамның психикалық денсаулығының деңгейі маңызды орын алады. Психикалық дені сау қоғам – тұлға толығынан дамып, өз мүмкіншілігін іске асыра алуына бөгет жасамай, тосқауыл туғызбайтын қоғам. Психикалық дені сау қоғамның негізі – басшылықтың демократиялық болуы. Қызметкер шығармашылық танытып, өзіне қызықты іспен айланысып, басшылық қызметкеріне тіреу көрсетіп, тұлғаның қоғамға толығынан пайда әкелуі, психикалық дені сау қоғамның көрсеткіші болып табылады. Қоғамның қалыптасуы халықтың психологиялық мәдени дамуымен байланыста. Тұлғаның психологиялық мәдениетінің дамуы – адамның ішкі әлемінің дамуы мен психикалық өзін-өзі реттеу тәсілдерінің жиынтығынан құралған кешендік ұғым.

Адамның психологиялық мәдениетін әлеуметтік қоғам қамтамасыз етеді. Ол қоғамның пікіріне, құндылығына, халықтың ақпарат алуына байланысты. Психологиялық мәдениеті жоғары деңгейде болатын қоғамның

әлеуметтік құндылықтың маңыздысы тұлға болып табылады. Тұлғаға басымдылық көрсететін қоғамда, психологиялық мәдениет дамымайды. Психологиялық мәдениеті төмен қоғам, ол мемлекет басшыларының адамға, тұлғаға толығынан көңіл бөлінбейтігімен түсіндіріледі.

Сонымен, тұлғаны жеке, даралық әлеуметтік субъект түрде талдау, оның психологиялық денсаулығына мінездеме береді. Айтылған пікірлер бойынша, психикалық денсаулық, жеке дара және әлеуметтік субъектінің өзгеріліп тұрған әлемде, өзін-өзі ұстауы, іске асуы және дамуына мүмкіншілігін беретінін көрсетеді.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Маслоу А. Дальние пределы человеческой психики.-СПб., 1997
2. Ильин Е.П. Психология индивидуальных различий.- СПб.: Питер,2004
3. Фрейд З. Психоанализ. Религия. Культура.-М., 1992
4. Демина А.Д. Психическое здоровье и защитные механизмы личности.- Барнаул., 1999

Педагогика, психология және білім беру тарихы – История педагогики, психологии и образования

А.Р. ЖУНУСОВА, Б.Х. ГАЛИЕВА, Н.С. ШАДРИН

ПРОБЛЕМЫ ПСИХОЛОГИИ ДУХОВНОСТИ В ТВОРЧЕСТВЕ ШАКАРИМА

Аннотация

В статье анализируется трактовка важнейших оснований духовности личности в работах Шакарима. В своих произведениях Шакарим говорит о совестливом разуме и совместимости обучения наукам с воспитанием совести человека.

Мақалада Шәкәрім еңбектеріндегі тұлғаның руханилылығының маңызды негізіне берілген анықтама талқыланады. Шәкәрім шығармаларында арлы ақыл және ғылымды оқыту мен адамның ар-ұжданын тәрбиелеудің үндестігі жөнінде айтылды.

Annotation

The analyses of the most important features of spirituality of a personality in the works of Shakarim are given in the article

Ключевые слова: личность, духовность, совесть, путь личности, очищение

Будучи учеником и идейным наследником Абая, Шакарим в определенной мере находился под влиянием не только русской культуры, но и идей ортодоксального мусульманства и суфизма (особый, нетрадиционный вариант ислама, имевший важную роль в духовной жизни казахов вплоть до 20-х годов XX века). О роли суфизма в творчестве раннего Абая хорошо сказал Айдос Сарым: «... Сегодня можно смело говорить о том, что Абай находился под сильным влиянием суфизма... Прочитайте его первые стихи! Там казахских слов почти нет. Одни персизмы и арабизмы. Это ведь подражание суфистам (суфиям – *Авторы*). Рефлексия по Саади, Хафизу и другим персо-арабам» /1, с. 70/. Суфийские источники творчества самого Шакарима хорошо отражены также в статье Г.Г. Барлыбаевой «Суфийские мотивы в творчестве Шакарима» /2/.

Его поездка, предпринятая с благословления и на деньги Абая (его дяди) с целью обогащения кругозора и получения основательного образования в признанных центрах науки и духовной культуры того времени,

включала в себя довольно широкую географию и имела важное значение для его дальнейшей творческой биографии. Как пишет по этому поводу один современный автор, «перед смертью Абай отправил своего племянника на свои сбережения в путешествие по Турции, Аравии, Египту. Шакарим посетил Мекку, Медину, Александрию, Париж. Он изучил турецкий, арабский, персидский, в совершенстве знал русский» /3, с. 93/.

Проблемы человеческой духовности Шакарим затрагивает во многих произведениях, но особенно в работе «Три истины» (имеется русский перевод 1991 года, не раз издавалась на казахском языке), непосредственно сложившейся под влиянием идей Абая о трех аспектах духовности (*Разум, Воля и Сердце*), выраженных в его «Словах назидания» /3/.

Если Абай выделяет указанные выше три измерения духовности (при этом Сердце выступает, на наш взгляд, по современной терминологии как ценностная сфера психики!), не отдавая предпочтение ни одному из них, то Шакарим говорит о первостепенной роли одного из начал духовности – «совести».

Роль этого начала всестороннее обоснуется в его философско-психологическом трактате «Три истины», завершеном в 1919 году. Видимо, интенсивная работа над этим произведением, содержащем призыв к нравственному самосовершенствованию человека (неслучайно одним из его любимых писателей был Л. Толстой), была связана с разочарованием Шакарима в реалиях политической жизни того времени. С одной стороны, «послеоктябрьские перемены противоречили учению Шакарима о совести, о духовно-нравственном усовершенствовании» /4, с. 113/, с другой – его взаимоотношения с лидерами «Алаш-орды» были также далеки от идеальных и не могли удовлетворять чаяний выдающегося мыслителя и поэта. «Члены партии «Алаш» избрали акына заочно членом верховного суда, вызывали в Семипалатинск для участия на своих сходках и собраниях. Однако между поэтом и алашординцами вскоре произошел разрыв... На бойкот, объявленный ему партией «Алаш», Шакарим ответил стихами, где проклинал разъединение людей по каким-либо причинам, смело обвинил партийных лидеров в разделении казахов на противоборствующие группировки» /4, с.113/.

В «Трех истинах» Шакарима мы можем проследить понимание совести и как высшей ценности, и основного Пути избавления человека от пороков, способа личностного очищения и возрождения его духовности, что не может не сказаться в положительном отношении и на развитии общества.

«Уждан – совесть», по Шакариму, объединяет воедино заложенные в человеке начала скромности, справедливости и доброты. При этом для автора

немаловажным фактором совести является истина *веры*, признающей бытие Создателя и идею бессмертия души. Но поскольку вера (в том числе религиозная) обычно трактовалась поверхностно и не получила сколько-нибудь убедительного научного обоснования, то основная масса людей осталась к этому началу духовности довольно равнодушна.

Настоящая мудрость, основанная на совести, должна проявляться также в действии: “О мудрости и уме разумного мы судим по их делам” /5, с 36/. Если в делах человека отсутствует совесть, то никакая наука ему не поможет. В целом, для любого народа, характерно понимание мудрости как слияния знания, науки и нравственного совершенства. Причем последнему Шакаримом неслучайно отдается явное предпочтение. И еще, чтобы сохранить мудрость, необходимо чтить дух своих предков, традиции, обычаи и культуру своего народа.

Значительная часть анализируемого нами произведения посвящена исследованию природы человеческой души («жан»), а также духа («рух»). Этот анализ предваряет обзор высказываний и идей древних и современных западных авторов относительно природы души и духовности.

Шакарим Кудайбердиев довольно самостоятельно анализирует труды Демокрита, Декарта, Эпикура, Дольна и других просветителей, посвященных исследованию психологического феномена «души». Проявление души он связывает с таким явлением, как *энергия* (такой взгляд мы находим уже у Аристотеля). С этим же источником он связывает возникновение таких явлений психологической действительности, как магнетизм, спиритизм, телепатия, фахризм, лунатизм, сновидения и т.д.

Однако Шакарим отмечает, что все истины мудрости науки, основанные на достоверных данных чувственных восприятий и рационально-логического мышления, подвергались опровержению по мере дальнейшего развития жизни и знания.

Кроме того, сами результаты научной и научно-технической деятельности человека оказались неоднозначными по своим последствиям (тому мыслитель приводит множество примеров, связанных с отрицательными воздействиями создания современной военной техники), поэтому сама по себе наука не может быть основанием для формирования добрых начал человеческой души. Поэтому *субстанциональную основу души* составляет в первую очередь упомянутая выше совесть. Именно *совесть, как изначальная потребность души*, и есть та истина, которая может очистить человека от нравственной скверны и поставить его на путь праведной жизни.

Неслучайно философ четко указывает: «Сердце человека, не поверившего в то, что совесть – изначальная потребность, стержень

человеческой души, не смогут очистить никакая наука, никакое искусство, ни один путь и никакой закон. Но если человек в полной мере уверует в это, ничто не сможет сделать его сердце черным». /5, с.43-44 /. Кстати, на особую роль «совести» в формировании личности указывал и известный философ-экзистенциалист Мартин Хайдеггер, на идеях которого основываются многие психотерапевтические системы Запада, в том числе широко известный «да-зайн анализ» Бинсвангера и его последователей. Как бы в унисон Шакариму Хайдеггер характеризует совесть (das Gewissen) как «голос бытия», а следование этому голосу как «бытие (личности – Н.Ш.) на правильном пути».

В другом своем произведении, в «*Записках забытого*», написанном за год до смерти, Шакарим как бы подводит итоги и вновь возвращается к ключевым идеям Абая, а также к своей центральной идее, связанной с особой ролью совести в психологии духовности. Пытаясь по-новому представить единство трех начал человеческой духовности в понимании Абая (*Разум, Воля и Сердце*) Шакарим здесь говорит о «совестливом разуме» и о совместимости обучения наукам с воспитанием совести ученика.

Так, по его мнению, «в процессе воспитания человека необходимо ввести н а у к у с о в е с т и. (этот термин не раз использовался современными казахстанскими философами - *Авторы*). Об этом должны позаботиться ученые головы... С молодых ногтей нужно воспитывать у людей чувство высокой порядочности, самоуважения, что помогло бы изжить в себе животные инстинкты, искоренить пагубные вожеления» /3, с.102/.

Как бы апеллируя к триаде Абая и по-своему варьируя ее, Шакарим пишет: «По моему разумению, основой для хорошей жизни человека должны стать честный труд, совестливый разум, искреннее сердце. Вот три качества, которые должны властвовать над всем» /3, с. 101/.

При этом Шакарим довольно критично относится к идеям идеологов западной цивилизации о путях исправления человечества и приобщения человека к лучшей жизни (гармонизация жизни общества через упразднение правительства, «всеобщее просвещение» человечества и т.д.).

По мнению Шакарима, «если не будет правительства, значит, люди не будут подчиняться справедливому и единому для всех законам... зубастые хищники станут пожирать слабых и беззащитных. Как тогда жить людям?» И далее, возвращаясь к своим давним идеям, он пишет: «... Просвещенные умы владеют тайнами ремесел (и современных технологий – *Авторы*), их возможности неограниченны. Но где, в каком деле используют они свои знания? Насколько я знаю, с помощью науки люди научились делать

смертоносные орудия, нашли ядовитые газы, истребляют друг друга...» /3, с.100/. Примеры такого истребления давала первая мировая война, которую развязали именно «цивилизованные» страны Запада. С этих позиций воспитание нравственности, совести, привитие позитивных ценностей имеет не второстепенное, а первостепенное значение в процессе образования.

Отрицательно относится казахский мыслитель и к идеям формирования совершенного человека Ницше («сверхчеловек», одержимый «волей к власти»), согласно которому «жизнь есть борьба и люди рождены для того, чтобы немилосердно уничтожать друг друга. Но, по-моему, – продолжает Шакарим, – эта идея бесчеловечна и не имеет под собой никакой основы» /5, с.102/.

В своей работе мы пытались донести до читателя лишь основные идеи Шакарима Кудайбердиева о психологии духовности, не претендуя на окончательность выводов и полноту анализа. Тем более, что его воззрения пока еще не очень глубоко и детально осмыслены современными психологами и философами. Так, в достаточно объемной работе К.Б. Жарикбаева непосредственно самому Шакариму посвящены 3 страницы /6/.

Особенно слабо высвечен аспект философских и психологических взглядов Шакарима, связанный с влиянием теоретических положений философии суфизма (речь не идет о влиянии суфийской традиции на *поэтическое* творчество данного автора, так как этот аспект в достаточной мере изучен нашими филологами). А пока что мы советуем каждому, кто интересуется трудами Кудайбердиева, детально ознакомиться с «Тремя истинами» и другими его философскими работами и попытаться самостоятельно осмыслить их содержание.

ЛИТЕРАТУРА

1. Айдос Сарым. Абай: //Қазақ альманағы. – 2009. - №3. – С.64-80
2. Барлыбаева Г.Г. Суфийские мотивы в творчестве Шакарима //эль-Фараби – аль-Фараби. – 2004. - №3. – С. 77-83.
3. Абай /Книга слов/ Шакарим /Записки забытого /Пер. с каз. К. Серикбаевой и Р. Сесенбаева. – Алматы: «ЕЛ», 1993. – 128 с.
4. Кудиярова А.М. О жизни и деятельности Шакарима //Дала данасы. – Алматы: Орталық ғылыми кітапхана, 2009. – С.104-116.
5. Шәкәрім. Үш анық //Әлем: Альманах. - Алматы: Жазуши, 1991. – 19-44 б.
6. Жарикбаев К.Б. Психологическая наука Казахстана в XX веке. – Алматы: Изд-во «Эверо», 2006. – 429 с.

С.ІЗТІЛЕУОВА

АБАЙ, ШӘКӘРІМ ШЫҒАРМАЛАРЫНДАҒЫ ТӘРБИЕ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Аннотация

Мақалада адам ғұмыры рухани негізінің жетілуі мен жеке тұлғаны тәрбиелеуге бағытталған Абай мен Шәкәрім шығармаларындағы негізгі ойлар ашылған.

В статье раскрываются основные идеи произведений Абая и Шакарима, направленные на воспитание полноценной личности и совершенствования духовной основы человеческой жизни.

Annotation

In this paper the author studies the model of moral values in the works of great Kazakh poets and thinkers Abay Kunanbaev and Shakarim Kudaiberdiev. Also examines the genesis and the formation of a model of moral values, actual, present day aspects and its function in the second half of the nineteenth and early twentieth centuries. The ways of moral models and its values in educating the younger generation.

Түйін сөздер: тән және жан құмары, адамгершілік, толық адам, ар, ұждан, ақыл, қайрат, жүрек, әділет, рухани үндестік, рухани сабақтастық, ұлттық тәрбие, адам тәрбиесі.

Қазіргі күрделі қоғамда жастарды тәрбиелеу ісінің маңызы арта түсуде. Себебі, адам табиғаты жөнделмейінше қоғамдағы көптеген күрмеуі қиын мәселелерді шешу мүмкін емес. Бүгінде адам тәрбиесі мәселесі әлемдегі барлық мемлекеттер үшін маңызы мәселелер қатарына көтеріледі. Жаппай байлыққа ұмтылу, агрессия, зорлық пен әділетсіздік, адамгершілік құндылықтардың қорғалмауы, өтірік пен зұлымдық идеологиясының салтанат құруы адамзаттың азғындау үдірісін тереңдетуде. Сондықтан, ізгілік қағидаларын ұстанған зиялы қауым адамзаттың адами сапаларын сақтаудың және дамытудың түрлі жолдарын қарастыруда. Ұлт тәрбиесіне ықпал етуге қуаты бар, тиімді идеяларға бай мұраның бірі: Абай мен Шәкәрім шығармашылықтары.

Абай мен Шәкәрімнің рухани мұраларындағы жастар тәрбиесіне ықпал

ете алатын тұжырымды ойларын ұлттық тәрбие мәселесінде ұтымды пайдалануға болады. Оларды арнайы бағдарламаға енгізіп, ұрпақ тәрбиесін тиімді жұмыстармен байыта аламыз. Оның негіздері әсіресе қара сөздер мен мәнді сөздерде жатыр. Тәрбие жүйесіндегі келелі істерге қазіргі кезеңде сананы рухани тоқыраудан алып шығатын, тазартатын күш ретінде қажетке айналдыру және де оны практикалық түрде іс--тәжірибеге жүзеге асыруда кезек күттірмейтін мәселенің бірі. Шәкәрім шығармаларындағы адамның рухани жетілуін Абай мұраларындағы адам мәселесі туралы жазылған ойларымен ұштасатын тұстарын қарастырғанда тәрбиелік, тағылымдық жүйеге назар аударып, зерттеу жұмыстарын жүргізілуі тиімді болмақ. Тәрбие жүйесінде адамның ішкі әлемі жайлы жазылған екі ойшылдың көрсеткен бағыттарын негізге алуымыз қажет.

Жастар тәрбиесінде ішкі құндылықтарды түсіндіріп, оның адамның мәнді өмір сүруі үшін негізгі тірек екендігін іс тәжірибеге арқылы күнделікті іс-әрекетте жүзеге асырудың жолдарын қарастырғанымыз жөн. Күнделікті іс-әрекетте, оқу процесінде Абайдың қара сөздеріндегі негізгі ойларды студент жастарға түсіндіре отыра, оларға сабақ барысында өздеріне тікелей жұмыс жасату арқылы меңгертуге болады. Біріншіден, Абай қара сөздеріндегі негізгі ойларды схема арқылы түсіндіріп, ұстаздың жіті қадағалауымен өздерін ойландырып, жекелей тапсырма беріп, түйген түсініктерін схема арқылы жасауды үйрету. Студент қара сөздердегі түйінді ойларды өзі жасайды, алайда оған білікті ұстаздың демеп, жол көрсетуі маңызды. Сонымен қатар, өлеңдері мен поэмаларындағы сол ұсынып отырған тақырыпқа сәйкес келетін жерлеріне де баса назар аударту да маңызды.

Екіншіден, студенттің өзіне тапсырма беру арқылы әрқайсысының ерекшеліктерін ескере отырып, схема, плакат, слайды жасауды ұсыну. Плакат жасаудың тиімділігі зор. Себебі, студент өзі іздену арқылы, сол тақырыпты меңгере алады. Оны тағы да білікті ұстаз өзі қадағалауы тиімді. Абайдың адамның ішкі әлеміндегі дұрыстық пен түзулікті айшықтайтын құндылықтарды немесе кері әрекеттер туындататын құнсыздықтарды «адам болам десеңіз», «бес нәрседен қашық болу» қағидасындағы жақсылық пен жамандықтың ақиқаттық болмысын ашу мәселесін де жастар тәрбиесіне ықпалы зор. Осыған қатысты студенттерге «бес асыл істің» адамның қалыптасу процесінде үлкен мәні бар екендігін түсіндіріп, нақты көз алдарына схема, слайды, плакат түрінде көрсетіп, көрнекіліктің маңыздылығын арттыруға болады. Абай адамның ішкі мазмұнының жақсы сапалар арқылы жетілдірудің табиғатын ашады.

«Бес нәрседен қашық бол,
Бес нәрсеге асық бол –
Адам болам десеңіз.»

Абай «адам болу» қағидасын бес асыл істі жүзеге асырумен байланыстырады. Ол үшін ең алдымен адамға зиян «бес нәрседен қашық болу» керектігіне айрықша назар аудартады.

Абай «адам болу» қағидасында иман мәселесін алдыға қояды. Абайдың он үшінші қара сөзінде: «Иман» – барлық адамшылықтың бастауы. Иман бар адам жайлы: «Енді мұндай иман сақтауға қорықпас жүрек, айнымас көңіл, босанбас буын керек екен», - дейді ойшыл/1, 23/.

Абай шығармашылығындағы өзін-өзі тәрбиелеумен айналысудың маңыздылығы адамның өзінен-өзі есеп алудан басталатындығын студенттерге әрбір сабақта нақтылап отырудың да әсері күшті. Адамның өз-өзіне дұрыс көзқараспен қарап, өзіндік баға беру, өзіндік бақылау қажеттілігін де студент жастар есте сақтауға тиіс. Абайдың қара сөздеріндегі адам болу идеясы жастар тарапына, жастардың санасына сіңіріп, жұмыс жасау үшін бірқатар ізденістер қажет.

Қазіргі жаһандану кезеңінде ақпараттық ағыстың күштілігі адам санасына кей уақытта кері әсер беретіні анық. Абайдың қара сөздеріндегі адамның өзінен «есеп алуы», ұят, иман,сабыр, әділет, қанағат, рақым, мейірім,махаббат, талап, ар, намыс т.б. құндылықтардың негізгі рухани қуат беретін ұстаным екендігі сөзсіз. Әрбір қара сөздеріндегі адамгершілікке үндейтін ойларды жастарды өзін-өзі тәрбиелеу үшін ең алдымен адам болмысының жан мен тәннен тұратындығын, әрқайсысының өзіндік іс әрекеттері барлығын нақтылайтын Абайдың жетінші қара сөздеріндегі ойларымен таныстырып, назарларын аударып, терең түсіндіруге болады. Жетінші қара сөзінде: «Жас бала анадан туғанда екі түрлі мінезбен туады: ішсем, жесем, ұйықтасам деп тұрады. Бұлар – тәннің құмары,бұлар болмаса,тән жанға қонақ үй бола алмайды. Һәм өзі өспейді, қуат таппайды. Біреуі –білсем екен демелік. Не көрсе соған талпынып, жалтыр –жұлтыр еткен болса, оған қызығып, аузына салып, дәмін татып қарап, тамағына, бетіне басып қарап, сырнай – керней болса, даусына ұмтылып, онан ержетіңкірегенде ит үрсе де, мал шуласа да, біреу күлсе де, біреу жыласа да тұра жүгіріп, «ол немене?» , «бұл немене?» деп, «ол неге үйтеді?», «бұл неге бүйтеді?»деп,көзі көрген, құлағы естігеннің бәрін сұрап, тыныштық көрмейді. Мұның бәрі – жан құмары, білсем екен, көрсем екен, үйренсем екен деген» /1, 18/. Осы жоғарыда айтылған нақты дәлелді ой—тоқтамға келсек, студент жасқа ойшылдың нақты көрсетіп отырған бағытын схемамен талдауға болады. Себебі, айтылған ойды

дәлелді көрініспен көрсетудің студентке әсері молырақ болады деп есептейміз. Абайдың адам жайлы түсінігі мен тәрбиесін анықтауда осы жетінші сөзін негізгі тірегі ретінде қарастыруымызға болады.

Адамды Абайша түсіну адамзаттық гуманистік ойдың биік шыңы. Себебі, Абай адамның ішкі болмысындағы рухани құндылықтарды бірінші орынға қойып, жете зерделейді. Осы құндылықтардың негізінде адамның рухани ішкі әлеміндегі жетілу мәселесін күн тәртібіне қояды. Абай адамның ішкі жан-дүниесінің реттілігін, қалыпты жағдайда болуының, ішкі әлемінің мәдениеттілігін сақтаудың жолдарын көрсетіп, адам болмысының этикалық қырына баса назар аударады. Абайдың негізгі ұстанған бағытындағы этикалық қағида— «адам болу». Бұл қағида ақынның шығармашылығының негізгі өзегіне айналған. Абай адамның өмірінің мәнін, оның міндеті мен мақсаттарын, рөлін жоғары бағалап отырады. Ақын өз дүниетанымында адамды адамшылықтың, ақыл-ойдың, білімділіктің, еңбексүйгіштік, адалдық, ұят, иманның, махаббаттың, әділеттің тұрғысынан жинақтап, танытады. Міне, осы образ арқылы адамның ішкі әлемінің тұтас картинасын береді. Осы бағытты жастар тәрбиесінде ұтымды жүзеге асыруымыз қажет.

Абайдың «адам болу» идеясындағы құндылықтардың легін сараптап, бір ізге түсіріп, жинақтап, іс-тәжірибе негізінде студенттерге схема, плакат, слайдымен көрсетіп, оны өздеріне ойландырып, мысалдар негізінде түсіндіріп, үйрету де тиімді. Абай, Шәкәрім шығармашылықтарында адам болмысы мәселесін этикалық аспектіде қарастырады. Олар адам тәрбиесі мәселесін «ар, ұждан» туралы этикалық тұжырым тұрғысынан зерделейді. Олар ұстанған этикалық феномендер: «ар», «ұждан», «әділет», «рақым», «иман», «ұят», «ынсап», «қанағат», «мейірім», «сабыр», «сақтық», «талап», «ақ жүрек», «ақ ниет», «жылы жүрек», «ыстық қайрат», «адал еңбек», «арлы ақыл», «намыс», «шыдам», «шыншыл», «харакет», «терең ой», «адалдық», «махаббат», «таза ақыл», «шын таза жан», «қайырымдылық» т.б. Осы құндылықтардың мәнін аша отыра, даналар адам болмысын жетілдірудің негізгі жолы: «ар ілімін» және «толық адамды қалыптастыру» деп есептейді. Абай мен Шәкәрімнің философиялық—этикалық көзқарастарынан ұлт тәрбиесіне зор ықпал жасайтын пікірлерді көптеп, табамыз. Адамның рухани жетілуі, оның ғылым мен білімді терең игеруіне байланысты. Қоғамның игілігі ғылымның жетістіктерін игеруге тәуелді. Білім мен ғылымды игерген жұрт қана адамгершілік пен мораль принциптеріне жауап беретін ойлау жүйесін меңгере алады. Ұлттық тәрбие мәселесінде «ар ілімі», «толық адам» концепциялары адам тәрбиесін жақсартатын игілікті іске тірек

болары сөзсіз. Біз осы мәселені әуелі қалай жүзеге асыруымызға болады деген мәселе төңірегінде жұмыс жасауымыз қажет сияқты.

Абайдың он жетінші қара сөзіндегі «ақыл», «қайрат», «жүрек» сапаларының айқындалуыда үлкен бір жетістік. Себебі, адамның болмысына тікелей ықпал ететін бұл үштіктің ролі айрықша. Абай бұлардың әрқайсысының сапалық қасиетін ашып, адам болмысындағы мәнін түсіндіреді. Ойшыл осы үштіктің қасиетін, құрамын, сапасын ерекше тәсілмен береді. Үшеуі өз қызметін сұхбаттасу арқылы көрсетеді. Бұл әдіс адамның түсінігіне тез әсер етеді және ұғынықты. Осындағы «ақыл», «қайраттың», «жүректің» қызметін студент жастарға түсіндіре отыра, көрнекілікті пайдаланудың да тиімділігі зор. Осы тақырыпқа сәйкес студенттің ынтасын, ықыласын Абайдың өлеңдерімен салыстыра отырып, түсіндіруде әсерлі болады.

Ұлттық тәрбиенің маңыздылығына назар аударсақ, алдымен жастарға адами қасиеттердің ролін, оның адам өмірінің мәнді болуына ерекше ықпалы бар екендігін, қоғамның барлық сфераларында еңбек еткенде, сонымен қатар, ең бастысы күнделікті қарым-қатынаста қажет екендігіне баса көңіл аудартқанымыз жөн. Осы құндылықтарды бойға сіңіріп, қастерлеу арқылы, өз өмірімізді жақсарта алатынымызға, сыйластыққа, мәдениетке жетісіп, жарқын өмір сүруге болатындығын айғақты дәлелдермен түсіндірген абзал. Себебі, Абай, Шәкәрім мұраларындағы адам тәрбиесіне қатысты ой-түйіндердің дені көпшілігі адам сапасын танытатын қасиеттердің мәнісін, қызметін уағыздап, адам тәрбиесінің маңыздылығын насихаттайды. Міне, осы қасиеттер адамның «адам болу» қабылетін жетілдіретін рухани сапалар болып табылады. Белгілі дәрежеде осы сапалардың әрбірін жекелей қарастырсақ, әрбірінің қазіргі біздің әрқайсымыздың ішкі әлемімізді меңгеруге ішкі қалпымызды дұрыстауға қажетті құндылықтар. Құндылықтардың сапасы, сипаты, қызметі, табиғаты, мәні тек қана адамның болмысымен ғана танылады. Осы құндылықтарды іс-тәжірибеге айналдырып, жүзеге асыру үшін, педагогикалық ұжымдардың студент жастармен бірлесіп, жұмыс жасауы маңызды.

Абай отыз бірінші қара сөзінде адамның өзін-өзі тәрбиелеуі үшін қандай істерді көкірекке байлауы керек, оны қалай дамытуы қажет және неден сақ болуы керек екендігін нақтылайды. Жақсы игі істі атқару үшін ең алдымен «ой кеселдерінен» сақтана білуіміз қажеттілігін түсіндіреді. Жастарды Абайша тәрбиелеудің қазіргі кезеңде тиімділігі зор. «Ой кеселдері» - уайымсыздық, салғырттық, ойын-күлкішілдік, қайғыға салыну. Осы кеселдер ХХІ ғасырда адамзат баласын жайлап алған індет.

Абай сақтандырған кеселдерді жою адам табиғатын жақсартары сөзсіз. Ұлттық тәрбие - адам тәрбиесінен басталатыны айқын. Ұлттық тәрбие адам тәрбиесіне ықпал ете отыра, тұтас қоғам үшін пайдалылығы мен қажеттілік негізі жас ұрпақты тәрбиелеудегі тәжірибелік және әдістемелік істердің нәтижесін жүзеге асыруы қажет. Қоғамның қай саласында болмасын тәрбиенің бұл бағытын жолға қойсақ, қоғамның дұрысталуына игі ықпалы болатындығы сөзсіз. Себебі, бұл мәселені Абай да, Шәкәрім де «адам түзеу» деген қағидадан бастаған. Ойшылдарымыздың «адам түзеу» қағидалары адамның жан әлемін дұрыстау, жан азығы, жанды жетілдіру деген мәселелер арқылы өрбиді. Олар өз еңбектерінде осы мәселелердің мәнін ашқан. Жас қауымға тәрбие бергенде үнемі Абай, Шәкәрім мұраларының терең философиялық көзқарастарын, олардың адамтану мәселесін жоғары қойғандығын, адамгершілік, рухани даму белгілерін оқытуды, адамның рухани жетілуінің негізгі принциптерін, эстетикалық мәселелер мен адамның ой-санасын жетілдіруге арналғанын түсіндірген жөн. Адам болмысының жан мен тәннен тұратындығын, олардың әрқайсысының өзіндік қызметін дәл Абай мен Шәкәрім бағытында тәрбиелеу, түсіндіріп, ұғындыру жас жеткіншектің өзін, танып түсінуіне жол ашары айғақ.

Жастардың Абай мен Шәкәрім тәрбиелік мұрасын түсінетіндігі және оған ерекше ден қоятындығы күдік тудырмайды. Жас ұрпақ адам мәселесінің маңыздылығын және ұлт тәрбиесінің қажеттілігін ақындар шығармаларындағы адамгершілік, эстетикалық және әлеуметтік мәселелерді таңдау арқылы сезінеді және түсінеді. Абай мен Шәкәрімнің ойлары мен идеяларын жастар өз бойындағы ізгілікті сапалар мен қасиеттерді жетілдіруге және жаңғыртуға пайдаланады. Ұлт ұстаздарының қағидалық ұсыныстары адам тәрбиесін жаңа сапалық деңгейге көтеріп, халықты кемшіліктер мен жаманшылықтардан құтқаратын “ рухани нәрі ” болып қала береді.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Абай. Қара сөздері. – Алматы: Өнер, 2010.–
2. Ш.Құдайбердиев.Шығармалары.– Алматы:Жазушы, 1988.–541б.

ЭТНОПЕДАГОГИКАДАҒЫ ТӘРБИЕНІҢ ТАРИХИ-ЭТНОЛОГИЯЛЫҚ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Аннотация

Мақалада этнопедагогика ғылымындағы тәрбие үдерісінің тарихи-этнологиялық ерекшеліктері қарастырылады.

В статье рассматриваются этнолого-исторические особенности процесса воспитания в этнопедагогике.

Annotation

This article touches upon some historical-ethnic peculiarities of educative process in ethno pedagogical science.

Түйін сөздер: қазақ этносы, архетип, артефактор, этножасаушы белгілер, этностық қарым-қатынас мәдениеті, этностық бірлік.

Қазақтың этнос болып қалыптасуы барысында жинақталған материалдық мәдениет жетістіктері ұрпақтан-ұрпаққа үздіксіз беріліп, өткен дәуірдің архетиптер құндылық жиынтығы ретінде мәдени мұраға айналды. Оған: алғашқы қауымдық құрылыс кезеңінің археологиялық қазбаларынан бастап, ежелдегі шаруашылық-рухани қызметтері, жазбаша ескеркіштері, аймақтық, жалпы әлемдік рухани үрдісі және осы күнге дейін сақталған әдет-ғұрып пен дәстүрлер құрылымы жатады.

Ол туралы Қазақстанда «Ұлттық негіздерді жаңғырту» идеясы бойынша (ҚР 2009 жылғы 16.03.№158 қаулысымен) бекітілген «Мәдени мұра» стратегиялық ұлттық жобасының 2009-2011 жылдарға арналған іс-шаралар жоспары мен ҚР Президентінің (2010 жылғы 07.12.№1118 Жарлығымен) бекітілген «Қазақстан Республикасы білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған Мемлекеттік бағдарламасын» іске асыру кезеңдерінің мақсат, міндеттері айқындайды. «Мәдени мұра» әлемдік ғылыми ой-сана тұрғысынан қазақ дәстүрлі мәдениетінің түпнұсқалар архетиптері негізінде гуманитарлық білім берудің мемлекеттік тілдегі толыққанды қоры мен біртұтас жүйесін құруды көздейді. Қазақ халқының мәдени мұраға деген көзқарасы мен қатынас сипаты қазіргі қазақ қоғамының күзірілеттігінің әлеуметтік-саяси деңгейін көрсетеді /1/.

Әр ұлттың өзіне тән өмір сүру тәсілі, тіршілік кәсібі, сөйлеу тілінен, діни-наным сенім, әдет-ғұрпынан, салт-санасы мен дәстүрінен, ойлау жүйесінен айқын көрініс табатын, тарихи мәдениеті бар. Сондай-ақ, ұлттық мәдени ерекшелік халықтың, этностық психологиясынан өзекті орын алады. Осы тұрғыдан қарағанда, қазақ халқы өзінің тәрбиелеу, дүниетаныту жүйесін тарихи-әлеуметтік жағдайға сәйкес, көшпелі және отырықшы тұрмысқа байланысты, өзінің ұлттық (этностық) мәдени ерекшеліктерін дамытып қалыптастырады. Этнопедагогика – педагогикалық білімнің интегративті

саласы ретінде пәнді оқыту әдістемесіндегі тәрбие ерекшеліктері қазақ мәдениетін, салт-дәстүр, мәдени архетип және психологиялық даралығын сипаттайтын: этнопсихология, этнопедагогика, этнография іргелі ғылым салаларында жатыр. Ендеше қазақ халқының ұлттық тәрбиесіндегі ерекшелік қандай, олар қайда көрініс тапқан деген сауалға жауапты бай тарихи мәдениетімізде жатқан тәжірибемізге сүйене отырып іздейміз. «Рухани мұраға сүйенбеген елдің жұлдызы жанбайды» демекші бабалардан қалып отырған мәдени-мұраларды, халқымыздың өсиет-өнегесін, дәстүрін, таңғажайып тапқырлығын, бүгінгі ұрпаққа тәлім-тәрбие беретіндей, ғасырлар қойнауынан сыр шерткен асыл мұраларды аталған ғылым салары негізінде қарастырып көрелік. Қазақ халқының этностық ерекшелігін ұлттық психология тұрғысынан алғанда ол халықтың шынайы, мінез-құлығы мен ұлттық психикасынан көрінеді және сананың барлық формаларымен (саясат, құқық, мораль, дін, ғылым, өнер, философиямен) байланысады.

Төл этностың саяси дамуын зерттеуші ғалым Р.С.Арын қазақ этносын қалыптастыратын этножасаушы белгілерді: қазақтың ортақ атамекені, ортақ мемлекетін, ортақ тілі мен ділі, ортақ әдет-ғұрпы мен салт-дәстүрі, ортақ менталитет, ортақ тарихи тағдыры мен психологиялық ерекшелігі, ортақ этногенетикалық тегінің болуын атауға тұрарлық деп көрсетеді. Ғалымның зертеуінде көрсетілген этножасаушы белгілер нақты қазақ этносының ұлттық психологиялық құбылыстарының қалыптасуы барысында әсер ететін факторлардың бірі ретінде ұзақ дамудың нәтижесін береді. Олар: этностық бірліктің тарихи дамуы; этностық бірліктің саяси-әлеуметтік және экономикалық дамуы; этностық бірліктің жасы; ұлтаралық қатынастар; этностық бірліктің мәдени дамуы; этностық бірліктің тілі мен жазуы.

Кесте-1.

<ul style="list-style-type: none"> Қазақ этносының ұлттық психологиялық құбылыстарының қалыптасуына әсер ететін факторлар этностық қатынастар мен этностық қозғалыстарды зерделейтін саясаттану, философиялық-әлеуметтану, мәдениеттану, тарихи-этнологиялық, психология-педагогикалық зерттеулер негізінде қарастырылған. 		
Этностық психологиялық қалыптасуына әсер	этностық бірліктің тарихи дамуы;	Ұлттық психиканың көрінісі мен қызметі, оның ерекшеліктерінің туындауы сыртқы және ішкі атрибуттармен анықталады
	этностық бірліктің саяси-әлеуметтік және экономикалық дамуы;	Ұлттық психика мінездеме ерекшеліктері қалыптасады, себебі бұл ерекшеліктер қоғамдық және өндірістік қатынастарға тәуелді. Бұлардың ерекше көріністері әр мемлекеттегі этностық бірлік өкілдері санасының дамуына ерекше белгі қалдырады.
	этностық бірліктің жасы;	Ұлттық психикасының ұзақ қалыптасу куәгері, оның даму келешегінің болашағы немесе деградациясы.

	ұлтаралық қатынастар;	Ұлтаралық қатынастардың сипаты және ондағы тарихи дәстүрлер ұлттық және өзіндік санаға, басқа ұлтқа қатынасындағы сезім көріністерінің динамикасына әсер етуі.
	этностық бірліктің мәдени дамуы; (оның мәдениетінің тұтастығы)	Ұлттық психикасының негізгі сапалық мінездемесі олардың қоршаған әлемді арнайы эстетикалық, моральдық және адамгершілік тұрғыда қабылдауы басқа әлеуметтік өкіл топтарының қатысуына әсер етуі.
	этностық бірліктің тілі мен жазуы	Әрбір өкілдердің ойлау ерекшеліктерін дүниетанымының кеңдігін, түрлілігін, өз өмірінің ерекшеліктеріне көзқарасын анықтайды.

Әлеуметтік-экономикалық, саяси факторлар көрсеткендей этникалық негізде қазақ елінде алыс, жақын көршімен татулықта болу түсінігін ежелден қалыптастырған. Олар қоғамдық-өндірістік жүйедегі тарихи анықталған орны ұлттық психологиясы бойынша ерекшеленеді:

- қажеттіліктері,
- қызығушылықтары,
- құндылық бағдарлары,
- рөлдік түсініктері,
- мінез-құлық нормалары
- әлеуметтік-психологиялық құбылыстары /2/.

Қазіргі Қазақстан 130-дан астам әртүрлі этнос өкілдері үшін өзі өмір сүретін ортақ Отанына айналған. Әр ұлттың өз мәдениеті, тілі, салт-дәстүрі сақталған еліміздің этноәлеуметтік жоспарында – этностардың тең құқылы саяси қоғамы өзіндік орнын белгілеген. Бүгінде Қазақстанның этносаралық келісімді қамтамасыз ету саласындағы тәжірибесі бүкіл ЕҚЫҰ-на мүше елдерге үлгі ретінде, этносаралық қарым-қатынас мәдениеті біздің осы беделді Ұйымдағы төрағалығымыздың басты алғышарттарының біріне айналып отыр. Осыған орай, қазіргі таңда ауыспалы кезеңде тұрған біздің көпұлтты қоғамның дамуы мәселелері кешенінде ұлтаралық қарым-қатынас мәдениеті айрықша әлемдік маңызды орынға ие. Әр ұлттың өкілдері бір шаңырақ астында бейбітшілікте өмір сүріп отырған көрінісін Елбасының биылғы Президент Н.Ә.Назарбаевтың Қазақстан халқы Ассамблеясының XVI- сессиясында сөйлеген сөзінде: «Қазақстан халқының этностық және мәдени саналуандығы мен төлтумалығын сақтауға байланысты жаңа қадамдар іздеген жөн», - деген айқындаған еді. Сол себепті, ұлтаралық қатынастарды жетілдірудің өзекті мәселелерінің бірі ұлтаралық қарым-қатынас мәдениетін қалыптастыру және дамыту, оған тәрбиелеу мәселесі болып табылады. Бұл қазіргі таңда білім беру жүйесінде этнопедагогика ғылымының теориялық және тәжірибелік оқыту әдістемесін толыққанды қамтамасыз етуге ерекше назар аудару қажеттігін көрсетеді /3/.

Қоғамдық қатынаста әр этностың өз ұлттық ерекшеліктеріне сәйкес тәлім-тәрбие жүйесі қалыптасқан. Қазақ этнопедагогикасының ғылыми-теориялық алғышарттары: *этнопедагогика* – белгілі бір халықтың, ұлттық ерекшеліктерін айқындап, оның өмір тәжірибесі арқылы тәлім-тәрбиелік, дүниетанымдық құралы ретінде қалыптасқан ғылым екендігін ескерсек, ол этнопедагогикалық ойларға негізделген тәрбиеге байланысты жүйеленіп тұжырымдалады. Қазақ этнопедагогикасы ғылымының алғышарттарының бірі ретінде айқындалған: қазақ ұлтының болмысындағы имандылық, өнерпаздық, ақындық, шешендік, қонақжайлылық, қайырымдылық, тәлімдік қасиеттерді, оның ауыз әдебиеті, салт-дәстүр сияқты тәрбиелік құралдарын, оқу тәрбие ісінде қолданылатын құндылыққа айналдырамыз. Өйткені ұлттық мәдениет ұлттық тәрбие арқылы қалыптасады. Қазақ халқының ұлттық мәдениетінің тарихи мәнін білмей тұрып, болашақты болжай алмаймыз. Халықтық педагогиканың үлкен бір саласы мәдени мұра және тәрбие негіздерінің бірі ауыз әдебиеті болып саналады. Ертеден қазақ жұрты тұспалдап, мақалдап, мақамдап, тақпақтап сөйлеу өнеріне жақын болған, жыр, терме, айтыс сияқты сөз өнерін асқақтата қадірлеген болатын. Ақын, жырау, термешілердің өлең, жыр, дастан, терме, толғауларының мазмұнына ой жүгіртсек, онда дидактикалық, ақыл-өнегенің тұнып тұрғанын байқаймыз. Олар сол тіл арқылы ненің жақсы, ненің жаман екенін сездіріп, келер ұрпақты неден аулақ, неге ынтық болуын баулып өсіруді мақсат етеді. Осымен байланысты төрт түлік малға арналған мақал-мәтел, ертегі-әңгіме, жаңылтпаш, жұмбақтардың қазақ ауыз әдебиетінде орасан көп болуы, мал атауларының молдығы, бір жағынан, ұлттық психологияның тілдегі көрінісі болып табылса, екіншіден, фольклорлық шығармалардың этнопедагогикада тәрбие құралы ретінде қызмет еткенін байқатады. Ақыл-ойға, терең тәлімге құрылған поэзиялық сөз маржанынан ұлттық ойлау ерекшелігін, мәдени мұраның өзіндік сипатын айқын танып білуге болады. Бұл қазақ халқының ерекшелігі – психологиялық ой толғанысында екендігін көрсетеді. Қазақ билерінің шешендік сөз өнері Еуропа шешендерімен салыстырғанда мүлде өзгеше сипатта ұлттық мәні бар сөз қолданыстарымен көрінеді. Мысалы, қаз дауысты *Қазыбек бидің* «Ешбір дұшпан басынбаған елміз, басымыздан сөз асырмаған елміз». «Біз қазақ деген мал баққан елміз, бірақ ешкімге соқтықпай жай жатқан елміз. Елімізде құт-береке қашпасын деп, жеріміздің шетін жау баспасын деп, найзаға үкі таққан елміз» деген сөздері досына адал, жауына айбынды қазақ халқының шынайы мінездемесі, нағыз толеранттық мінез-құлық көрсеткіші. Ол туралы шешендік қазақ халқының бойына біткен табиғи қасиет екенін шығысты зерттеуші ғалым, академик *В. Радлов* ауыз әдебиетінің шығу тегіне, тәлімдік мәніне терең тоқтала келе: «Қазақтар нақтылы сөйлеуді бар өнердің алды деп білді, сондықтан да олардың поэзиясы дамудың жоғары сатысына жеткен» - десе, саяси сенімсіздігі үшін қазақ даласына жер ауып келген поляк офицері *А. Янушкевич*: «Қазақтардың ойлау қабілеттілігінің кереметтігіне мен барған сайын көзім жетті. Сөз дегенде ағып тұр. Бұл жағынан алғанда оларды Батыс Азияның француздары деуге болады. Өзіне жоғарыдан менсінбей қарайтын халықтар арасынан бұл

көшпенділердің де құрметті орын алатын кезі келді»-деген пікірлер айтылады Ақын-жыраулардың дүние ағымы мен философиялық бағыттары жайлы әрі ғалым, әрі ақын Ә. Тәжібаев: «Асанқайғы, Қазтуған, Шалкиіз, Бұқарлар айтқан толғаулардың бізге жеткен бөліктеріне қарап отырсақ, тыңдаушысын теңіздей шайқайтын терең ойлардың толқынында жүзгендей сезінеміз. Кейде жақыннан, кейде алысқа меңзеулер, әлдеқайда біз біле бермейтін арнаулы сөздерден жаралады да, өмір, тарих, қоғам, адам, тағдыр жайлы ғажайып топшылаулар, толғау-түйіндер айтады» - дейді. Бұл пікір XV-XVIII ғасырлардағы жыраулардың дүниетанымы жөнінде өте орынды айтылған әділ баға Ғалымдардың пікірінен қазақ ауыз әдебиетін жасаушы да, оны қастерлеп жадында сақтаушы да, келер ұрпақты тәрбиелеу құралы ретінде қолданушы да ақын-жыраулар болғанын, олар өздерінің жыр маржанымен жастардың сана-сезімін тәрбиелеп жетілдіруде қоғамдық тәрбиешілердің рөлін атқарғанын аңғарамыз

Қазақтың ұлттық тәрбиесінің тағы бір танымдық ерекшелігі – атамекен, ел-жұрт жөніндегі көзқарасынан бастау алады. Мәдениетті деп саналатын кейбір жұрт өкілдері туған жерін отаным деп есептемейді. Өскен, кәсіп еткен жеріне отаным деп қарайды. Ал біздің қазақ жұрты кіндік қаны тамған жерін, ата-баба әулетінің мәйіті жатқан жерді ерекше қадірлейді. Оны тастап кетуді өлім санайды. Ақындардың «Кіндік қаным тамған жерім – ауылым» деп әндетуінде, «Отан-оттан да ыстық» деп жырлауында, туған елдегі табысына масаттанып, қадірін білген, елін сүйген ерін мадақтап «Өзге елде сұлтан болғанша, өз елінде ұлтан бол» деп мақал айтуында қазақ ауыз әдебиетінің шексіз сауаттылығын дәлелдейтін терең ғылыми философиялық танымдық ойлар жатыр.

Қазақ халқының этникалық құрамын, шығу тегін, ұлттық психологиялық ерекшелігін айқындайтын сала, оның ана тілі. Ақын педагог *Мағжан Жұмабаев* айтқандай қазақ тілі «түркі тілдерінің ішіндегі ең бай тіл». Яғни этностық болмысты айқындайтын ұлттық тіліміз әлемдегі алдыңғы қатарлы тілдердің санатына жатады деп бағалаған. Халыққа білім беру саласында қазақ тілі табиғатын, араб алфавитінің үлгісін, терминдерін, қазақ тілін оқыту әдістемесін алғаш рет ғылыми айналымға енгізіп, қазақ мәдениетіне қомақты үлес қосқан көрнекті педагог, қоғам қайраткері *Ахмет Байтұрсыновтың* этнопедагогика ғылымында алатын орны ерекше /4/.

Қазақ тіл білімінің қалыптасуымен дамуына елеулі үлес қосқан, қазақ диалектологиясының негізін салған белгілі түркітанушы-тіл маманы, ғалым *Сарсен Аманжолов*. Ғалым қазақ әдеби тілінің тарихын зерттей келе, қазақ тілінің үш диалектісінің фонетикалық, грамматикалық және лексикалық ерекшеліктерін қарастырады. *С.Аманжолов* қазақ тілі диалектологиясындағы тарихи теориялық мәні бар өзекті мәселелерді алғаш рет ғылыми деңгейге көтеріп қана қоймай, ең алдымен қазақ халқының этностық шығу тегін, қазақ халқыны және ондағы тайпалар мен тайпалық одақтарға тікелей қатысты көне жазба ескерткіштерді, этнографиясын, антропологиясын зерттеп алу қажеттілігін анықтады /5/.

Қазақ халқының этностық философиясының келесі ерекшелігі – халық мәдениетінің ұлттық базисі болып есептелетін көшпелі өмірмен дәстүрлі тәрбие сабақтастығын үзбеген этнография ғылымы. Ежелгі дәуір мен орта ғасырдағы қазақтың этнос ретінде даму заңдылықтарын, негізгі кезеңдерін зерттейтін саласы болып саналады. Этнография қазақ халқының ұлт болып қалыптасуынан бастап, өркениеттілікке дейінгі ежелгі мәдениеттердің жалпы сипаттамасы екенін ескерсек, мәдени архетиптерді қайта жаңғырту аясында археологиялық қазбалардан табылған артефактілер арқылы патриоттық, эстетикалық тұрғыда берілетін тәрбиенің орны ерекше. Соның қатарында Орталық Қазақстанды қоныстанған этностар мәдениетін, тұрақтарын, ескерткіш кешендерін алғаш зерттеп ғылыми айналымға енгізген этнограф ғалым, академик *Ә.Марғұлан* болды. Қазақтың материалдық мәдениет тарихы тараған аймақтардың шекарасын анықтау мақсатында жүргізілген археологиялық қазба жұмысына *А.Оразбаев, Қ.Ақышев, М. Қадырбаев*, т.б. этнограф ғалымдар өздерінің елеулі үлестерін қосты. Мәселен 1969 жылы Қ.Ақышевтың жұмысында Алматы облысы, Есік қорғанынан, темір дәуірінен сақталған сақ обасынан табылған алтын киімді адам сол кездегі сақтарда қалыптасқан өркениет болғандығын дәлелдейді. Қазіргі кезде алтын адам – Қазақстанның тәуелсіздік символы болып табылады /6/. Демек, ғалымдардың қосқан үлесі тұрғысынан қарастырсақ этнография – қазақтық этностық бастау сатысында өткізген көшпелі өмірін, рухани іс-әрекетін, материалдық мәдениетін, мінез-құлық жүйесін жалпылама анықтайтын ғылым ретінде, жастарға өз мәдениетін еркін дамытуға мүмкіндік беретін негізгі тәрбие құралы болып саналады. Егемендікке қол жеткен Қазақстан – көпұлтты тұрғындар құрамы басқа елдерден көшіп-қонып келген адамдар арасындағы қарым-қатынас мазмұнында құрылғандықтан, сол көпұлтты мемлекетте өркениеттік тарихи мұраға жауапты халық – қазақ халқы болып саналады. Себебі: этномәдени тұтастық және ұлттық сана республиканы мекендейтін өзге ұлттармен қарым-қатынас арқылы тікелей жүзеге асырылады. «Есте жоқ ескі заманнан жеткен мұраны бағалай білу, қастерлеу тектіліктің, кісіліктің, ізгіліктің көрінісі ғана емес, халықтың басқалардан айырмашылығын ұққаны, өзін-өзі сыйлағаны. Бүгінде жер басып жүрген халықтар 6 мың тілде сөйлейді екен. Жойылып, жоғалып кеткен этностарды есептемегенде, 6 мың халықтың төл мәдени қазынасы, мұрасы бар деген сөз. Осы тұста Қазақстанда тұратын барлық этнос өкілдерін біріктірудің шешуші факторы болып саналатын мемлекеттік тілді дамыту, барлық тілдер сақталуына жағдай туғыза отырып, оңтайлы үйлестіруге негізделіп жүзеге асырылып отыр. Осыған қарамастан, қазақ руханияты ыдырап, жоғалып кеткен жоқ және оны басқалардікімен шатастырып алу мүмкін емес» деген Х.Әбжанов еліміз көпұлтты мемлекет болғанымен мәдени мұранының түп нұсқаларын сақтай білген халық тарих сахнасында өшпейтінін айтады /7/.

Х.Әбжановтың пікірімен ойымызды тұжырымдасақ: «Рухани-мәдени қазынаның иесі де, киесі де нақты этнос болғанымен, сол мәдени мұраны сабақтастыратын этнопедагогикалық тәрбиелік алғышарттарды қазақтың

рухани және материалдық мәдениет жетістіктеріне негіздеп ұйымдастыру тиімділігін сауатты түрде жүзеге асыруымыз қажет».

ӘДЕБИЕТТЕР

1. «Мәдени мұра» стратегиялық ұлттық жобасының 2009-2011 жылдарға арналған іс-шаралар жоспары. -Астана, 2009 ж 16.03.№158
2. Арын Р.С. Төл этностың әлеуметтік мәртебесінің эволюциясы // Халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция «V Мәшһүр Жүсіп оқулары». – Повлодар: С.торайғыров атындағы ПМУ, 2006. -126-130 б.
3. Назарбаев Н.А. Тәуелсіз Қазақстан – біздің ең қымбат, ең асыл құндылығымыз. Қазақстан Республикасы Президентінің Қазақстан халқы Ассамблеясының XVI сессиясында сөйлеген сөзі //Егемен Қазақстан. 2010 жыл, 21 қазан.
4. Қазақтың тәлімдік ой-пікір антологиясы: Екінші том. Құрастырған: Жарықбаев Қ., Қалиев С. – Алматы: Рауан, 1998. -416 б.
5. Аманжолов С. Қазақ тілі диалектологиясы мен тарихының мәселелері. Оқу құралы – Алматы: «Сөздік-Словарь»2004, 536
6. Қазақ мәдениеті. Энциклопедиялық анықтамалық. - Алматы: «Аруна» ЖШС, 2005 – 656 б.
7. Әбжанов Х. Мәдениет, мәдени мұра және тәуелсіздік. «Қазақстан тарихы» журналы. -Алматы, №2, 2008 ж.

Л.Н.ДЕМЕУОВА

ҚАЗАҚ ХАЛҚЫНЫҢ ДҮНИЕТАНЫМДЫҚ КӨЗҚАРАСТАРЫ– ОҚУШЫЛАРДЫ ИНТЕЛЛЕКТУАЛДЫ ДАМЫТУДЫҢ АЛҒЫШАРТТАРЫ

Аннотация

В статье рассматриваются возможности использования материалов педагогики казахского народа (наставления, пословицы, поговорки, легенды и сказания и др.) в интеллектуальном развитии учащихся.

Мақалада қазақ халқының дүниетанымдық көзқарастары, мақал-мәтелдер, аңыз-әңгімелер арқылы оқушылардың интеллектуалды дамыту мәселелері қарастырылады.

Annotation

This article reveals the unique features and culture of the Kazakh people through the teachings proverbs, legends and stories. Also shows the possibility of their use in the educational process on the intellectual development of pupils.

Халық қателеспейтін өнегелік қабілетімен әрдайым бүгінгі күндегі педагогикаға сын көзбен қарай отырып, оның идеалдарына сәйкес келмейтін жаңашылдықтың барлығын жоққа шығарды. Отандық педагогикалық ойлардың тарихы тек халық қабылдауында болып, оның қолдауына ие болған педагогикалық идеялар ғана өз өміршеңдігін тапқанын дәлелдейді.

Қазіргі уақытта барлық оқу-тәрбие жүйесі халықтық педагогикаға негізделіп, қайта құрылып жатқанда, ұмыт қалған салт-дәстүр, ұлттық ерекшелігімізді насихаттау, баланың ауызекі сөйлеу тілін дамытып, олардың бойында ұлттық психологияны қалыптастыру – әрбір оқытушының міндеті деп білеміз. Халық педагогикасы – қазақ халқының ұлттық тәжірибелері мен тағылымдарының мол қазынасы. Сондықтан да оны оқыту-тәрбиелеу процесінде кеңінен пайдалану оқушылардың ой-өрісін, сана-сезімін, биік адамгершілік тұлғасын қалыптастыруға көп көмегін тигізеді.

Ұмыт болған салт-дәстүрімізді, халқымызға тән ұлттық асыл қасиеттерімізді қайта жаңғырып жатқан уақытта осы мұраларды педагогикамен ұштастыру басты мақсат. Осы міндеттерді шешудегі мәселелердің қайнар бұлағы, сарқылмас көзі – халықтық педагогика. Халықтық тәлім-тәрбиенің басты ерекшелігі өмірмен тығыз байланыстылығында. Ұлттық тәрбиенің тағылымының өскелең ұрпаққа берері орасан зор.

Бүгінгі таңда мектептегі жас ұрпақты ұлттық рухта тәрбиелеу мен оқыту барысында халқымыздың ұлттық мұрасын оқу-тәрбие ісімен сабақтастыру біздің басты парызымыз. Осы орайда халқымыздың ырым-тиымдары, қазақ елінің табиғат құбылыстарын, заңдылықтары мен олардың дамуы жайлы терең білімдерін оқыту процесінде үнемі пайдалануды қажет деп есептейміз. Қазақ елінің ырымдары мен тиымдары дүниедегі тіршілік атаулының анасы табиғат, адам баласының өсіп-өнуі де сол табиғат заңдылықтарынан туындаған деп планетадағы барлық тіршілік иесін бақылап, оның құбылуын, дамуын қадағалап, сырларын терең білгендігін дәлелдейді. С.Қалиев, Ә.Табылдиев, С.Ғаббасовтың т.б. ғалым-педагогтардың еңбектерінде халықтың көптеген жылдары жинақталған тәжірибесі жалпыланып жазылған. Онда табиғатқа тән құбылыстар мен үрдістер, олардың климатқа әсері жайында, аймақтың табиғи шарттары, жер өндірудің сипаты мен жериеленушілік туралы көптеген мағұлматтар жинақталған. Олардың тәжірибесі нақты метеорологиялық жағдайларды жақсы білумен және өзіндік төл халық медицинасының кейбір негіздеріне, мал дәрігерлікке, агрономияға қатысты негізделген /1/. Халық ырым-тиымдары бұл табиғат құбылыстарын тек констациялап, белгілеп қана қоймай, олардың дамуын болжап отырған. Тәрбиеге себепші күштер: табиғат, еңбек, тұрмыс, салт-дәстүр, өнеркәсіптер, дін, ана тілі, ұлттық ойындарды жастарға кеңінен насихаттаған. Мәселен,

қазақтың қариялары ай жаңа туғанда оған қарап тағзым етеді. Содан соң қолын көтере, алақанын жайып: «Ай көрдік, аман көрдік. Бақытты байлық заман көрдік. Амандықпен осынша жасқа келдік. Ескі айда есіркедің! Жаңа айда – жарылқа!» - деп бетін сипап, тілек етеді. Үлкендер: «Көкте тәңір бар, жерде әулие бар» - деп балалардың аяғын аспанға көтертпейді. Жазда алғаш жаңбыр жауса: «Дерт-дербезеден басымды аман сақта», деп, жалаңбастанып, жаңбырға басын төсейді. Күн күркіресе: «Ұлудың сайтан, ұрған шыбыртқысының дауысы», - дейді. Ал, ислам дінін уағыздаушыларша: «Күркіреген дауыс – Рағат дейтін көктегі періштенің үні». «Алланың жаудыраған жаңбырын жерге түсірмеймін деп, қанатын төсеген сайтандарды ол шыбыртқымен сабайды екен. Жалт-жұлт еткен найзағайдың оты-шыбыртқының сайтандарды ұрған көрінісі», - деп түсіндіреді /2, 45б/.

Жазғытұрым найзағай алғаш күркірегенде: «Алла ырыздығымызды молынан бер. Малымыздың желінен сау, сүтін молынан қыл» - деп шөмішпен айран алып шығып оны босағаға төгіп және үйдің жабығына жағады. Ақ сүт ең қасиетті, әрі киелі тағам саналады. Қазақ біреуді ұшықтаса да отқа ақ тамызады. Үйге кірген жыланды ақ құйып айдап шығу да киелі деген ұғымнан туған. От құдайдың адамға жіберген сыйы деп түсінген ертедегі ата-бабамыз оны да қастерлеп, киелі санаған. Жаңа түскен келін үлкен үйдің босағасын сәлем беріп аттағанда, алдымен отқа май салады. Келіннің үлкендерге әкелген сыйлығын «отқа салар» деп атайды.

«... Жазға салым бие байлап қымыз ашытқанда қазақтар киіз үйінен шығып келе жатқан күнге қарап, алғашқы қымызды соған қарай шашады. Көгеріп тұрған шөпті таптауды, жұлуды құдайға қарсылық әрекет деп білген» /2, 46б/.

Табиғаттың қыры мен сырына ерекше назар аударған, одан тағылым алған халық емшілері жануарлардың емдік қасиеттерін де байқап тәжірибеде қолданған. Мысалы, күйкентайдың ұясын, борсықтың терісі мен майын - өкпе ауруларына, иттің жүнін құлғана ауруына, құрбақаны «ақауыз» деп аталатын жараға ем ретінде қолданған.

Сондай-ақ тобылғының майын теміреткі мен сүйелге алаботаның сабынын қотырға қарсы қолданса, қынаны бояу ретінде пайдаланған /2, 48б/.

Табиғат құбылыстарынан айналып келіп отыруын – күн мен түннің, жыл мезгілдерінің, ай жаңалануын алмасып отыруын мұқият бақылап, есептеп ұғынудың қазақ халқының шаруашылық өмірі үшін орасан зор тәжірибелік маңызы болған. Қазақтар осы есеп арқылы жайлауға қай уақытта көшу, күзеу және қыстауға қашан келу, қой мен қозыны қай уақытта қырқу, қашан күйек алу, қай мезгілде мал төлдету, соғымды қашан сою, егінді қай мезгілден

бастап салу, шөпті қашан шабу сияқты шаруашылық мезгілдерін тап басып, белгілеп отырған.

Табиғат құбылыстарының өзгерісін жұлдызды, аспанды бақылаудан туған, халықтың көп жылдық тәжірибесінде жинақталған астронимиялық түсініктер мен білімдер негізінде байырғы қаздақ күнтізбесі жарыққа шықты.

Қазақ арасында тәжірибе метеорологиясымен және уақыт есебімен шұғылданатын арнаулы есепшілер болған. әр айдағы ауа райының шұғыл өзгерістерін, кезеңдерін, амалдарын есептеп, жұртқа алдын-ала хабарлап отырған.

Қазақ қауымы негізгі планеталардың жағдайын жақсы білген. Олар жайында өлең-жыр, сан алуан аңыздар шығарған. Қазақтардың жұлдыздарға қойған аттары да өздерінің малшылық өмірінен алынған. Қазақтар жұлдызды аспан картасын Темірқазықтан бастайды. Темірқазық – қазақтардың түнде жол жүргенде беталысын бағдарлайтын компасы іспеттес. Себебі ол тапжылмай бір жерде тұрады. Оның маңындағы екі жұлдыз «Ақбозат», «Көкбозат» деп аталады. Қыста кешкі Шолпан (Санжұлдыз) туған кезде қойды қораға әкеледі. «Меркурийді» қазақтар: «Таң Шолпаны» деп, кейде «Кіші Шолпан» деп атаған. Юпитерді «Есек қырған», Марсты «Қызыл жұлдыз», Близнекті «Қос Жұлдыз», Сириусты «Сүмбіле» деп атаған және бұлардың жай-күйін, орнын, қозғалысын жақсы білген.

Жетіқарақшы – қазақтардың бәріне таныс шоқжұлдыз. Ол – шөміш фигурасын құрастыратын жеті жарық жұлдыз тобы. «Жетіқарақшыны таныған жеті қараңғы түнде адаспас» дейді қазақтар. Шынжандағы қазақтар мен ұйғырлар «Жеті ұры» дейді. «Жетіқарақшы» атауы ерте замандарда шыққан. «Жетіқарақшы Үркердің қызын ұрлапты» дейтін ертегі де бар. Сол бойынша «қарақшы» сөзі дәл мағынасында «тонаушы», «ұры» ретінде түсіндірілген.

Жұлдыз атауындағы «қарақшының» алғашқы түрі «Қарағшы», яғни «Қарап тұрушы» болуы мүмкін. Ай көрінбеген сағатта көзге түсіп, аз да болса жарық беретін, жалғыз жүрген адамдарға ес, сүйеу болатын осы жеті жұлдыз. Олар әр түн сайын үнемі аспанның бір жағынан көрінеді, түні бойы жарқырап тұрады. Демек, Жетіқарақшы жеті ұры емес, жеті күзетші, қорықшы, қарап тұрушы дегенге келеді /3, 75б/.

Үркер (Плеяда) жұлдызының қазақтар үшін әрі астрономиялық, әрі метеорологиялық мәні бар. «Үркер» деп аталатын (орысша Плеяды) бір топ шоқжұлдызға қарап отырған қазақтар ауа райының құбылуын, әр бөлігін ажырата білген. Халықтың көпшілігі Үркердің 6 жұлдызын, көзі өткір адамдар 9 жұлдызын көреді. Іңір қараңғысындағы орнына қарай атасақ, Үркер күздің басында (қыркүйек айында), шығыстан, қыстың басында

(желтоқсанда) төбеден, көктемнің басында (наурыз) батыстан көрінеді, ал жаздың басында (маусым) мүлде көрінбейді. Халық оны «Үркердің жерге түсуі» дейді. 40 күн шілде Үркердің осы көрінбейтін кезіне сәйкес келеді /2, 51б/.

Қазақ есепшілері Үркердің тууы мен батуын ұдайы қадағалап, бақылап отырған. Шаруашылық маусымдарын соған сәйкестендірген. Есепшілерден қалған тәжірибелік нұсқаулар мынандай:

«Үркер жерге түспей жер қызбайды»,

«Үркер жерге түсерде қой қырылдайды».

«Үркерлі айдың бәрі қыс»

«Үркер туса сорпа ас болады»,

«Үркер көтерілгенде шөп те көтеріледі, бидай бас алады», т.б.

Қазақтар Үркердің аууынан күн райы өзгереді деп білген. Жыл мезгілдерін күннің Үркерге қарағандағы жайына қарай де белгілейді. Күн өрісіне негізделген жылдың астраномиялық айларын қазақтар «жұлдыз» деп атады. Бұл жердің, айдың 12 фазасына сәйкес 12 болатын зодиялық шоғыр жұлдызының санын еске салады. Қазақтар дүниенің төрт жағын күн көзінің күндізгі қозғалысына қарап «Күншығыс», «Күнбатыс», «Оңтүстік», «Солтүстік» деп атайды /2, 52б/.

Ерте заманнан келе жатқан 12 мүшел жылы есебінің қазақ елінің өмірінде үлкен рөлге ие. Мәселен адамның әрбір жас мөлшерін де осы мүшел жылы бойынша есептеген. Әрбір жыл жануар атымен: тышқан, сиыр, барыс, қоян, ұлу, жылан, жылқы, қой, мешін, тауық, ит, доңыз деп аталған. Сонымен бірге адамдардың мінез-құлқы да туған осы жыл мүшелеріне қатысты деп түсінген.

Жылдың басы көктемдегі күн мен түннің теңелуі наурыз айының 22-сінде болады. Бұл күні Жаңа жыл – «Наурыз» мейрамы өткізіледі. Наурыз мерекесі ең алдымен – күн мен түннің жер бетінде теңелуін еске салады. Табиғатта тап осы күндері тепе-теңдік болады. Сонымен бірге, наурыз мерекесі тойланып жатқанда табиғатқа жан біте бастайды, тіршілік оянады, өсімдік бүр жарады, ағаш гүлдейді. Әсіресе, ерекше тоқталып айтарлығы – осы Наурыз тойы күндерінде әр ел өзінің ұлттық дәстүрін, мәдениетін, әдет-ғұрпын жалпақ әлемге паш етеді. «Бізде осындай қасиеттер бар» деп, мақтана-шаттана таныстырып жатады. Осындай ерекшеліктерді ескере отырып, барша қазақ елі Наурыз мерекесін жаңа жылдың басталуына балайды. Ол бір жағынан, заңды да. Тіршіліктің қыс бойғы ұзақ ұйқыдан соң қайта оянуы осы кезбен тұспа-тұс келіп тұр. Ұлыс күні татулық тойы, шаруа, ынтымақ, сенім, көңіл мерекесі. Қыс қылышынан аман қалған жұрт, бар реніш-өкпесін ұмытып, кінәсін кешіп, тек жақсы тілектер тілейді. Көңілдің

жаңаруы деген осы. Бұл күні наурыз көжемен қатар, ауыл адамдары өгіз сойып, қазан көтеретін болған. Мұның тарихы өз алдына қызық аңыз. Ежелгі жыл санаушылардың есебінше, үркер күздің басында шығыстан, қыстың басында төбеден, көктем кезінде аспан етегінен көрініп, ал жазда тіпті батып кетеді екен. Бұл шақ қырық күнге созылып, оны халқымыз «қырық күн шілде» немесе «үркердің жерге түсуі» деп атаған. Көктем кезінде, яғни наурызда күн жолы үркердің үстімен өтіп, үркердің қос жұлдызы бұқаның мүйіздері құсап күн жолының екі жағынан қылтиып көрінеді. Бұған орай халқымыздың «әлемді көк өгіз мүйізімен көтеріп тұр» деген наным да бар /4/.

Осыған орай, қазақ халқы әрдайым табиғат құбылыстарын бақылау арқылы оның дамуы мен өзгеруі жайында көптеген бай тәжірибе жинақтаған. Осы білімдерді пайдалана отырып, ол өз өмірін жеңілдетуге тырысқан. Сондықтан да халықта бұл білімнің жастарға ұрпақтан ұрпаққа жеткізілуін қатаң бақылауға алған.

Ғалым Советхан Ғаббасов: «Ғылымда дәлелденген осыншама таңғажайып құбылыстың сырын, қазақтың халық педагогикасынан да кездестіретіндігіміз, шын мәнінде де ата-бабамыздың ақыл-парасатына деген мақтаныш сезім билейді» дейді /5, 109б/. Біз аталған ғалымның пікіріне толық қосыламыз. Бүгінгі таңда халық педагогикасына ерекше көңіл бөлу керек. Ата-бабаларымыздың жақсы дәстүрін шәкірттер бойына дарыту үшін оқыту процесінде мақал-мәтелдерді, шешендік сөздерді, аңыз-әңгімелерді, ырымдар мен тиымдарды жиі мысалға келтіріп, ұлылардың айтқан даналық сөздерін ұрпақ санасына сіңіру, сабақ сайын насихаттау біздің парызымыз. Көптеген халықтар өз ұрпағын өз халқының қағидаларымен тәрбиелейді. Ендеше, егеменді еліміздің ертеңі жас ұрпақты әдепті, адамгершілігі жоғары болып өссін десек, ұлттық тәрбие тағылымын басшылыққа алып, халқымыздың рухани байлығын бүгінгі күн талабымен ұштастыра білсек ғана ұлттық тәрбиенің берері көп. Сондықтан да ата-бабамыз қалдырған асыл дүниені бүгінгі жастарға дәріштеп, оны оқыту тәрбиелеу үрдісінде кеңінен пайдалануды міндетіміз деп білеміз.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Батурина Г.И., Кузина Т.Ф. Народная педагогика в современном учебно-воспитательном процессе. – М: Школьная пресса, 2003.
2. Қалиев С., Оразаев М., Смайылова М. «Қазақ халқының салт-дәстүрлері» –А., Рауан 1994ж.
3. Беркімбаева Ш.К., Қалиев С. «Қазақ тәлімінің тарихы» –А., 2005ж.

4. Кенжеахметов С. Қазақтың салт-дәстүрлері мен әдет-ғұрыптары. – А., Мектеп, 1987ж.
5. Ғаббасов С. «Халық педагогикасының негіздері». – А., 1995ж
6. Тимошенко Л.Г. «Воспитание национального самосознания через приобщение к народным традициям» Нач. школа –М., 2003.

Н.Т. ОШАНОВА, Ш.А. ЖАКИПОВА

ДҮНИЕТАНЫМ ҰҒЫМЫНЫҢ ПАЙДА БОЛУЫ ЖӘНЕ АҚПАРАТТЫҚ ДҮНИЕТАНЫМНЫҢ ДАМУЫ

Аннотация

Бұл мақалада «дүниетаным» ұғымының пайда болуы мен ақпараттық дүниетанымның дамуы қарастырылған. Дүниетанымды қалыптастырудың мәселесі философия, педагогика, психология сияқты түрлі ғылымдарда қарастырылғаны баяндалған.

В данной статье рассмотрены вопросы возникновения понятия «мировоззрение» и развития информационного мировоззрения, а также изложены проблемы формирования мировоззрения в таких науках, как философия, педагогика, психология.

Annotation

This article describes how notions of ideology and development information technology outlook, and also presents the problems of forming a world view in such sciences as philosophy, pedagogy and psychology.

Түйін сөздер: дүниетаным, дүниетанымдық көзқарас, ақпарат, ақпараттық мәдениет, ақпараттық дүниетаным.

Дүниетаным ұғымының мәні неде, оны қалай түсіну керек, педагогикалық ерекшеліктері, дүниеге дұрыс көзқарас қалыптастырудың белгілері қандай деген сауалдар әлі күнге дейін шешімін таппаған мәселелер. Табиғат құбылысының терең тылсымына үңілуде адамзат баласы талай-талай жолдардан өтеді. Сөйтіп, әрбір адамның санасында аталған сауалдар

жайында белгілі бір білім жинақталып, бірте-бірте түрлі пікірлер мен көзқарастар қалыптаса бастайды. Яғни, адамның дүниетанымы айқындалады. Дүниеге көзқарас – адам қоғамымен бірге пайда болған қоғамдық тарихи-құбылыс. Кез-келген тарихи кезеңдерде қоғам, оның түрлі кезеңдері туралы адамның өзіндік көзқарасы, түсінігі болады.

Негізінде, дүниетанымды қалыптастыру мәселесін философия, педагогика, психология сияқты түрлі ғылымдар қарастырады.

«Дүниетаным» ұғымын ерте замандағы философтар – Платон /1/ және т.б. қарастырған. Кейінірек ол Ф.Энгельс /2/, К.Г.Юнг /3/ және т.б. еңбектерінде зерттелген. Бұл ұғымды қазіргі зерттеушілер М.Г.Ашманис /4/, М.С.Каган /5/ және т.б. қарастырған.

Философ еңбектерінде дүниетаным - әлемдік қатынас, әлемдік сезіну, әлемдік қабылдау, әлемдік түсіну, әлемдік ойлану, әлемдік өзгеру секілді белгілері бойынша қарастырылып, әртүрлі ғылым төңірегінде дүниетаным ұғымы мазмұнды мағынаны білдіреді.

Әлемдік түсіну әлем туралы нақтылы білімнің жиынтығын ұсынады және дүниетаным көзқарасының негізі болып табылады. Осындай білім мен түсініктер негізінде адамның барлық әрекетіндегі дәстүрлер туындап, қалыптасты және дамыды.

Дүниетаным әрқашан сезімтал қарым-қатынас - әлемдік сезінумен қаныққан. Бұл әлемнің үндестігімен сезіну немесе онымен араздығы, болмыспен қанағаттанарлық немесе қанағаттанарлықсыз болуы мүмкін. Дүниетанымның маңызды бағасы оның ақиқат деңгейі болып табылады.

Әлемдік түсіну мен әлемдік ойлау, әлемдік сезіну мен әлемдік қабылдау, әлемдік қатынас пен әлемдік өзгеру үдерістері арқылы жалпы қоғамның, адамның өмірлік әрекетінің әлемге, әлеуметке және өзіне деген қатынасы қалыптасып, дүниетанымның функциясы іске асады.

Сонымен бірге әлеуметтік-психологиялық және педагогикалық ғылымдарда дүниетаным категориясының мазмұны жеке тұлғаның дүниетанымның рухани құрамын айқындайды (көзқарас пен сенім, әрекеттің мақсаты мен ұстанымы, тәрбиенің дүниетаным үдерістері мен қоғамдағы субъектілер қатынасының мағынасы). Олар таным, қатынас және әрекет тәжірибесінде ашылатын, оның шығармашылық белсенді өмірлік бағытының негізі ретінде көрінеді.

Ортақ пәндік гуманитарлық-ғылымдарда дүниетаным феномені қоғам мен жеке тұлғаның рухани мәдениетінің маңызды құрамдас бөлігі ретінде қарастырылады. Ол кәсіптік білім мен еңбек жағдайында, адам әрекетінің жеке тәжірибесінде таным әрекеті мен әлеуметтік қарым-қатынас үдерістері

адамдардың жалпы әрекеттерін рухани тәжірибелік меңгеруіне себепші болады.

Антикалық әлемнің философиялық оқуларында дүниетаным бағыты адам мен қоғамның өзара қатынасы деп түсіндіріледі, жеке тұлғаның әлемдік қатынасының сапалы құрамы болып сипатталады. Ертеде грек философы Платон (427-347 б.э.д.) «Федон» диалогында жеке тұлғаның адамгершілік қасиеті, оның ішінде ізгілік, шындық, парасаттылық қоғамдық өмірде бір жағынан адаммен пайда болатынын, басқа жағынан қоғамда олар адамның көмегімен әлеуметтің келісімді қарым-қатынасынан туындайтынын бейнелі түрде көрсетеді. Бірақ, жеке тұлға одан да жоғары рухани мәртебеге жету үшін оған адамгершілік қасиеттерін – адамның жанын, оның ақылын, ақылды әлемдік пайымдауын біріктіру қажет.

В.Ф.Черноволенко дүниетанымды әлемге адамның тәжірибелік және теориялық қатынасын, қоршаған ортаны елестету, түсіну мен бағалау қабілетін, нақтылы тарихи субъектіні тану мен тәжірибеде өзін тану тәсілін анықтайтын болмыс туралы жалпы білім мен ұсыныстардың жүйесі, сенім мен мақсаттың жүйесі ретінде қарастырады /6/.

А.Г.Спиркин дүниетанымды «қоршаған әлемге: табиғат құбылыстарына, қоғамға және өз-өзіне деген жалпы көзқарасы, сонымен қатар жалпы әлемнің көрінісінен адамның негізгі өмірлік бағыты, сенімі, әлеуметтік-саясаттық мақсаты, таным үдерістері және рухани жағдайлардың бағасы анықталады» деп пайымдады /7/.

Ұлттық дүниетаным туралы І.Ергалиев пен Ғ.Телібаев: «...Адамның дүниемен байланысы, оның тануы белгілі ұлттық жағдайда қалыптасқандықтан, дүниетанымның ұлттық белгілері болады», - деп, мақал-мәтелдерді, аңыздар мен ертегілерді, жырлар мен дастандарды, термелер мен жоқтауларды ежелгі қазақ дүниетанымның түрлері екендігін көрсетті.

Философтар Ә.Нысанбаев /8/, Д.Кішібеков /9/, О. Сегізбаев/10/, М. Орынбеков /11/ т.б. дүниетаным ұғымын сипаттай келе, дүниетанымды тұтас дүние туралы, ондағы адамның орны жайындағы түсініктер мен пікірлердің жиынтығы деп түсіндіреді.

Дүниетанымның басқа көзқарастардан айырмашылығы ол табиғат пен қоғам дамуының заңдылықтарын бейнелейді. Сол заңдылықтарды меңгерудің және адамдардың практикалық іс-әрекетінде қолданудың жолдарын көрсетеді. Яғни, жоғарыда айтылған пікірлерге сүйене отырып, дүниетаным – бұл адам ойындағы қоғам бейнесі ғана емес, оның сол қоғаммен қарым-қатынасы деген қорытынды жасауға болады. Дүниеге көзқарас қоршаған ортамен, қоғаммен тығыз байланыста болғандықтан, ол үнемі даму үстінде болады.

Психологиялық ғылымдарда «дүниетаным» феномені жеке тұлғаның даму бағыты түрінде қарастырылып, мұндай тұжырымдар М.Мұқанов және т.б. еңбектерінен орын тапқан/12/ .

Психологтар «жеке тұлға дүниетанымының маңызды ерекшеліктері, дербес өзгешеліктері бар жеке сананың формасы» деп түсіндіреді. Қалыптасқан дүниетанымдағы табиғаттың, қоғамның жалпы заңдылықтары бейнеленген үлгілер адамның психологиялық өмірімен, оларға жеке қатынасымен біріктіріледі.

Еліміздің белгілі психологы Қ.Жарықбаев дүниетанымға адамның табиғат, қоғамдық өмір туралы білімдерінің *жүйесі* деген анықтама береді.

Дүниетанымның қалыптасуы ұзақ және күрделі үдеріс, оның нәтижесінде жеке көзқарастар қалыптасады. Дүниетаным үдерісіне әртүрлі факторлар, мәселен, әлеуметтік және микроорта мен тәрбие, жаппай ақпарат құралдары т.б. әсер етеді. Жеке адамның өмірге көзқарасының қалыптасу үдерісі дүниетаным элементтерін игеруден, яғни білімнің, ғылымның негіздерін білуден басталады. Дүниетаныммен әлемнің жалпы бейнесі, дүниетану түсінігі, әлемді қабылдау, дүниеге көзқарас, дүниені түсіну сияқты ұғымдармен байланысқан, кейде олар синонимдер ретінде де қолданылады.

Дүниетаным туралы, дүниетанымның жеке тұлғаның дамуымен өзара байланысы жайлы еліміздегі педагогтар Ж.Қоянбаев және Р.М.Қоянбаев т.б. еңбектерінің маңызы зор/13/. Ғалымдар дүниетанымды жеке тұлғаның қалыптасуы мен дамуының анықтаушы факторы екенін айтады.

Біз өз зерттеуімізде «дүниетаным» ұғымының мәнін әртүрлі ғылым салаларындағы (философия, психология, педагогика) білім негіздеріне сүйенеміз.

Бүгінгі таңда қазақ дүниетанымының қалыптасу кезеңдері туралы Ә.Нысанбаев, М.Орынбеков секілді көптеген ғалымдардың еңбектері жарық көруде.

Дүниетаным сөзінің мағынасына, оның лексикалық құрылымына көңіл бөлсек, бұл ұғым «*дүние*» және «*таным*» сөзінен шыққан. Дүние – бұл қоршаған орта, табиғат, бүкіл әлем. Таным – философиялық ұғым – «... айналадағы материалдық шындықтың адам санасында бейнеленуі». Дәлірек айтқанда *дүниетаным дегеніміз* – адам санасының өзінше ерекше түрі, дүние, ондағы адамның алатын орны, оның қоршаған ортаға көзқарасы. Дүниетанымның басты ұғымы ретінде «дүние» және «адам» алынады. Өйткені, дүние - кең байтақ, ұшы-қиыры жоқ, ал оны танитын, оның сырын ашатын табиғаттың перзенті – адам.

Философиялық сөздікте бұл ұғымға мынадай анықтама беріледі:

«Дүниетаным – жеке адамның, әлеуметтік топтың, таптың немесе тұтас

қоғам қызметінің бағытын және шындыққа деген қатынасын анықтайтын үдерістердің, көзқарастардың, мақсат-мұраттар мен сенімдердің жүйесі» .

Педагогикалық және психологиялық әдебиеттерде оқушылар дүниетанымының қалыптасуына байланысты бірнеше жағдайлардың қажеттелігі көрсетіледі: дүниетанымды қалыптастыруда білімнің рөлі; білімнің сенімге айналуы; оқу үрдісінде дүниетанымдық міндеттерді шешу үшін оқушылардың орны; оқушылардың жас ерекшелігінің әсері; оқушыларда дүниетанымды қалыптастыру үшін қажетті жалпы және ерекше жағдайлар. Мысалы, философ Ә.Нысанбаев: «Дүниетаным сананың өзегі болып табылады, ол қоршаған орта құбылыстарын қабылдауымызға көмектесетін призма тәрізді», - дейді/8/.

Кез келген тарихи кезеңдерде табиғат, оның түрлі құбылыстары туралы адамның өзіндік көзқарасы, түсінігі болады. Дүниеге көзқарас – адам санасының, дүниетанымының қажетті бөлігі. М.Орынбеков «Дүниетаным жеке адам және оның қоғамдағы орны, сана-сезімдік қалпы жайлы ұғымдарының жиынтығы, дүниенің біртұтастығын түсіну нәтижесі болып табылады», - дейді.

«Ақпараттық дүниетаным» зерттеулерде кейінірек пайда болып, оларда әр түрлі түсіндірілгенін айта кетейік.

Ақпараттық қоғам жағдайында ақпараттық қоғамның жаңа құндылықтарымен анықталатын өмір сүру салтын меңгеруге біртұтас дайындық болып табылып, жалпы мәдениеттің бөлігі ретінде айқындалатын жеке тұлға мәдениетінің жаңа түрі – ақпараттық мәдениет қалыптастырылуы қажет. Ақпараттық мәдениеттің маңызды құрамдас бөліктерінің бірі дүниетаным болып табылады. Соңғы жылдары зерттеушілер табиғат құбылыстарындағы, адамзат қоғамдастығы өміріндегі, сондай-ақ адам әрекетіндегі ақпарат және ақпараттық үдерістердің айқындаушы рөлін түсінуге жататын жеке тұлғаның дүниетанымдық көзқарасының жаңа сапасын атап көрсету мақсатында, оны ақпараттық дүниетаным деп жиі атап жүр. Осыған орай, *ақпараттық дүниетанымды* адам мен қоғамның жаңа ақпараттық құндылықтарының қалыптасуымен, нысанға, құбылыстарға және ақпараттық ортаның тез өзгермелі үдерістеріне қатысты жеке тұлғаның адамгершілік, этикалық көзқарасының пайда болуымен, әр адамның, сол сияқты бүкіл қоғамның ақпараттық өзара әрекеттестігі мен өзара қарым-қатынасы саласында еркіндік қатыстарының, жауапкершілігі мен өзін-өзі шектеуінің анықталуымен тығыз байланысты деп түсінеміз.

А.М.Атаян ақпараттық дүниетаным біздің өміріміздің негізгі мағыналары - зат, энергия және ақпарат, қазіргі қоғам мен басқарудағы

ақпараттың атқаратын рөлі, өзін басқару жүйесінің ерекшелігі, әртүрлі табиғат жүйесіндегі ақпараттық үдерістердің жалпы заңдылықтары, қоғамды ақпараттандыру және ол үдерістерді дамыту туралы түсініктерді қамтуы қажет дейді/15/. Ақпараттық қоғамның дүниетанымда міндетті түрде ақпараттық этикет болуы керек.

К.К. Колин ақпараттық дүниетаным ақпарат пен ақпараттық үдерістердің рөлін техникалық жүйелерде ғана емес, сонымен бірге табиғат құбылыстарында, адам өмірінің қатынасында, адам әрекетінде анықтайды деген түсінікке сүйенеді/16/.

Л.В. Нестерова ақпараттық дүниетанымды ақпараттың рөлін, адамның ішкі дүниесін үйлестіретін ақпараттық құбылыстар мен үдерістердің мағыналарын мәдениетте теориялық ойлауы деп айтады/17/.

Ақпараттық дүниетаным жеке тұлғаның ақпараттық мәдениетінің ғылыми концептуалды түйінін құрайды.

С.Т. Антонованың көзқарасы бойынша ақпараттық дүниетаным жеке тұлға ұстанымдарының анықталған моделі және өз бағытын түсіндірудегі білімін талдау үдерісінде, біреудің пікірін түсіну, дағдысын меңгеру үдерісінде өз ойын білдіруде пайда болады/18/.

Компьютерлік техника мен ақпараттық технологиялардың қарқынды дамуы, сонымен қатар оның адам әрекетінің барлық саласына енуі компьютер мен ақпараттық технологияларды қолдану бойынша әртүрлі деңгейдегі мамандарды дайындау қажеттігіне әкеліп соқтырды. Сондықтан мектепте информатиканы оқыту мақсаты компьютерді қолдануда оқушылардың алгоритмдік мәдениетін қалыптастыру болды. Осыған байланысты компьютер құрылғыларымен әртүрлі ақпаратты өңдеу үшін ақпараттық технологияларды қолдану туралы білімін кеңейту нәтижесінде компьютерлік сауаттылық жарияланған болатын.

Информатика курсының оқытудың қазіргі заманғы міндеті ғылыми дүниетанымды, әлемнің жеке тұлғалық жүйелік-ақпараттық көрінісін, оқушыларды – қалыптасып жатырған ақпараттық қоғамның болашақ азаматтарын қалыптастыру болып табылады. Бұл жағдайда ақпарат (ақпараттық үдерістер) туралы түсініктің негізгі үш ұғымдарының бірі - зат, жарық, ақпарат туралы, бұлардың қазіргі әлемнің ғылыми көрінісін қалыптастырудағы ақпараттық үдерістердің бірлігі және әртүрлі табиғаттың өзін басқару жүйесінің функционалдануы жайлы сөз болып отыр.

Ғылыми дүниетанымды, әлемнің жеке тұлғалық жүйелік-ақпараттық көрінісін, жеке тұлғаның ақпараттық дүниетанымын қалыптастыру жалпы білім беретін мектептен басталады және оны бітіргенше тоқтамайды. Жаңа стандарттың міндетіне қарамастан, мектеп информатикасы дүниетанымының

шамасы қазіргі тәжірибеде төменгі дәрежеде шешіліп отыр, бұл біріншіден білімдегі осы міндетті шешуге көзделген информатика мұғалімінің дүниетанымының дұрыс қалыптаспағанымен байланысты.

Информатика мұғалімі оқушылар үшін ақпараттық мәдениетті, ақпараттық дүниетанымды тасымалдаушы болып, олар білім беру аясындағы ақпараттық үдерістерді талдауда жүйелі ақпараттық бағытты игеруі, информатика және ақпараттық технологиялар аясында адам білімінің шамасын меңгеруі, оқушылардың ақпараттық дүниетанымын қалыптастыруы, ақпараттық қоғамдағы оқушылардың құндылық-мағыналық мәселелі бағыттарын болжамдайтын ұғымдары мен оларды жеңу тәсілдерін білуі қажет.

Әртүрлі авторлар берген анықтамаларды жалпылай келе, біздің зерттеуіміздің негізгі түсінігіне анықтама береміз. *Ақпараттық дүниетаным* – бұл объектке, құбылыстарға, ақпараттық ортаның үдерісіне қатынасы бойынша жеке тұлға бағытын анықтайтын, оның ақпараттық әрекетін реттейтін және оның кәсіптік педагогикалық әрекетінде байқалатын жалпы ақпараттық ортаға, ондағы адамның рөлі мен орнына жалпылама көзқарастардың тұтастық жүйесі, сонымен қатар осы көзқарастарға негізделген құндылы бағыттар, сезімдер, пікірлер. Қазіргі білім ақпараттық қоғамдағы болашақ азаматқа ақпараттық дүниетанымды қалыптастыруға бағытталған болуы тиіс. Ал, бұл мәселені білім беру ісіне жалпы ақпараттық мәдениеті, дүниетанымы бар және оны өз оқушыларына қалыптастыра алатын пән мұғалімі болған кезде ғана шешуге болады.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Платон Пер. с древнегреч. -М.:Мысль, 1999. -528с.
2. Энгельс Ф. Людвиг Фейербах и конец классической немецкой философии. Энгельс. - М.Политиздат,1971.-72 с.
3. Юнг К.Г. Архетип и символ К.Г.Юнг. - М.Renaissance, /1991 -304 с
4. Ашманис М.Г. Мировоззрение и условия его формирования .– Рига: Изд-во “Зинатис”, 1977.
5. Каган М.С. Философия культуры / М.С.Каган. – СПб.: ТОО ТК “Метрополис”, 1996.-430с.
6. Черноволенко В.Ф. Мировоззрение и научное познание В.Ф.Черноволенко .-Киев .1970.-73
7. Спиркин А.Г. Сознание и самосознание /А.Г.Спиркин. – М.: Политиздат. 1972. -303с.
8. Нысанбаев Ә., Әбжанов Т. Қысқаша философия тарихы, - Алматы, 1999, б.118.

9. Кішібеков Д. Қазақ менталитеті: кеше, бүгін, ертең. - Алматы, 1999, 200 б.
10. Сегізбаев О. Казахская философия XV - начала XX века. - Алматы, 1996, 472 с.
11. Орынбеков М. Ежелгі қазақтардың дүниетанымы.-Алматы, 1996, 83 б.
12. Мұқанов М. Жас және педагогикалық психология. - Алматы, 1982, 247 с.
13. Қоянбаев Ж., Қоянбаев Р.М. Педагогика. -Алматы, 2000, Б.104-105
14. Кішібеков Д. Философия. -Алматы, 1991, 320 б.
15. Атаян А.М. К вопросу о формировании информационной культуры / А.М.Атаян // Пед.информатика. – 1998. -№4. –С.27-32.
16. Колин К.К. Информатика как наука: роль и место информатики в современной системе научного знания: лекция-доклад / К.К.Колин // Создание единого информационного пространства системы образования: сб.материалов школы-семинара. – М.: Изд-во исслед. центра проблем и качества подгот. специалистов, 1998.
17. Нестерова Л.В. Формирование информационной культуры будущих инженеров лесного комплекса в процессе гуманитарной подготовки: автореф. дис. ...канд.пед.наук / Л.В.Нестерова; БГУ. –Брянск, 2002. -23с.
18. Антонова С.Г. Информационное мировоззрение: К вопросу о сущности определения понятия / С.Г.Антонова // Проблемы информатизации культуры: сб.ст. – М., 1996.-Вып.3. – С.23-28.

А.В. НАДЕИН
**ИСТОРИЧЕСКИЙ АСПЕКТ ИЗУЧЕНИЯ ДЕВИАНТНОГО
ПОВЕДЕНИЯ ПОДРОСТКОВ**

Аннотация

В данной статье раскрывается исторический аспект девиантного поведения с различных точек зрения, рассматриваются такие понятия как социальная и психологическая нормы.

Бұл мақалада элеуметтік және психологиялық нормадағы түсініктерді қарастыратын, әртүрлі көзқарастағы девиантты тәртіптің тарихи аспектісі ашылады.

Annotation

The given article throws light to the historical aspect of deviant behavior from different points view revealed, touching upon such notions as social and psychological rates.

Ключевые слова: трудный подросток, отклоняющееся поведение, дезадаптированные дети, дети «группы риска», социальные нормы, психологическая норма, нормы-идеалы, адаптивность, самоактуализация.

Проблемы изучения отклоняющегося от общепринятых норм поведения всегда привлекали внимание ученых. Философы и юристы, медики и педагоги, психологи и биологи рассматривали и оценивали различные виды социальной патологии: преступность, пьянство, и алкоголизм, наркоманию, проституцию, самоубийства и т.п.

Современные исследователи применительно к несовершеннолетним с различного рода отклонениями в развитии, с отклонениями в нравственном развитии, акцентуациями характера, с нарушениями в аффективно-волевой сфере, отклонениями в поведении используют термины: «трудные дети», «трудный подросток». К «аномальным детям» относят детей, имеющих отклонения от того, что является типичным или нормальным, но не включает в себя патологическое состояние; выделяются «дезадаптированные дети»; «дети, нуждающиеся в специальной заботе»; дети «группы риска»; «дети с нарушениями в аффективной сфере». Однако названные термины часто несут одностороннюю информацию: бытовую, клиническую, юридическую. Поскольку единой практики употребления данных понятий нет порой не ясно, к какой категории отнести ребенка, имеющего те или иные отклонения в поведении. Считается правомерным употребление терминов: «отклоняющееся», «асоциальное», «ненормативное», «противоправное», «преступное поведение»/1, с. 318/.

У истоков изучения девиантного поведения стоял Э. Дюркгейм. Он показал зависимость отклоняющегося поведения от кризисных явлений в общественном развитии. Во время кризисов, радикальных социальных перемен, в условиях дезорганизации социальной жизни жизненный опыт человека перестает соответствовать идеалам, воплощенным в социальных нормах. Социальные нормы разрушаются, люди теряют ориентацию, что способствует возникновению отклоняющегося поведения. В связи с этим ученый вводит понятие «аномия», характеризующееся отсутствием жизненных ценностей в обществе.

В самостоятельное научное направление процесс изучения девиантного поведения выделился благодаря Р. Мертону и А. Коэну/2, с.46/.

Основоположник культурологического аспекта девиантного поведения Я.И. Гилинский ввел в употребление термин «девиантное поведение», который в настоящее время употребляется наравне с термином «отклоняющееся поведение». Поэтому следует подчеркнуть точку зрения Я.И. Гилинского, В.Н. Кудрявцева о том, что девиации как флуктуации в неживой природе, мутации в живой природе являются всеобщей формой, способом изменчивости, следовательно, жизнедеятельности и развития любой системы. Поскольку функционирование социальных систем неразрывно связано с человеческой жизнедеятельностью, в которой социальные изменения реализуются также путем девиантного поведения, отклонения в поведении естественны и необходимы. Они служат расширению индивидуального опыта. Возникающее на основе этого разнообразие в психофизическом, социокультурном, духовно-нравственном

состоянии людей и их поведении является условием совершенствования общества, служит осуществлению социального развития/3, с. 64/.

Следует отметить точку зрения В.А. Петровского, Э. Фромма о том, что в нонконформизме заложен рост конструктивного начала человеческого «Я». При этом девиации должны носить социально-творческий характер: различные виды научно-технического и художественного творчества. Социально-негативный характер девиаций деструктивен как для личности, так и для общества. Однако именно этот тип отклоняющегося поведения вызывает наибольший интерес исследователей и чаще рассматривается в социально-психологической литературе/4, с. 96/.

В.Д. Менделевич подчеркивает, что девиация – это граница между нормой и патологией, крайний вариант нормы. Девиантность нельзя определить, не опираясь на знание норм. В медицине норма – это совершенно здоровый человек; в педагогике – успевающий по всем предметам ученик; в социальной жизни – отсутствие преступлений. Труднее всего определить «психологическую норму» как совокупность неких свойств, присущих большинству людей, эталон поведения. Это – нормы-идеалы. Поскольку уровень интериоризации норм в разных социальных средах имеет существенные отличия, а нормы-идеалы, система основных ценностей носят глобализированный характер, они трудно применимы к конкретным социальным объектам/5, с. 115/.

Итак, норму в психологии можно рассматривать как эталон поведения, следование личности принятым в данном сообществе в конкретное время нравственным требованиям. В идеальной поведенческой норме гармоничная норма (адаптивность и самоактуализация) должна сочетаться с креативностью индивида/5, с. 126/.

Однако гармоничная норма не отражает устойчивых различий психологии людей разного возраста, наиболее существенных и ценных сторон их жизнедеятельности. Следовательно, должны существовать еще и возрастные ее варианты, учитывающие особенности времени и места проживания индивида, служащие ориентирами при разграничении нормы и девиации. В процессе оценки возрастной поведенческой нормы В.Д.Менделевич предлагает анализировать различные стили деятельности, которым должен соответствовать человек определенного возраста: коммуникативный стиль, волевые характеристики, интеллектуальные, эмоциональные и психомоторные особенности, стиль устной и письменной речи. Но четких возрастных особенностей предлагаемых критериев он не приводит, т.к. они могут быть выделены лишь в соответствии с определенным подходом к норме и девиации /5, с. 128/.

Таким образом, динамизм социальных процессов, кризисные ситуации в общественной жизни, рост социальной незащищенности граждан неизбежно приводят к увеличению девиаций, которые проявляются в поведенческих формах, отклоняющихся от норм. Наряду с ростом позитивных девиантных проявлений (политическая активность населения, экономическая

предприимчивость, научное и художественное творчество), усиливаются проявления негативного девиантного поведения (преступность, алкоголизация и наркоманизация населения, аморальность и т.п.). В этих условиях объективно повышается спрос на научные исследования девиаций, их форм, структуры, динамики взаимосвязей.

ЛИТЕРАТУРА

1. Карлсон Р., Батчер Дж., Минека С. Аномальная психология. - 11-издание - Спб.: Питер, 2004.
2. Афанасьев В., Гишинский Я. Девиантное поведение и социальный контроль в условиях кризиса российского общества, -М.: 1995.
3. Кулаков С.А. Диагностика и психотерапия аддиктивного поведения у подростков. Учебно-методическое пособие М.: Фолиум, 1998.
4. Коробейников И.А. Нарушения развития и социальная адаптация. М.: ПЕР СЭ, 2002.
5. Менделевич В.Д. Психология девиантного поведения.-М.: МЕДпресс, 2001

Тәрбие мәселелері – Вопросы воспитания

Қ. БӨЛЕЕВ

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ БІЛІМ БЕРУ ЖҮЙЕСІНДЕ ЖЕКЕ ТҮЛҒАҒА ҰЛТТЫҚ ТӘРБИЕ БЕРУДІҢ КЕШЕНДІ БАҒДАРЛАМАСЫ

Аннотация

Мақалада Қазақстан Республикасының білім беру жүйесінде жеке тұлғаға ұлттық тәрбие берудің кешенді бағдарламасы және оның мазмұны жасалынған.

В статье представлена авторская комплексная программа национального воспитания личности и ее содержание в системе образования Республики Казахстан.

Annotation

The paper has developed a comprehensive program of national education of the individual and its content in the education system of Kazakhstan.

«Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасында» қойылған мақсаттарға жету үшін шешуге қажетті басты міндеттердің бірі «жастарды отансүйгіштікке тәрбиелеу» екендігі, білім беруді дамытудың «Тәрбие жұмысы және жастар саясаты» бағытында 2011 жылдан бастап «қазақстандық патриотизмді қалыптастыру мақсатында тұрақты негізде мемлекеттік рәміздерді таныту, тарих, салт-дәстүр және ана тілін білу жөнінде іс-шаралар жалғастырылатын болады. ... Тұтас алғанда, мектепке дейінгі жастан бастап тәрбиеге ерекше көңіл бөлінетін болады» делінген /1/.

Бағдарламада сол қойылған мақсатты, шешуге тиісті міндетті және іске асыратын бағытты жүзеге асыру үшін Қазақстанның білім беру жүйесінде, тұтастай алғанда, мектепке дейінгі мекемелерде, орта, техникалық, кәсіптік, жоғарғы оқу орындарында жеке тұлғаға ұлттық тәрбие берудің айрықша қажеттігі туындап отыр. Жеке тұлғаға ұлттық тәрбие беру қажеттігі – егемен еліміздің болашағы ұлттық тәрбие екендігі, оны жүзеге асырушылар – тәрбиешілер, мұғалімдер және оқытушылар жоғары педагогикалық оқу орындарында даярланатыны, сондықтан оларды ұлттық тәрбие беруге дайындау бүгінгі күннің әлеуметтік және педагогикалық көкейкесті проблемасы деп санаймын.

Болашақ педагогтарды ұлттық тәрбие беруге дайындау үшін оларды кәсіби даярлаудың стандарттарын, оқу жоспарлары мен бағдарламаларын түбегейлі жаңарту керек. Сол мақсатта жана оқу пәндерін ендіру қажет. Менің пікірімше, болашақ мұғалімдерді ұлттық тәрбие беруге дайындаудың әдіснамасы ретінде – қазақ философиясы, қазақ мәдениеті, қазақ этнографиясы, қазақ тарихы, қазақ фольклористикасы, қазақ этнопсихологиясы т.б. ұлттық ғылымдар оқу пәндері ретінде оқытылуы тиіс. Ал оларды ұлттық тәрбие беруге педагогикалық және әдістемелік тұрғыда дайындау үшін Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетіндегі «Ұлттық тәрбие» /2/ және Тараз мемлекеттік педагогикалық институтындағы «Қазақ этнопедагогикасы» /3/ атты оқытылып жатқан оқу пәндерін, базалық пәндер ретінде оқыту қажет. Өйткені олар болашақ мұғалімдерді оқушыларға ұлттық тәрбие берудің педагогикалық және әдістемелік негіздерімен, ұлттық тәрбиенің құралдары, формалары, әдістері, түрлері және мазмұнымен қаруландырады.

Білім беруді дамытудың мемлекеттік бағдарламасы бойынша Қазақстан Республикасында білім беру жүйесінің құрылымы /1/:

1. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту. Мектепалды оқыту;
2. Бастауыш білім;
3. Негізгі орта білім;
4. Орта білім: жалпы орта білім (бейінді оқыту) және орта кәсіптік-техникалық білім;
5. Толық емес жоғары білім (қолданбалы бакалавриат);
6. Жоғары білім (бакалавриат);
7. Жоғарғы оқу орнынан кейінгі білім (магистратура және PhD докторантура).

Міне осы жүйеде: 1. «Жеке тұлғаға тәрбие қалай берілуі керек? 2. Оған қандай тәрбие берілуі керек?» – деген сұраулар туындайды.

Сондай-ақ мемлекеттік бағдарламада «Білім беру жүйесін жаңғыртудың маңызды міндеттерінің бірі – өкілдері бәсекеге қабілетті білім меңгерген, ой-өрісі дамыған ғана емес, жоғарғы азаматтық және адамгершілік ұстанымы, отансүйгіштік сезімі мен әлеуметтік жауапкершілігі қалыптасқан зияткер ұлтты қалыптастыру болып табылады», - делінген /1/. Бұл білім беру жүйесінде жеке тұлғаға тұтастай және кешенді ұлттық тәрбие беру қажет деген сөз.

Болашақ мұғалімдердің жеке тұлғаға тұтастай және кешенді ұлттық тәрбие беру іскеліктері мен дағдыларын қалыптастыру үшін педагогтық мамандықтардың ерекшеліктерін ескере отырып, элективті курстар ретінде төмендегідей оқу пәндерін оқытуды ұсынамын:

1. Отбасында балаларға ұлттық тәрбие беру;

2. Мектепке дейінгі мекемелерде ұлттық тәрбие беру;
3. Бастауыш сынып оқушыларына ұлттық тәрбие беру;
4. Негізгі және бейінді мектептер оқушыларын ұлттық тәрбие беру;
5. Техникалық және кәсіптік білім алушыларға ұлттық тәрбие беру;
6. Студент жастарға ұлттық тәрбие беру;
7. Болашақ мұғалімдерді оқушыларға ұлттық беруге дайындау.

Аталған арнайы курстар бағдарламаларын құру үшін Тараз мемлекеттік педагогикалық институтында ғалым-педагогтардан тұратын ғылыми топ құрылып, бағдарламалар даярланды. Бағдарламаларды дайындауда балабақша тәрбиешілері, бастауыш және орта мектеп мұғалімдері, техникалық және кәсіптік білім беру оқу орындарының оқытушылары қатыстырылды. Бағдарламалар эксперттік сараптамадан өткізіліп, институттың Ғылыми Кеңесінің шешімімен баспадан шығарылды. Алда сол бағдарламаларға сай оқу және әдістемелік құралдар жазу жұмысы жоспарлануда.

Енді даярланған бағдарламалардың қысқаша мазмұндарын берелік.

1. *«Отбасында балаларға ұлттық тәрбие беру (Авторлары: Бөлеев Қ., Ибраимова Л.Н.)»* бағдарламасы түсінік хаттан, бағдарлама мазмұнынан және қажетті әдебиеттер тізімінен тұрады.

Түсінік хатты отбасында балаларға ұлттық тәрбие берудің маңызы мен міндеттері, ал бағдарлама мазмұнында 10 тақырып берілген: қазақ отбасының тәлімгерлері, орта ғасыр ойшылдары мен қазақ ағартушы-педагогтарының отбасылық тәрбие туралы ой-пікірлері, қазақтың құрсақ тәрбиесі, бесік тәрбиесі, қыз бала тәрбиесі, келін тәрбиесі, ұл бала тәрбиесі, ер жігіт тәрбиесі, отбасылық өмірге дайындау, қазақтың туысқандық қарым-қатынастарының тәрбиелік мәні.

2. *«Мектепке дейінгі мекемелерде ұлттық тәрбие беру (Авторлары: Бөлеев Қ., Оспанбаева М.П., Керімбаева Р.Қ.)»* бағдарламасы түсінік хаттан, бағдарлама мазмұнынан және қажетті әдебиеттер тізімінен тұрады.

Бағдарлама мазмұнында 8 тақырып бар: мектепке дейінгі оқыту мен тәрбиелеудің нормативтік-құқықтық құжаттарындағы ұлттық тәрбие беру мәселелері, мектепке дейінгі мекемелерде қазақ халқының денсаулық педагогикасын қолдану ерекшеліктері, қазақ халқының қарым-қатынас ерекшелігімен мектеп жасына дейінгі балаларды таныстыру әдістемесі, көшпенділер танымы– мектепке дейінгі мекеменің оқу-тәрбие үрдісінде, бала шығармашылығының қалыптастырып, дамытуда халықтық педагогиканы қолдану әдістемесі, ұлттық құндылықтар арқылы балаларға әлеуметтік орта нормаларын меңгерту, балабақшада пәндік–дамытушы ортаны ұйымдастыруда халықтық педагогика элементтеріне сүйену, балабақшада ұлттық құндылықтар негізінде педагогикалық үрдісті ұйымдастыру.

3. *«Бастауыш мектеп оқушыларына ұлттық тәрбие беру» және «Негізгі және бейінді мектептер оқушыларына ұлттық тәрбие беру (Авторлары: Бөлеев Қ., Бұзаубақова К.Ж., Елубаева М.С., Досмұхамбетова К.С.)»* бағдарламалары түсінік хаттан, бағдарламалар мазмұнынан және қажетті әдебиеттер тізімінен тұрады.

Бағдарламалар мазмұндары 10 тақырыптан тұрады: оқушыларға ұлттық тәрбие берудің теориялық-әдіснамалық және психологиялық-педагогикалық негіздері, оқушыларға ұлттық тәрбие берудің мазмұны, оқушыларға ұлттық тәрбие берудің әдістемесі, оқушыларға ұлттық тәрбие беруде инновациялық технологияларды пайдалану, оқушыларға ұлттық тәрбие беру кезінде ұжымды қалыптастыру, оқушылардың ұлттық тәрбиелілігін анықтаудың диагностикалық әдістері.

4. *«Техникалық және кәсіптік білім алушылар үшін «қазақ халқының салт-дәстүрлері – ұлттық тәрбие берудің негізі (Авторлары: Бөлеев Қ., Абикеева М.Е.)»* бағдарламасы түсініктеме хаттан, бағдарлама мазмұны мен әдебиеттер тізімінен тұрады.

Түсінік хатта техника және кәсіптік білім алушыларға қазақ халқының салт-дәстүрлері арқылы ұлттық тәрбие берудің маңызы мен міндеттері, ал бағдарлама мазмұны мынандай 5 тақырыптан құрастырылған: қазақтың бала тәрбиесіне байланысты салт-дәстүрлері, қазақтың тұрмыстық салт-дәстүрлері, қазақтың әлеуметтік-мәдени салт-дәстүрлері, қазіргі заман салт-дәстүрлері, қазақ салт-дәстүрлері – ұлттық тәрбие берудің негізі.

5. *«Болашақ мұғалімдерді 12-жылдық мектеп оқушыларына ұлттық тәрбие беруге дайындау тұжырымдамасында (Авторлары: Бөлеев Қ., Бөлеева Л.Қ.)»* тұжырымдаманың қажеттігі, оның мақсаты, этнопедагогикалық білім беру мазмұны, этнопедагогикалық білім беру тұжырымдамасын жүзеге асыру жағдайлары мен жолдары және болашақ мұғалімдерді оқушыларға ұлттық тәрбие беруге дайындаудың моделі берілген /4/.

Ал Қазақстан Республикасында студент жастарға ұлттық тәрбие беру тұжырымдамасы Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінде жасалынған /5/.

Сонымен, Қазақстан Республикасының білім беру жүйесінде жеке тұлғаға ұлттық тәрбие берудің кешенді бағдарламасы жасалынып, ол сол жүйенің оқу-тәрбие үрдісіне ендірілгенде ғана Мемлекеттік білім беру бағдарламасы арқылы жоғары азаматтық және адамгершілік ұстанымы, отансүйгіштік сезімі мен әлеуметтік жауапкершілі қалыптасқан зияткер ұлтты қалыптастыруға болады деп санаймын.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Қазақ Республикасында білім беруді дамытудың 2011-2010 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы //Егемен Қазақстан, 14 желтоқсан 2010 жыл.
2. Ұлттық тәрбие типтік бағдарламасы /Авторлар: С.Ж.Пірәлиев, Р.К.Төлеубекова, А.А.Бейсенбаева т.б. – Алматы: Абай атындағы ҚҰПУ, 2010.-20 б.
3. Бөлеев Қ. Қазақ этнопедагогикасы – ұлттық тәрбие берудің негізі. Таңдамалылар.– Алматы: Нұрлы әлем, 2008. – 160 б.
4. Бөлеев Қ. Болашақ мұғалімдерді оқушыларға ұлттық тәрбие беруге кәсіби дайындау. Монография. – Алматы: Нұрлы әлем, 2004. – 304 б.
5. Қазақстан Республикасының студент жастарына ұлттық тәрбие беру тұжырымдамасы /Авторлары: С.Ж.Пірәлиев, К.Н.Нарибаев, М.А.Нуриев т.б. – Алматы: Абай атындағы ҚҰПУ, 2010. – 35 б.

М.А. АБСАТОВА, Г. О. ТҰРЛЫБАЕВА

ТҰЛҒАНЫ ҰЛТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚТАР АРҚЫЛЫ ТӘРБИЕЛЕУДІҢ ТЕОРИЯЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ

Аннотация

Мақалада қоғамның сұранысына сай өсіп келе жатқан ұрпақты ұлттық құндылықтар негізінде тәрбиелеу мәселесі қарастырылады. «Құндылық», «ұлттық құндылық» ұғымдарының мазмұны ғылыми әдебиеттерді контент – талдаумен ашылады.

В статье рассматривается проблема воспитания личности на основе национальных ценностей, которая является требованием современного общества. Содержание понятий «ценность», «национальная ценность» раскрывается на основе контент-анализа научной литературы.

Annotation

The paper studies the problem of education of the individual on the basis of national values, which is the requirement of modern society. The concept of "value", "national value" is revealed through content analysis of scientific literature.

Түйін сөздер: тұлға, құндылық, ұлттық құндылықтар, ұлттық тәрбие, жіктелу.

Қазақстан Республикасының 2009 жылғы үздіксіз білім беру жүйесіндегі тәрбие тұжырымдамасында: « Білім беру жүйесінің басты

міндеті – жеке тұлғаның ұлттық және жалпы адамзаттық құндылықтар негізінде қалыптасуы мен дамуы және оның кәсіби жетілуі үшін қажетті жағдайлар жасау; баланың тәрбиелену, білім алу және жан-жақты қалыптасу, ана тілін, ұлттық салт дәстүрлерді сақтау, ақпараттану, денсаулығын нығайту сияқты құқықтарын іске асыру болып табылады. Осы сияқты қасиеттерді білім алушылардың бойында қалыптастыру мен дамыту Қазақстан Республикасы білім беру жүйесінің маңызды міндеті ретінде қарастырылады», - деп білім беру саласының алдына зор міндеттерді жүктейді /1,16/. Осы міндетте көрсетілгендей, азаттығымыздың, тәуелсіздігіміздің белгісі болып табылатын ұлттық құндылықтарымызды қазіргі қоғамның талабына сай қайта жандандырып, мәні мен маңызын келер ұрпаққа ұғындыру жұмыстарының қажеттілігі күн тәртібіндегі өзекті мәселе болып отырғаны анық.

Өсіп келе жатқан ұрпақтың құндылықтарды тануы, оларды қабылдауы - адам қажеттілігінің ең басты деңгейі. Құндылықтарды тану – адамның іс-әрекетін қалыптастыра отырып, белгілі бір деңгейде адамның әлеуметтік тәртібін айқындайды.

Белгілі болғандай, құндылықтардың өмірдегі мәнін түсініп, саралап, қабылдайтын – адам санасы. Адам санасында бірінші құндылықты анықтау үшін белгілі бір себепке байланысты қажеттілік оянады, әрі қарай сол қажеттілікті қанағаттандыру жолында өз алдына мақсат қойып, өзі үшін құндылық негізін анықтап алады.

Ғылыми әдебиеттерді талдай келе, құндылық мәселесін құндылықтар теориясы немесе аксиология деп аталады. Аксиология («axia» - грекше «құндылық», «logos» - ілім, ғылым) Аксиология – құндылықтар жаратылысы туралы, оның нақтылықтағы орны мен құндылықтық әлемдегі құрылымы арасындағы әр түрлі құндылықтар байланысы туралы ілім /2,294б/.

Құндылық мәселесіне философтар, әлеуметтанушылар көбірек көңіл бөлуде. Мәселен, әлеуметтанушы ғалым Б.Ерасов «Құндылық – адамның рухани-әлеуметтік дүниеде өмір сүруі. Құндылықтардың пайда болуы, адамның қажеттілігін қанағаттандыратын іс-әрекет, бұл белгілі бір мақсатта жүреді» - дейді. Ол өз зерттеулерінде құндылықтарды былайша топтап көрсетеді:

- Өмірлік құндылықтар: өмір, денсаулық, тән, қауіпсіздік, тыныштық, күш-қуат, өмір, қоршаған орта т.б.
- Әлеуметтік құндылықтар: бедел, әлеуметтік орта, байлық, кәсіп, табыс, отбасы, еркіндік, бейбітшілік, т.б.
- Саяси құндылықтарға: Ата Заң, сөз еркіндігі, азаматтылық, т.б. Моральдық құндылықтарға: жақсылық, махаббат, борыш, намыс, ар-ұят, әділдік, ізеттілік, бақыт т.б.
- Діни құндылықтарға: құдай, сенім, иман, жұмақ, тозақ, т.б.
- Эстетикалық құндылықтарға: әсемдік, сұлулық, өнер, поэзия, мәдениет, әдебиет т.б. /3, 192б/.

Зерттеуші Г.А.Ерғалиева құндылықтарды тәрбие мен оқытудағы

адамгершілікке бағытталған идеалдар деп түсіндіре келе, оларға шындық, қайырымдылық, тұлға, пайда, бостандық, махаббат, шығармашылық және т.б. жатқызады. «Құндылықтар – идеалдарды қабылдау немесе қабылдамау сезімі арқылы айқындалып, ақыл, ой, сана арқылы қабылданады. Құндылықтар – құрметтеу, қошеметтеу, қабылдау тәрізді бағдарды білдіреді. Құндылықтар – сезім мен ақыл-ойдың ұштасуын және сол арқылы адамның іс-әрекет бағдарын белгілейді» - деп өз ойын түйіндейді /4, 286/.

Құндылықтық жүйені мәдениеттің маңызды элементі дей келе, И.Шәмшатұлы «құндылық – бұл адамның тілегі, қажеті, мүддесін қанағаттандыратын құбылыс» - деп көрсете келе, оларды төмендегідей жіктейді:

- өмірлік мәнділіктер (ізгілік, зұлымдық, бақыт, т.б.)
- кешенді құндылықтар (еңбексүйгіштік, әлеуметтік күй, т.б.)
- бір-бірімен қатынас құндылықтары (адамдық, мейірімділік, т.б.)
- демократиялық (сөз бен ар, бостандық, тәуелсіздік, т.б.) /5, 376/.

Ғалым А.К.Каплиева құндылықтың біліктілік, білімділік, имандылық, адамгершілік, эстетикалық, психологиялық, шығармашылық сапаларынан көрінетінін, жақсылыққа талпынып, айналасындағыларға жанашырлық білдіруі, қайырымдылығы, өмірге деген құштарлығы, өмір сүру жайындағы ізденісінің жиынтығын құндылықтың мәні, адамдықтың өлшемі деп белгілейді /5, 456/.

Зерттеуші З.Ж.Айджанова өзінің зерттеу жұмысында құндылықтарды адамның ішкі жан дүниесі, дүниетанымы, жан-жақты дамып жетілген рухани әлемі дей келе, былайша топтап көрсетеді:

- Қоғамның ең жоғарғы құндылықтары:
- Өмір құндылықтары: еңбек, материалды қажеттіліктер, табиғат;
- Әлеуметтік өмір құндылықтары: отбасы, мемлекет, ғылым;
- Рухани өмір мен мәдениет құндылықтары: білім, көзқарас, дүниетаным, ғылыми ой;
- Адамгершілік құндылықтары: адамгершілік, достық, жолдастық, махаббат, шындық т.б. /6, 396/.

Белгілі педагог Г.К.Нұрғалиева құндылықтардың адам өміріндегі маңызын құндылық бағдар ретінде қарастырады. Құндылықтардың өзара кіші әрекеттестігін былайша көрсетеді:

- 1) генетикалық (тұқымқуалаушылық), яғни этникалық шығу тегіне, ұрпақтың дамуы (тектілік, ақсүйектілік);
- 2) структуралық (құрылымдық) – тіл, тарих, мәдениет, дәстүр, этнография, демография;
- 3) факторлық (әсер етушілік) – саяси, экономикалық, экологиялық факторлар;
- 4) функционалдық, яғни мақсат пен қызығушылық, материалдық, әлеуметтік, қоғамдық қажеттіліктер, іс-әрекеттер /7, 566/.

Біз өмір сүріп отырған қоғамның жаңаруы жағдайында жалпы адамзаттық құндылықтардың маңызы айқындалып, рухани, ұлттық құндылықтар ұғымы өзгеше сипат ала бастады. Қазіргі уақытта жас ұрпақты

өз халқының тарихын, тегін, салт-дәстүрін, тілін, білімін меңгерген мәдениетті, адами қасиеті мол шығармашылық тұлға етіп тәрбиелеу-өмір талабынан, қоғам қажеттілігінен туындап отыр.

Ғалым Т.Ғабитов «Құндылық – қасиеттер. Қасиетсіз адам жануарға айналып кетеді» - дей келе, құндылықтардың бала кезден бастап ананың сүті, ана тілі арқылы, өз тарихы мен мәдениетін, әдеп-ғұрыптары мен салт-дәстүрлерін игеру нәтижесінде орнығатынын дәлелдеді /2, 292б/.

Ұлттық тәрбие негізінде халықтың қанында бар қасиеттерді ұрпақ бойына сіңіруге үлкен үлес қосқан ғалымдар: Ә.Табылды, С.Қалиев, Қ.Жарықбаев, С.Ұзақбаева, К.Қожахметова, Ж.Ембергенова және т.б. зерттеулеріндегі ұлттық құндылықтардың ғылыми тұрғыда дәлелденіп, өмірге енуінің маңызы зор болды.

Профессор К.Ж. Қожахметова құндылықты ұлттық тәрбиенің алтын дінгегі ретінде қарастыра отырып, қазақ халқының салт-дәстүріндегі тәрбие отбасынан бастау алатынын айқындайды. Ғалым ұлттық құндылықтарды: ана мен әкені ардақтау, үлкенді құрметтеу, үмітті ақтау, парызды өтеу және т.б. деп көрсетеді. Сонымен қатар, зерттеуші ұлтымызға тән тыйымдарға, олардың тәрбиелік маңызына тоқталады. Атап айтқанда: баланы қайырымдылыққа үйрететін тыйымдар, жастарды жат әдеттерден аулақ болуға шақыратын тыйымдар, қоршаған ортаны қорғау мен тазалыққа тәрбиелейтін тыйымдар және қайтыс болған адамдардың тыныштығын сақтауға шақыратын тыйымдар. «Тыйымдар – дегеніміз жасауға болмайтын істердің нормасы» деп түйіндейді /8,166 б/.

Зерттеуші Ж.Ембергенова халық педагогикасының мынандай құндылықтарын ұсынады: ұлттық мейрамдар, дін, әдет-ғұрып, салт-дәстүр, ұлттық медицина, фольклор, ырымдар мен тыйым сөздер, ұлттық ойындар және т.б. Бұдан біз ұлттық құндылықтардың ұрпақ тәрбиесіне қосатын үлесінің құнды екенін байқаймыз /9, 22б/.

Ғалым К.Оразбекова ұлттық тәрбие негізінде тұлғаны қалыптастырудың педагогикалық тұрғыда жүйелей келе, қазақ халқының он қасиеттен тұратын ақыл мен парасатын былай ашып көрсетеді: кішіпейілділік, адамдарға сезіммен қарау, өз ісінің дұрыс-бұрысына әрекет жасау, халқына қызмет ету, өз сырларын өзгеге ашпау, әр жағдайда сақ болу, артық сөйлемей, әдептілікті сақтау, кешірімді болу, біреудің ісіне араласпау /10,53б/.

Зерттеуші-ғалымдардың еңбектерін жинақтай келе бүгінгі заманның өзекті мәселесі – құндылықтардың, оның ішінде ұлттық құндылықтардың басты мәселеге айналып, көрініс тауып отырғанын аңғарамыз. «Құндылық», «ұлттық құндылық» ұғымдарының мәнін ашу мақсатымен біз ғалымдардың еңбектері негізінде аталмыш категориялардың контент – талдауын жасауды жөн көрдік. (1-кесте)

1-кесте. Ғалымдардың еңбектеріндегі «құндылық», «ұлттық құндылық» ұғымдарының контент - талдауы

№	Автор	Еңбегі	Анықтамасы
1	Қ.Жарықбаев	Психология. – Алматы, «Білім» 1993. –361б.	Құндылық – ұлттық тәрбие, ұлттық сапа, ұлттық мінез-құлық
2	С.Қалиев	Қазақтың салт-дәстүрлері. – Алматы, Санат, 1994. – 222б.	Құндылық – рухани адамгершілік қасиеттер арқылы оқушы бойына ізгілік, имандылық, адалдық тәрбиесін қалыптастырады
3	Н.Смелзер	Социология. –М.: Феникс, 1994. – 687б.	Құндылықтар қоғамдағы адамдардың ұмтылуға тиісті мақсаттарға және оларға жетудің негізгі әдіс-тәсілдеріне қатысты сенімдер
4	Н.И.Лапин	Модернизация базовых ценностей Россиян. //Социологические исследования. –М., 1996, №5 – 3-9б.	Құндылықтар – адамдардың өз мінез-құлқының мақсаты мен қалпы туралы талдап, қорытындылаған түсініктері, онда адамзаттың тарихи тәжірибесі жинақталып, белгілі бір этностың немесе адамзат мәдениетінің мәні жатыр
5	Ш.Амонашвили	Школа жизни. – М., Изд.дом, 1998.	Құндылық - өмірді тану, өмірдің шексіздігін, мәңгілігін түсіну, ықпал ету
6	К.Ж.Қожахметова	Мектептің ұлттық тәрбие жүйесі: теория және практика – Алматы, 1998, – 255б. (45-50б).	Құндылық – сенім, білім, іскерлік, дағды, болмыс, ерікті көзқарас жүйесін қалыптастыратын жүйе
7	Т.И.Петракова	Гуманистические ценности образования в процессе духовно-нравственного воспитания подростков. Дисс.докт.пед.наук. –	Құндылық адам әлеуметінің негізі (жер, Отан, отбасы, еібек, білім, мәдениет, бейбітшілік, адамшылық т.б.)

		М.: 1999. –336б.	
8	Құл-Мұхамед Рақымғали	Қазақ мәдениеті әлеуметтік- құндылықтардың қалыптасуы мен дамуы: фил.ғ.к.дисс... – Алматы, 2000. – 231б.	Құндылық – мәдени феномен. Мәдениет арқылы құндылықтар адамдық болмыс тірекке айналады
9	К.Оразбекова	Жеке тұлға ұлттық тәрбиенің ғылыми- педагогикалық негіздері. – Алматы: Комплекс, 2000. – 263б.	Құндылықтың ең басты жиынтығы – «ізгілік». Ізгілік – адамның өзін-өзі тануы, өзіне- өзі баға беруі. Өмірдегі орны мен өмір сүру негізін білуі
10	Г.Ж.Нұрышева	Адам өмірі мәні мәселесінің қазақ философиясындағы көрінісі: фил.ғ.д.дисс... –Алматы, 2002. –321б.	Адам өмірінің құндылығы – адам өмірінің мәнінде, өмірдің мәні – адамшылық, кісілікке жету, қасиетке кір шалдырмау, мәнді өмір сүру
11	Г.Әбдіғалиева, А.Құрманғалие- ва	Қазақстан Ұлттық энциклопедиясы «Қазақ энциклопедиясының Бас редакциясы». – Алматы, 2004, 6 том, 124–125б.	Құндылық – объектінің жағымды және жағымсыз жақтарын білдіретін философиялық-социологиялық ұғым
12	Қазақ мәдениеті энциклопедия- лық анықтамалық	Алматы, «Аруна», 2005. – 412–413б.	Құндылық – танымның, белгілі бір объектінің адам үшін, топ үшін, қоғам үшін қасиетті деп танылуы
13	Бабаев С.Б. Оңалбек Ж.К.	Жалпы педагогика (оқулық). – Алматы «Заң әдебиеті», 2007 – 228 б. (157б.)	Құндылық - болмыстың белгілі бір құбылыстарының адами, әлеуметтік және мәдени мән-мағынасы
14	Қ.Жарықбаев	Жантану негіздері Алматы, 2002. – 415б. – (405б.)	Ұлттық құндылық – ата мекен, тіл, тарих, өнеге, әдебиет, мәдениеттер жиынтығы
15	Г.М.Жусанбаева	Бәрі ұлттық құндылықтардан бастау	Ұлттық құндылық дегеніміз – адамзаттық құндылықтың

	алуы қажет.//Мектеп директорының орынбасары , №1.– Алматы, 2010.	құрамдас бөлігі және әр ұлттың қоршаған табиғат ерекшеліктеріне сай өмір салты негізінде ғасырлар бойы жинақталған тұрмыстық және рухани мұрасы.
--	--	--

Сонымен, ғылыми, анықтамалық әдебиеттерге және зерттеушілердің еңбектеріне талдау жасап, зерделей отырып, «құндылық», «ұлттық құндылық» ұғымдарына әр түрлі анықтамалар берілгендігін байқаймыз. Құндылық ұғымының мәні, мағынасы әр түрлі болуына байланысты ойлар, пікірлер, көзқарастар да әр түрлі екеніне көз жеткіздік.

Қорыта келе, ұлттық құндылықтар – атамекен, тіл, тарих, өнеге, әдебиет, мәдениет, салт-дәстүр туралы білімдер мен өмірде қолданылатын дағдылар жүйесі. Ұлттық құндылықтар жеке тұлға бойындағы ішкі мәдениеттің іргетасын қалаушы, тәрбиенің тамыры. Жеке тұлға мен қоғам құндылықтарының жандануы адам өмірінің негізгі дінгегі болып саналатын адамгершілік, ұқыптылық, ар мен намыс, парыз бен жауапкершілік, игілікті іс сияқты жалпыадамзаттық құндылықтарды қазақ халқының ұлттық құндылықтарынан бөле жармай бірлікте, байланыста қарауды талап етеді.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Қазақстан Республикасы үздіксіз білім беру жүйесіндегі тәрбие тұжырымдамасы 16 қараша 2009 жыл
2. Философия. құр. Ғабитов Т. – Алматы, Раритет, 2004, -392б.
3. Ерасов Б.С. Социальная культурология. –Алматы, 2000. -210б.
4. Ерғалиева Г.А. Рухани-адамгершілік құндылықтар негізінде студенттердің өзін-өзі тәрбиелеуінің педагогикалық шарттары: дисс.пед.ғыл.канд. –Атырау, 2007. -150б.
5. Каплиева А.Қ. Оқушылардың салауатты өмір сүру дағдыларын рухани-адамгершілік құндылықтар негізінде қалыптастыру. Пед.ғыл.канд.дисс. –Атырау, 2003. – 149б.
6. Айджанова З.Ж. Бастауыш мектеп оқушыларының рухани-адамгершілік құндылықтарын қалыптастыру (сыныптан тыс жұмыстар негізінде): пед.ғыл.канд. Ақтау, 2009. -175б.
7. Нұрғалиева Г.К. Психолого-педагогические основы ценностного ориентирования личности: дисс.доктор.пед.наук. –Алматы, 1993. -336 б.
8. Қожахметова К.Ж.Мектептің ұлттық тәрбие жүйесі: теория және практика.–Алматы 1998. 255б
9. Ембергенова Ж. Жастарды салауатты өмір салтына халықтық педагогика құндылықтары негізінде ұрпақ сабақтастығымен ұштастыра

- тәрбиелеу. Пед.ғыл.канд.дисс. –Қарағанды, 2000. -168б.
- 10.Оразбекова К.А. Жеке тұлға ұлттық тәрбиесінің ғылыми-педагогикалық негіздері. Пед.ғыл.канд.дисс. –Алматы, 2001. -298б.

Ш.Ж. КОЛУМБАЕВА

ТРУДНОСТИ СОЦИАЛИЗАЦИИ ПОДРОСТКОВ И СТРАТЕГИЯ ИХ ВОСПИТАНИЯ

Аннотация

В данной статье рассматриваются причины возникновения трудностей социализации личности в подростковый период и принципы педагогической поддержки как одной из стратегий современного воспитания.

Бұл мақалада жас өспірім шақтағы тұлғаны әлеуметтендіру барысында пайда болатын қиындықтардың себептері және қазіргі тәрбиенің бір стратегиясы ретінде педагогикалық сүйеудің ұстанымдары қарастырылған.

Annotation

This article discusses the causes of the difficulties of socialization during adolescence and the principles of educational support as one of the strategies of modern education.

Ключевые слова: социализация подростков, педагогическая поддержка, принципы педагогической поддержки

Подростковый период называют «трудным возрастом», «переломным периодом». Его содержание заключается в изменении поведенческих характеристик: от почти полного послушания, свойственного малым детям, юноши переходят к сдержанному послушанию – скрытому неповиновению родителям. Если раньше, будучи детьми, они смотрели на мир глазами своих родителей, то теперь они ведут как бы двойной счет: у подростков и юношей выстраивается параллельная система ценностей и взглядов на мир, которая частично пересекается позицией родителей, а частично – со взглядами сверстников. В этот период заканчивается формирование фундамента личности, достраиваются ее верхние – мировоззренческие – этажи. Осознание своего «Я» происходит как осмысление своего места в жизни родителей, друзей, окружающего социума. Одновременно наблюдается постоянный поиск нравственных ориентиров, связанных с переоценкой смысла жизни. Подростки и юноши более восприимчивы к негативным оценкам окружающих, особенно если они касаются одежды, внешнего вида, манер поведения, круга знакомств, то есть всего того, что составляет

социальную среду и социальную символику «Я». Гипертрофированная самостоятельность находит выражение в подчеркнутой резкости собственных оценок: для многих подростков «хорошо» и «правильно» только то, что им нравится /1;2/.

Трудности социализации в этот период связаны с тремя главными обстоятельствами:

- несовпадением между высоким уровнем притязаний (стремление стать героем, прославиться) и низким социальным статусом, который задан их возрастом;
- несовпадением старого стиля родительства, ориентированного на то, что для матери сын или дочь всегда остается ребенком, и новых потенциальных возможностей подростков, заданных их психофизиологическим повзрослением;
- противоречие между усилившейся ориентацией на самостоятельность и усиливающуюся зависимость от мнения и поведения сверстников.

Психофизиологическое повзросление практически ничего не меняет в социально-экономическом положении подростков. Социальный статусы родителей и юношей по-прежнему несовместимы: родители зарабатывают на жизнь, несут моральную и правовую ответственность за детей и неприкосновенность имущества, участвуют в общественной и производственной жизни. Взрослые – собственники, распорядители, опекуны, производители, законодатели, потребители, защитники и т.д. А подростки экономически не самостоятельны, они все еще требуют социальной защиты и не выступают участниками правонарушений. Их ролевой диапазон крайне ограничен. Они не являются собственниками, распорядителями, производителями, законодателями. Они – лишь потребители. Хотя в правовом смысле они не могут принимать жизненно важные решения, в психологическом плане подростки созрели для них. Но родители ограничивают их. В этом и заключается противоречие.

В связи с этим социологи говорят о ролевом бесправии подростков – меньшем объеме прав и обязанностей по сравнению со взрослыми. Обладая меньшими возможностями, подростки сталкиваются с такими глобальными мировоззренческими и нравственными проблемами, которые в зрелом возрасте решены. Недостаток жизненного опыта вынуждает их совершать гораздо больше ошибок, чем это делает взрослые, дети или старики. Но главное не в количестве, а в качестве ошибок, серьезности их последствий: преступности, употреблении наркотиков, алкоголизме, половой распущенности, насилии над личностью. Многие подростки бросают школу, в результате нарушается естественный процесс социализации. Недополучение знаний сразу сказывается на экономическом положении подростка, подростки и юноши оказываются в худшей ситуации на рынке труда. В развитых странах уровень безработицы среди 18-летних в 3 раза выше, чем у взрослых.

Социологи полагают, что сексуальная распущенность, злоупотребление алкоголем и лихачество – не что иное, как попытка играть роль взрослых.

Возможно, что та же самая причина побуждает многих бросать школу. Статус школьника считается «невзрослым». Он не способствует достижению жизненного успеха, а вместе с ним и признанию в группе сверстников. Подростки ищут признания своей психологической взрослости за рамками школы и семьи – институтов, где их продолжают считать детьми /3/ .

Итак, мы рассмотрели трудности социализации в период юности и установили, что главной среди них является ролевой конфликт, или ролевое бесправие подростков.

Содержание процесса социализации определяется культурой и психологией общества, с одной стороны, и социальным опытом ребенка — с другой. Для педагогики первоначально важно изучение взаимосвязи этих сторон содержания социализации, выявление и обоснование уровня их значимости для ребенка определенного возраста, члена определенной группы, включенного в конкретный социум.

Гуманистическая направленность развития современного общества и образования призвана ставить в центр педагогических усилий личность ребенка. Одним из важнейших элементов системы воспитания школьников является деятельность педагога по оказанию помощи ребенку в решении значимой для него проблемы. От того, насколько педагог обладает способностью вовремя заметить, правильно понять и корректно содействовать решению проблемной ситуации, в которой находится ученик, во многом зависит успешность педагогического влияния на развитие личности школьника.

Сегодня среди различных форм и методов воспитания возрастает значимость педагогической поддержки ребенка, при которой изменяется парадигма взаимоотношений педагога с детьми: вместо «ученик – учитель», рождается парадигма «человек – человек».

В конце 80-х годов прошлого столетия российский педагог О.С.Газман провел анализ ситуации, сложившейся в воспитании в переходный период, и выдвинул ряд идей относительно базовой культуры личности. Он доказал, что есть такие основания, которые остаются неизменными, независимыми от социальной и политической конъюнктуры. Эти основания, в первую очередь, связаны со способностью личности самоопределяться в любой ситуации жизнедеятельности. Причем О.С. Газман не отождествлял самоопределение с адаптацией.

В то время, когда стираются границы между добром и злом, между нравственным и безнравственным, взрослое общество, сознающее свою ответственность перед подрастающим поколением, не может оставить его без поддержки и помощи в трудный период самоопределения.

Педагогическая поддержка – процесс совместного с ребенком определения его собственных интересов, целей, возможностей и путей преодоления препятствий, мешающих ему сохранить человеческое

достоинство и самостоятельно достигать желаемых результатов в обучении, самовоспитании, общении, образе жизни /4/ .

Вся воспитательная работа по социально-педагогической поддержке детей «группы риска» строится на следующих принципах:

- *принципе уважения индивидуальности личности* (если подавлять индивидуальность, то личность не раскроется, ее склонности и способности не разовьются);

- *принципе коллективной деятельности* (личность должна уметь согласовываться с другими, индивидуальность в правильно организованной коллективной деятельности расцветает);

- *принципе разумной требовательности* (можно все, что не противоречит закону, правилам школьного распорядка, не вредит здоровью, не унижает достоинство других);

- *принципе возрастного подхода* (каждый возрастной период позитивно отзывается на свои формы и методы воспитательного воздействия);

- *принципе диалога* (уравнивание позиций педагога и школьника, взрослого и ребенка помогает достичь доверительных отношений: ребенок инстинктивно находит иногда более оригинальные и оптимальные пути решения многих проблем, задач, проектов);

- *принципе педагогической поддержки* (ребенок не должен чувствовать себя нелюбимым, даже если он плохо учится. Он должен видеть в педагоге учителя, который защитит его от незнания, от стресса в связи с этим незнанием);

- *принципе стимулирования самовоспитания* (каждый школьник должен знать себя, научиться критически рассматривать свои поступки, воспитывать в себе чувство ответственности. Задача педагогов создать такие условия, где ребенок приобретет опыт планирования и рефлексии своей деятельности);

- *принципе связи с реальной жизнью* (дела, организуемые и проводимые в школе, должны соприкасаться с реальными делами села, поселка, района, области, страны. Дети должны чувствовать себя гражданами Казахстана, действовать на ее благо);

- *принципе согласования* (все действия педагогов должны быть согласованы между собой, подчинены одной общей цели. Кроме того, каждый педагог должен помнить, что его педагогический долг состоит в том, чтобы создать условия для согласования детей друг с другом, детей и их родителей).

Главная идея общей социально-педагогической поддержки заключается в гармонизации взаимодействия воспитанника с социальной средой.

ЛИТЕРАТУРА

1. Карелина И. О. Возрастная психология и психология развития: Тексты лекций.- Рыбинск, 2009 [Электронный ресурс]. URL: <http://cito-web.yyspu.yar.ru/link1/metod/met104/met104.html>
2. Райс Ф. Психология подросткового и юношеского возраста-

СП.:ПИТЕР.-2000-720с.

3. Мудрик А.В. Социализация и «смутное время» -М.:Знание.-1991-№3-80с.
4. Попова С.И. Педагогическая поддержка в работе учителя и классного руководителя.- М., 2005.-176с.

Г.А. АСКАРОВА, Г.Т. МАХАМЕТЖАНОВА

СОЦИАЛИЗАЦИЯ ЛИЧНОСТИ В РАСШИРЯЮЩЕМСЯ СОЦИАЛЬНОМ МИРЕ

Аннотация

Проблема формирования социальной компетентности молодого поколения на сегодняшний день является одной из актуальных проблем. Формирование социально компетентного учащегося авторы рассматривают как процесс, сопровождающий человека на всем «маршруте» его жизни.

Оқушының әлеуметтік құзырлығын қалыптастыру қазіргі заман жағдайында өзекті мәселенің бірі болып отыр. Зерттеуші әлеуметтік құзырлықты қалыптастырудың бірнеше бағыттарына сипаттама беруге тырысқан. Құзырлық деген ұғымға анықтамалар сәйкестігі талданған және өз саласына сәйкес білім мен біліктілікпен қаруланған негізді ой-тұжырым жасаған.

Annotation

One pair from new approach in pedagogic appear like this call Social point of view at teaching and so education, Grow up so-called generation. Point of view usable in investigation unite associate always lin constitution Social competent making personality in united Chain this promote maximum motivation proactive state all fundamental skeleton component personality in their addition and combination.

Ключевые слова: личность, школьная молодежь, социализация, социальный мир, социальное компетентное развитие, социально-личностное развитие.

Сегодня, как и раньше, взят курс на гуманизацию и демократизацию школы, который должен привести к новому качеству воспитания. Что стоит за словами «Социокультурная компетенция школьника?». За этими словами стоит новый подход к содержанию воспитания. Это формирование базовой культуры личности, культуры жизненного самоопределения: казахстанского патриотизма и гражданственности, интеллектуальной культуры, духовно-

нравственной культуры, здорового образа жизни, экономической культуры, эстетической, этнической культуры и культуры семейной жизни.

На сегодняшний день в научной литературе накоплен значительный фонд теоретических знаний, характеризующих сущность процесса социальной компетентности в целом. Свой вклад в развитие теории и практики социальной компетентности молодого поколения вносят казахстанские ученые как Н.М.Абдильдина, К.А.Абишева, М.С.Аженова в своих трудах, где дается философский анализ взаимодействия личности и общества.

Социализация школьной молодежи являлась предметом специального исследования З.У.Кенесариной, в котором выявлены методологические основы, динамика и тенденции развития теории и практики социализации школьников в США, создающие основы для конструктивного соотношения с отечественной социально-педагогической практикой.

Педагогические аспекты социализации учитывались при рассмотрении таких приграничных проблем как роль профессиональной ориентации в социальном становлении подрастающего поколения (Б.А.Абдыкаримов, А.П.Сейтешев, Г.Т.Хайруллин), интеграция знаний с ориентацией на общечеловеческие и национальные ценности в их диалектическом единстве (А.А.Бейсенбаева), проблемы социального становления подростков с девиантным поведением (Л.К.Керимов, В.В.Трифонов, Г.А.Уманов), роль детских и молодежных формирований в процессе социального воспитания подрастающего поколения (Е.А.Дмитриенко, К.К.Кунантаева, А.Н.Тесленко), формирование социальной активности школьников в эстетической деятельности (Н.Н.Тригубова).

В школьной среде происходят значительные трансформационные процессы, выражаемые в самооценке, поведении, ценностных ориентациях школьника и проявляющиеся в общей социальной апатии, кризисе нравственных ценностей, падении престижа честного труда, росте гедонистических и потребительских настроений. Увеличивается разрыв между растущими запросами школьников и возможностями их удовлетворения. Поэтому, совместно с учащимися необходимо заниматься поиском нравственных образов духовной культуры и выработкой на этой основе своих собственных ценностей, норм и законов жизни, формирующих активную личную позицию школьника. Формирование культуры личности предполагает воспитание человека с твердыми убеждениями, демократическими взглядами и твердой жизненной позиции. Целью формирования социальной компетентности школьника современности является не проведение самого мероприятия, не формы и методы, а сам

ребенок, его склонности и интересы, отношение к жизни и самому себе. Идеи успешности процесса формирования будут выглядеть смешно, если они не будут строиться на добровольности участия учащихся в воспитательном мероприятии. Принудительный воспитательный процесс ведет к моральной деградации учащихся. Детей нельзя обязать «воспитываться». Свободная воля проявляется, если воспитатель в воспитании опирается на интерес, романтику, чувство товарищеского и гражданского долга, творчество.

Ученики проводят в учебном заведении большую часть своей школьной жизни. Насыщенная учебная программа, участие детей в олимпиадах, марафонах, занятия младших школьников во вне учебное время- все это требует разрядки. Для этого необходима интересная и необычная внеклассная работа, основанная на основе духовно-нравственных, интеллектуальных, экологических, экономических, эстетических культур и культур семейной жизни и здорового образа жизни, которая будет способствовать формированию социальной компетентности личности.

Очень важно выработать совместно с учащимися правила жизни в классе: каждый ученик имеет право на ошибку и ее исправление; не имеет право унижать, оскорблять и обижать другого ученика; должен научиться признавать неправоту и отстаивать свою правоту; учиться дружить и иметь друзей; должен уметь помогать другому человеку и не бояться просить помощи; должен учиться быть терпеливым и настойчивым в достижении своих целей.

При рассмотрении развития личности в течение среднего детства представители психодинамического направления основное внимание сосредотачивают на психосоциальном развитии, когнитивисты- на формирование у детей Я- концепции и нравственности (морали), а теоретики социального изучения основную роль отводят наблюдению, вознаграждению и наказанию. В течение среднего детства Я-концепция становится более реалистичной, сложной и организованной; большая часть Я-концепции ребенка проистекает из его сравнений себя с другими. Дети вырабатывают и поддерживают позитивную самооценку различными способами; успех в школе для многих из них имеет большое значение. Адекватная похвала за действительные достижения улучшает самооценку ребенка.

Центральным моментом социализации является социальное познание, социальный вывод, а также понимание социальной ответственности и социальных предписаний – компоненты социального познания.

Отношение со сверстниками и социальная компетентность в среднем детстве проходит в понимании детьми дружеских отношений. Детские дружеские отношения могут иметь множество позитивных эффектов;

дружеские отношения в период среднего детства, как правило принимают форму обладания «лучшими друзьями»; позже появляются групповые дружеские отношения. Группы сверстников управляются групповыми нормами; в группах сверстников некоторые дети являются лидерами, а некоторые ведомыми. Природа групп сверстников в течение среднего детства претерпевают ряд изменений; повышается важность конформности, и группы становятся более формальными. В группах есть популярные и непопулярные дети; популярность и статус в группе сверстников определяется многочисленными характеристиками ребенка и его поведения. Существование «своих» и «чужих» закладывает основу для предубеждений и дискриминации. В раннем детстве развивается осознание этнической принадлежности еще до того, как ребенок осознает или понимает, что она может явиться причиной предрассудков и предубеждений. Тогда как давление группы сверстников, принуждающее соблюдать групповые нормы, в течение среднего детства повышается, дружеские отношения между представителями разных этнических групп обычно прекращаются и чаще всего начинается рост предубеждений.

В большинстве обществ в течение среднего детства происходит значительное расширение социального мира ребенка.

Личность, как отмечал Б.Г.Ананьев, всегда моложе «индивида» в одном и том же человеке. История личности или ее жизненный путь (биография), хотя и отмечается датой рождения, начинается, однако, много позже. Развитие личности проявляется в смене ее общественных функций, ролей и состояний. Наступление зрелости человека как индивида, личности, субъекта познания и труда по времени не совпадает.

Сейчас становится очевидным, что рассматривать любые процессы, происходящие в природе, жизни, производстве, в образовании и т.д. невозможно без учета всеобщих (Генома) мира. Это обусловлено, прежде всего, функциональной неразрывностью окружающей среды и человека.

Внедрить эти научные идеи в школьную практику с целью формирования целостномыслящего социально компетентного ученика, удалось Н.В.Масловой, Ю.Урманцеву и другим исследователям /1, с.15/.

В процессе формирования социальной компетентности учащихся, мы, учитывая вышеуказанную концепцию о ноосферном образовании, разрабатываем иные воспитательно-образовательные задачи. С точки зрения здоровьесберегающей технологии обучения, задача педагога не просто передать ученику определенную сумму знаний и сформировать ряд умений и навыков в его сознании, а содействовать воспитанию целостно мыслящего, здорового, счастливого, востребованного обществом, социально-

компетентным, владеющего инструментом познания для того, чтобы позитивно влиять на свое окружение.

Для того, чтобы максимально использовать природные ресурсы ученика, учителю необходимо знать психологическую характеристику правого и левого полушарий головного мозга, которая получена путем среднестатистической оценки функциональной асимметрии головного мозга, на основе компьютерного анализа по «Концепции абсолютно моральных ценностей человека» профессора Анушвили А.Н./2,276 с./.

Левое полушарие - это: осознанное психическое состояние; практический ум; конкретное мышление; способность восприятия информации помимо цензуры сверхсознания, позволяющая быстро и легко распознавать количественные характеристики и детали окружающего мира; способность проводить дифференцированный анализ ситуации, а также проявлять изобретательность, осознание интуитивно воспринятых образов и способность описать их понятным другим людям языке; выживаемость человека в физической среде; неосознанное действие, совершаемое на основе психологического автоматизма, где психологический автоматизм является функцией подсознания, а не сверхсознания.

Правое полушарие- это; подключение периферического зрения; духовный рост; гармония с самим собой; гармония с окружающим миром; качественное отложение позитивной информации в долговременной памяти; подключение чувственных каналов; неосознанная психологическая интуиция, которая отвечает за выживание человека в целом; образное мышление; тесная связь с природой, способность распознавания.

Теперь рассмотрим целостность и непрерывность личностного формирования и развития в отечественной теории и зарубежных исследованиях, которые ведутся в различных направлениях:

- 1) дифференциально-диагностическом;
- 2) психоаналитическом;
- 3) в рамках теории решений;
- 4) в рамках теории развития;
- 5) типологическом.

В системе постулатов первого направления можно выделить следующие: а) каждый человек по своим индивидуальным качествам, прежде всего профессионально-значимым, наиболее оптимально подходит к единственной профессии; б) профессиональная успешность и удовлетворенность социальными качествами обусловлены степенью соответствия индивидуальных качеств и требований социальной компетентности; в) социальный выбор является, в сущности, сознательным и рациональным процессом, в котором или сам индивид, или консультант

определяет диспозицию индивидуальных качеств и соотносит ее с уже имеющимися диспозициями требования различных профессий/3/. Позднее эти основания несколько изменились, что нашло свое отражение в следующих положениях: необходимо говорить о комплексах индивидуальных качеств, соотносимых с целой группой профессий; наряду со способностями большое значение для социально профессиональной успешности и удовлетворенности имеют личностные характеристики, прежде всего интересы; для профессионального обучения важны, в первую очередь, индивидуальные качества, а точнее - их соотношение.

2. Зерттеулер нәтижесiнде халықтық педагогика элементтерiн химия сабағында пайдалану жолдарының сызбанұсқасы (этнохимия, техникалық химия, дәрiгерлiк химия, тұрмыстық химия, жеңiл өнеркәсiп химиясы) тұңғыш рет жасалып, мектептерде қолданыс тапты.
3. Химияны оқытуда халықтық педагогика элементтерiн пайдаланып оқытудың жаңа стандартқа сай әдiстемесiне кiрiктiрiлген сабақтар (химия-биология, химия-әдебиет, химия-физика, химия-еңбек, химия-тарих).
4. Халықтық педагогика элементтерiн қолданып оқытылған сабақтардың тиiмдiлiгiн дәлелдеу үшiн эксперименттiк жұмыстар жасалынды.
5. Қайталау, практикалық сабақтар (бейорганикалық қосылыстардың маңызды кластары, металдардың белсендiлiк қатары, қаныққан және қанықпаған көмiрсутектер, т.б.) КВН, дөңгелек дастархан, аукцион, конференция сияқты ойын түрлерi химияны оқытуда және әдiстеме ретiнде ұсынылды.
6. Химия пәнiн оқушылар жақсы меңгеру үшiн халықтық педагогика элементтерiнiң бiрi – айтысты пайдаланып (периодтық жүйе, металл еместер химиясы, металдардың жалпы қасиеттерi тақырыптарында) жүргiзiлдi және жаңа стандартқа сай әдiстеме жасалды. Бұл әдiстеме оқушылардың бiлiм сапасын арттырып, ұлттық сана – сезiмiн оятып, жеке тұлға ретiнде қалыптасуына әсерiн тигiзедi.

Халықаралық педагогика элементтерін пайдалану арқылы химиядан ғылыми білім берумен қатар ұлттық ерекшеліктерді, дәстүрді, шығармашылықты, ауыз әдебиетін қолдана отырып, оқушылардың ұлттық сана-сезімін сезінуіне рухани дәстүрлерді меңгеруіне, халық ауыз әдебиетінен хабардар болуына жағдай жасалады. Халық ауыз әдебиеті шығармашылығының үлгілері (ертегі, мақал-мәтлдер, жұмбақтар, өлең-жырлары), ұлттық қол өнер үлгілері (зергерлік бұйымдар, тоқу, өру), ойындар, халықтық жастарға білім беру мақсатымен шығарылған есептері және т.б. халықтық педагогика элементтері химия сабағында қолдануға болады.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Қазақстан Республикасының «Білім туралы заңы».- Алматы, литера.-2000.-8.-бап.
2. Назарбаев Н.Ә. Қазақстан-2030.// Барлық қазақстандықтардың өсіп-өркендеуі және әл ауқатының артуы атты Қазақстан халқына жолдауы. Алматы, 1997.-128 б.
3. Филимонова Г.Г. Методика формирования познавательной самостоятельности школьников средством игрового обучения. (Автореф.диссерт.на соиск. уч. Степени канд. пед.наук). - Алматы.-2002г.-21с.
4. Нұрахметова А.Д. Влияние игровых методов обучения на формирование научных знаний студентов по химии. (Автореф.диссерт.на соиск. уч. Степени канд. пед.наук). Алматы.-2001г.-26с.
5. Жұмаханов Ж. Химияда поэзия мен музыканы пайдалану. 1981.-N27-60 б.
6. Мушрапилова З.Т. Использование активных методов обучения на уроках химии как средство формирования творческой личности учащихся (Автореф.диссерт.на соискание уч.степени канд.пед.наук).- Алматы.-2000 г. 18 с.
7. Бабанский Ю.К. Методы обучения в современной образовательной школе. М.,-1985.-194 С.

Н. КЕНЖЕҒАРАЕВ

«АБАЙТАНУ» ПӘНІН ОРЫС БӨЛІМДЕРІНДЕ ОҚЫТУДЫҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Аннотация

Мақалада «Абайтану» пәнін жоғары оқу орындарының орыс бөлімдеріне беру ерекшеліктері қарастырылады. Пәнді жаңа білім мазмұнында оқытудың тұжырымдары жасалған. Пәннің өзектілігі ескеріле отырып, тақырыптың идеялық мазмұнына көп мән беру ұсынылған.

В данной статье рассматриваются роль, проблемы и особенности преподавания предмета «Абаеведение» для студентов русских отделений.

Annotation

This article discusses the problems and peculiarities of teaching, the role of the subject «Abay» studies for students of Russian departments.

Түйін сөздер: жаңа білім мазмұны, жаңа бағдарлама, мемлекеттік тіл, пән қызметі, жетекші ұстаным, тарихи дерек, сұрақ-тапсырмалар, Абай өмірбаяны, абайтану ғылымы.

Елбасымыз Н.Назарбаевтың А.Құнанбайұлының 150 жылдық мерейтойында айтқан: «Абайды таныту арқылы біз әлемге Қазақстанды танытамыз, қазақ халқын танытамыз. Абай біздің ұлттық ұранымыз болуы тиіс» деген сөздері жадымызда болса, әр уақытта еліміздің ұранына айналар кемел тұлғаның дана ойларынан нәр алу керектігі жөніндегі пікірлері өз маңызын жоймақ емес. Президентіміздің келелі ойын іске асыру мақсатында Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінің ректоры, педагогика ғылымдарының докторы, профессор С.Пірәлиевтің бастамасымен 2009-2010 оқу жылынан бастап, университеттің барлық мамандықтарында 1 кредит көлемінде, таңдау пәні ретінде республикамыз бойынша тұңғыш рет «Абайтану» пәні жүргізіле бастады. Абай шығармашылығы қазақ ғылымында көп зерттелген сала болып, қазақ тілінде қажетті әдебиеттер мол болып саналғанмен, пән ретінде барлық мамандықтарға жүргізілмегендіктен, кредит жүйесіне сай нормативті құжаттарды дайындау қолға алынды.

Қазір екі жыл уақыт мерзімінде эксперименталды пән ретінде орыс бөлімдерінде де «Абайтану» пәні жүргізіліп келеді. Орыс бөлімдеріне дәріс беретін маманның алдына бірнеше кедергілер мен қиындықтар кездеседі. Алғаш назар аударатын жағдай – орыс мектептерін бітіріп келген

студенттердің қазақ әдебиеті пәнінен базалық білім мазмұнының өте таяздығы, әдеби теориялық білімінің төмендігі. Бұл үрдісті соңғы кезеңдердегі мектеп оқушыларының ҰБТ-ге байланысты міндетті пәндерге басымдық берілуі, тіпті қиындатып жіберген көрінеді. Орыс мектептерінде қазақ әдебиеті пәні 5-11 сыныптар аралығында жүргізілгенімен, сағат саны тым аз. 11 сыныпта қазақ әдебиеті пәні аптасына 1 сағат көлемінде ғана жүргізіледі. «Мемлекеттік тілді дамыту бағдарламасы» аясына сай Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігі орыс мектептерінде қазақ әдебиеті пәнінің 5-11 сыныптар аралығында қазақ тілінде жүргізілуі туралы қаулысына сәйкес, пәннің қазақ тілінде жүргізілуі өз дәрежесінде іске аспай отырғандығын дәлелдейді. Орыс мектебін бітіріп келген студенттің қазақ әдебиетінен, қазақ тілінен білім деңгейі сын көтермейді. Қазақстан Республикасы Мәдениет министрлігінің «Мемлекеттік тілдің қолданыс аясын кеңейтудің» 2010-2020 жылдардағы бағдарламасына сәйкес мектеп және жоғары оқу орындарында қазақ тілі және әдебиеті, Қазақстан тарихы пәндері мемлекеттік тілде жүргізілуі керектігі ұсынылуда. Бұл бағдарламаға сәйкес университет деңгейінде жүргізілетін «Абайтану» пәні орыс бөлімдерінде мемлекеттік тілде жүргізілуін іске асыру, орыс тілді студенттің мемлекеттік тілді кәсіби деңгейде меңгеруіне септік болып, пән қызметі толық жүзеге асар еді деген ой туындайды. Қазақтың ұлттық университеттері қоғамымызда адымдай алмай отырған мемлекеттік тілді дамыту, қолдану аясын кеңейту мәселесіне немқұрайды қарамау керек. Университет қабырғасынан білім алған студент мемлекеттік тілге бөлінген азын-аулақ кредиттің мөлшерінде ғана қалып, басқа пәндер мен қоғамдағы қарым-қатынасы ресми тілде іске асатындықтан, қазақ тілі өз аясын жақын уақытта кеңейте алмайды. Орыс мектептеріндегі қазақ тілі мен әдебиетінің жағдайы белгілі, университет қабырғасында студент таза ресми тілде білім алып, бұғанасы қатайып, маманға айналады, ертең ұстаздық қызметке барып, мектеп оқушыларына білім береді. Бұл жүйе қайталанып келе береді, тәуелсіздігіміздің тұғырлы кезеңінде Қазақстан Республикасының азаматтары өз мемлекеттік тілін жеткілікті деңгейде меңгермей, осы үрдіс сақтала береді. Қалыптасқан мәселеден мемлекетіміз ұстанған саясатқа сәйкес шығуымыз үшін, жоғары оқу орындарының орыс бөлімдерінде абайтану, ясауитану, шәкәрімтану, Қазақстан тарихы, т.б. сынды пәндердің мақсаты мен қызметіне сай оқу орындарының ерекшеліктеріне байланысты пәндерді мемлекеттік тілге жүргізуді қолға алу қажет.

«Абайтану» пәні көрнекті абайтанушы-ғалым Мекемтас Мырзахметұлының жасаған типтік бағдарламасына сәйкес жоспарланған. Ғалым жасаған бағдарлама Кеңес дәуірінде филология мамандықтарына

оқытылған дәріс бағдарламасынан идеялық-мазмұндық, концептуалдық тұрғыдан бөлек. Жаңа бағдарламаның жетекші ұстанымы Кеңес өкіметі тұсында тиым салынып, айтылмай келген Абай шығармаларының Шығысқа қатысы, діни-философиялық танымы, көзқарасы, мораль философиясы, шығыс әдебиетінің әсері, жәуанмарттік, толық адам идеяларына негізделген.

Орыс мектебін бітіріп келген оқушының танымдық-идеологиялық деңгейін ескеріп, орыс бөлімдеріне арналған жаңа бағдарламаның жетекші ұстанымы өзгертіліп жасалды. Басымдық Абайдың шығармашылық өмірбаянына, шығармашылық мұраларына, абайтану ғылымының қалыптасу және даму тарихына, Абайдың гуманистік, философиялық, интернационалистік, толеранттылық, ағартушылық идеяларына, толық адам іліміне берілді. 15 сағат лекция, 15 сағат СОӨЖ, 15 сағат СӨЖ, барлығы 45 сағат көлемінде студентке әлемдік ақыл-ойдың заңғар биігіне шыққан, поэзия алыбының, ойшыл-ақынның шығармашылық құнары берілуде. «Абай Құнанбайұлының шығармашылық өмірбаяны» деп аталатын бірінші дәріс пән мақсаты мен мазмұнына сай мынадай тақырыпшалармен жоспарланған:

- ақынның өскен ортасы, ата-анасы, тәрбиесі, әкесі Құнанбайдың тұлғасы;
- білім алу, өсу жолдары, бала Абайдың дана Абайға айналуындағы Ахмет Риза медресесінің орны;
- Қазақ мәдениетінің (халық ауыз әдебиеті мен ақын-жыраулар поэзиясының) жас Абайға әсері.

Студентке Абайдың әкесі Құнанбай туралы сұрақ қойылғанда, еститін жауабымыз «қатігез, жауыз тұлға болған», «феодал», «Абай екеуінің арасында өте қиын қарым-қатынас болған», «Абай әкесіне көп жағдайда қарсы болған, қолдамаған, жек көрген» тәрізді пікірлер болуда. Демек, Абай өмірбаяны, Құнанбай тұлғасы Кеңестік дәуірдегі саяси идеологияға, социалистік реализмге негізделген көзқарастан арылмай отыр деген сөз. Абай өмірбаяны мен шығармашылығына дұрыс, ақиқи көзқарасты ұғындыра білу үшін алғашқы дәрістен бастап, студентке әділ де шынайы пікірлерді нақты дәлелдермен, тарихи деректермен көзін жеткізе талдай отырып беру қажет. Құнанбайдың ел мойындаған әділ сұлтан, тура би, иманды насихаттаған кәміл мұсылман, ел қамын деген басшы екендігін поляк перзенті А.Янушкевичтің мына жазбаларымен дәлелдеуге болады: «Табиғат оған (Құнанбайға – Н.К.) кесек ақыл, ғажайып ес және жүйрік тіл берген. Іскер, өз аталастарының игілігі туралы қам жейді. Дала заңдары мен Құран-қағидаларының баянды білгірі, қазақтарға қатысты Ресей заңдарын жатқа біледі, қара қылды қақ жарған би және өнегелі мұсылман. Қарапайым Құнанбай әулиенің даңқына бөленген. Одан ақыл сұрауға жас та, кәрі де,

кедей де, бай да әр қиырдағы ауылдардан келіп жатады» /1, 69/. XIX ғасырдың бел орта тұсында айтылған Құнанбай туралы бұл пікірдің ойдан шығарылмағандығы ақиқат. Студенттер М.Әуезовтің «Абай жолы» роман-эпопеясында социалистік реализм шеңберінде, қатаң идеология мен цензураға бағындырылған Құнанбай бейнесінен шыға алмауынан, Абайдың өскен, тәрбиеленген ортасынан әділ мағлұмат берілмеген. Ақынның Әбдірахман өлген соң өзіне айтқан жұбатуынан өз әкесіне тек биологиялық әке, қатал, өктем мінезді, бірбеткей адам емес, дүйім ел дәріптеген тұлға екендігін ашық айтып өтеді:

Мұқым қазақ баласы,
Тегіс ақыл сұрапты.
Тобықтыны ел қылып,
Басын жиып құрапты.
Мекеде уақып үй салып,
Пәтер қып, жаққан шырақты.
Бір құдайдың жолына
Малды аямай бұлапты /2, 235/.

Абайдың бұл өмірбаяндық өлеңінде көптеген тарихтың ізі жатыр, мақсат студентке Құнанбайдың елге істеген жақсылықтарын, мырзалығын, оның озық ойлылығын айту, тура ақпарат бере отырып, ой тудыру, оның әдебиетте орын алған тенденцияларға жаңа көзқараспен келу, ол үшін әдебиеттану ғылымындағы соңғы өзгерістер мен тенденциялармен танысуға талпындыру. Студенттің өзіндік жұмысына тапсырма ретінде Құнанбай тұлғасын, анасы Ұлжан мен әжесі Зеренің тәрбиесін беріп, ізденулеріне септік жасау.

Екінші тақырыпша да Кеңес дәуірі кезінде идеологиялық қағажуға ұшыраған, Абайдың медресе қабырғасында оқуы. Студенттер Абайдың Семей қаласында приходская школада оқығандығын, ол мектеп Абайдың дүниетанымының өзгеруіне әсер еткенін жарыса айтады. Академик М.Әуезовтің жазған ақынның өмірбаянының нұсқаларына негізделе отырып, Ахмет Риза медресесінің өлшеусіз ықпалын жаңаша тұрғыда сипаттап беру міндеті шығады. Ахмет Риза медресесі XIX ғасырдың басынан қарқын ала бастаған түркі-мұсылман елдеріндегі жадидшілдік бағыттағы медреселердің бірі, ортодоксальды, догмалық, схоластикалық бағыттағы оқу орны емес, исламдағы білім беру үлгісінің модерндік бағытында болғандығын түсіндіру. Медреседе бірнеше шығыс тілдерінің грамматикасы (араб, парсы, шағатай тілдері фонетика, лексика, синтаксис, морфологиясы) қоғамдық-жаратылыстану пәндері оқытылғандығын (философия, дінтану, этика, мораль философиясы, логика, ислам тарихы, философиясы, мұсылман құқығы,

шариғат заңдылықтары т.б.), сондай-ақ негізгі ерекшелігі шығыс әдебиеті мен сопылық поэзиясының (араб, парсы, түркі поэзиясы, сопылық теориясы мен поэзиясы) оқытылуы екендігін студенттерге білдіріп, оларға қазіргі таңдағы университеттердің шығыстану мамандықтарының дәріс бағдарламаларымен салыстырулар жүргізіп, бағалауды жүктеу. Бұл сәтте студент Абайдың Ахмет Риза медресесінде жаңашыл білім алғандығын және медреседен алған білімін өмір бойына жетілдіріп, есейген тұсында орыс тілін меңгеру арқылы орыс мәдениеті мен ғылымын, батыс мәдениеті мен философиясын сіңіргендігін, философиялық танымында Шығыстық санасының шешуші рөл атқарғандығын түсінуге мүмкіндік жасайды.

Үшінші тақырыпша, Абайдың ақындық қиялының, бай сөздік қорының, тіл мәдениетінің, шешендігінің қалыптасуына қазақтың халық ауыз әдебиеті мен ақын-жыраулар поэзиясының мол әсерін айқындаумен анықталады. Студенттен мектеп қабырғасындағы әдебиет пәнінен өткен дәрістерін қайталап, еске түсіріп, халық ауыз әдебиеті дегеніміз не, оның қандай түрлері бар, тұрмыс-салт жырларына не жатады, эпос дегеніміз не, қандай түрлерін білесің, қандай батырлар жырларын айта аласың деген блиц-сұрақтар қою арқылы, олардың белсенділігін оятып, өзіндік жұмыс жасауға қадам жасау. Әдеби білімнің жүйелілігі мен үздіксіздігі принципімен орта мектептегі әдебиет пәнін қайталау амалдарымен блиц-сұрақтар, сұрақ-тапсырмалар қойып, студенттердің белсенділігін ояту арқылы Абайға дейінгі қазақ әдебиетінің тарихындағы ақын-жыраулар туралы мәліметтерді еске түсіріп, олардың қайсысының шығармаларын ақын білгендігіне, оқығандығына тоқталып өту қажет. Сұрақ-тапсырмалар арқылы еске түсірген халық ауыз әдебиеті жанрлары мен ақын-жыраулар поэзиясының Абайдың шығармашылық дамуына, қалыптасуына, ақындық шеберлігі, танымына тигізген ықпал-әсерін түйіндеген абзал.

Сабақты оқытудың ұжымдық әдістерінің бірі – тақырыпты тақырыпшаларға бөліп оқыту әдісі арқылы біз студенттерге жаңа бағдарламадағы жаңа білім мазмұнына сәйкес мол ақпарат беріп, студенттің белсенділігін оятып, өзіндік жұмыс жасауға, ойлануға, қорытындыға келуге, ізденуге қол жеткізуге болады.

Студенттің оқытушы басшылығымен жасайтын өзіндік жұмысына тақырып ретінде «Абайдың алғашқы кезеңдегі өлеңдері» деген тақырып ұсынылған. Абайдың хатқа түскен алғашқы кезеңдердегі ауызша туған импровизациялық өлеңдерімен қатар, жазбаша түрде тудырған кітаби стильдегі бірнеше өлеңдерін талдауға негізделеді. Кітаби стильде жазған өлеңдерді студенттерге оқыту және оның кейінгі тұстағы өлеңдерімен салыстырулар жасату. Алғашқы кезеңдердегі өлеңдердің идеялық мазмұнына

тоқталу. Сопылық поэзия туралы түсінік беру. Қазақ топырағында қандай сопылық поэзия өкілдерін білесіңдер деген сұрақ-тапсырма беру. Яссауидің сопылық поэзиясы туралы түсіндіру. Сопылық поэзиядағы символдарға тоқталу және оның мәнін ашып түсіндіру. Сопылық символдардың Абайдың алғашқы өлеңдеріндегі қолданысына тоқталу. Шығыстың сопылық поэзия өкілдерінен Абайдың ұстаз тұтқан ақындарының есімдерін атап, шығармашылықтары жөнінде мәлімет беру. Шығыс поэзиясы өкілдерінен қандай ақындарды, олардың қандай шығармаларын білетіндігін блиц-сұрақтар арқылы анықтау. Әдеби білімнің жүйелілігі мен үздіксіздігі принципімен араб-парсы және түркі халықтарының шайырларының шығармашылығына тоқтала отырып, олардың Абайға әсері, ықпалы, сабағы төңірегінде қорытынды шығарып, ақынның алғашқы кезеңдердегі өлеңдерінің ерекшелігін айқындап, дәрісті қорытындылау қажет.

«Абайдың шығармашылық өмірбаяны» деп аталатын «Абайтану» пәнінің бірінші тақырыбында студент абайтану ғылымындағы жаңа концепциялар мен жаңа мазмұндағы бағдарламаға сәйкес мазмұндағы білімді алуға қадам жасайды. Студенттің оқытушы басшылығымен өткізетін дәрісінде тақырып аясына сай, пән мазмұнына сәйкес терең түсіндірілуі керек күрделі тақырып алынып, жан-жақты талдау жасалады. Бұл дәрісте міндетті түрде шығарма мәтінімен жұмыс жүргізіліп, мәтін талданады. Сұрақ-тапсырмалар арқылы пәннің мақсатына жету көзделіп, тақырып меңгеріледі. Студент тақырыпқа сай өзіндік жұмысқа творчестволық тұрғыдан келуі міндетті. Кітапханада ғылыми еңбектермен, мерзімді басылымдармен, интернет көздерімен жұмыс істеп, белгіленген тақырып жөнінде ізденіс жасайды, меңгерген материалын топта баяндап, туындаған сұрақтарға жауап беріп, өз белсенділігін арттырып, материалды меңгергендігін көрсетеді.

Абай шығармаларын талдау барысында қазақ тіліндегі материалдармен қатар, орыс тіліндегі аудармалармен жұмыс істейміз. Қазақстандық және Ресейлік ақындардың аудармаларымен, Алматы, Мәскеу қалаларында жарыққа шыққан Абай шығармаларының жинақтары негізгі әдебиетердің қатарына енген. Абай өлеңдерінің орыс тіліне аудару мәселелеріне жөнінде талай жылдар бойына ғылыми қауымда түрлі пікірлер айтылып келеді. Солардың ішінен біздің құлақ салып тыңдап, қорытынды шығаруымыз керек пікір көрнекті әдебиетші, қазақ тілінің білгірі, жазушы-аудармашы Г.Бельгердің сөзі болмақ: «И говорю об этом подробно лишь потому, что пытаюсь объяснить, почему поэзию Абая так трудно переводить на другие языки, почему она до сих пор не звучит достойно по-русски, в чем причина переводческих неудач, чем вызвана бескрылость его поэтических неудач.

И в самом деле, что нет до сих пор Абая, достойно звучащего по-русски, - прописная истина. Есть старательные, бережные, аккуратные поэтические переводы М.Петровых, Вс.Рожественского, М.Тарловского, Л.Озерова, Ю.Неймана, О.Румера. Читаешь их – вполне прилично, весьма близко, похоже, узнаваемо. Начинаешь вникать в перевод, сравнивать с оригиналом – ай, не то, не Абай все же, чего-то не хватает, нет того обаяния, того поэтического шарма, той естественности и многослойности, того дыхания, той мудрости, что в подлиннике. Нет, и все. Хоть плач!» /3, 362/.

Г.Бельгер тіліміздің жанашыры ғана ретінде айтып отырған жоқ бұл мәселені, аудармашы ретінде айтып отыр. Өкінішке орай, Абай өлеңдерінің орыс тіліндегі аудармалары таңдай қағатындай дәрежеде емес. Сондықтан да, «Абайтану» пәнінің, Абай өлеңдерінің қазақ тілінде оқытылуы мәселесі оңды шешім табуы қажет деген ой туындайды. Бұл орыс тілінде дәріс беруге қауқарымыздың жетпегендігінен емес, мемлекеттік тілді дамыту мен саф алтындай таза Абайдың ғажап поэзиясының тілімен, құнарлы да бейнелі сөз кестесімен еліміздің азаматтары түгел сусындап, адамдығымен қатар тіл байлығын да дамытса деген ниеттен туындаған ой.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Янушкевич А. Қазақ даласына сапар туралы жазбалар. -Астана: Аударма, 2003.
2. Абай шығармаларының екі томдық толық жинағы. -Алматы: Жазушы, 1995.
3. Бельгер Г. Властитель – слово. В книге: Абай. Тридцать семь стихотворений.- Алматы: Дом Печати Эдельвейс, 2006.

Қ. Қ.ҚҰРМАНҒАЗЫ

БЕЙНЕЛЕУ ӨНЕРІ АРҚЫЛЫ МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ БАЛАЛАРДЫҢ ШЫҒАРМАШЫЛЫҒЫН ДАМУДЫҢ ӘДІСТЕРІ

Аннотация

В данной статье рассматриваются вопросы творческого развития ребенка дошкольного возраста с помощью изобразительного искусства.

Мақалада мектепке дейінгі балалардың шығармашылығын бейнелеу өнері арқылы дамытудың әдістері қарастырылған.

Annotation

This article speaks about the creative development of preschool age children preschool age through art.

Түйін сөздер: бейнелеу өнері, тұлға, шығармашылық, үйірмелер.

Қазақстан Республикасының «Білім беру туралы» Заңында, Қазақстан Республикасының 2015 жылға дейінгі білім беруді дамыту тұжырымдамасында, Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаевтың 2007 жылғы «Жаңа әлемдегі жаңа Қазақстан» атты дәстүрлі Жолдауында бүгінгі заманның талаптарына сай білім беру жүйесін дамыту, бала тәрбиесі, оның жан-жақты жетілуіне, тұлғаның шығармашылық дара қасиеттерін арттыру үшін көптеген міндеттер көзделген /1, 2/.

Білім беру жүйесінің басты міндеті – ұлттық және жалпы адамзаттық құндылықтар, ғылым мен практика жетістіктері негізінде ой-өрісі жаңашыл, дүниетанымы жоғары, шығармашылық деңгейде қызмет атқара алатын, жан шыңдауға бағытталған білім алу үшін қажетті жағдайлар жасау.

Рухани мәдениетті байытуға, оның ішінде, көркемөнер мәдениетін дамытуға, бейнелеу шығармашылық іс-әрекетін қалыптастыруға негіз болатын, өз бойында өткеннің эстетикалық тәжірибесін сақтаған, оның басты және мәнді белгілерін сіңірген көркемдік дәстүрлер болып табылады.

Бейнелеу өнеріндегі шығармашылықты дамыту материалдарын зерттеп, жинақтауда әртүрлі әдіс-тәсілдер қолданылады. Солардың ішіндегі ең маңыздысы бақылау болып табылады. Бақылауды тәрбиешінің білімінің қайнар көзі деп атауға болады. Бақылау – белгілі-бір мақсатпен қабылдауды үйретіп, сезім мен тиімділіктің бірлігін көрсететін танымдық күрделі үрдіс болып табылады. Өз кезегінде балаларды айналадағы табиғат құбылыстарын, қоршаған дүниедегі сұлулық атаулыны сезініп, бақылай білуге үйретудің маңызы ұшан теңіз. Бақылаудың барысында, оны балаларға талғаммен үйрету кезінде балалар нақты білім алып, олардың оқу іс-әрекетіне деген қызығушылығы мен ынта-ықыласы артады. Бақылау арқылы балаларда бейнелеу өнеріндегі күрделі әрі жетекші үдерістің бірі - салыстыру күшті дамиды. Яғни салыстыра отырып, бақылау жүргізу - бейнелеу өнерінде танымды қалыптастырудың басты шарттарының бірі.

МЖДБ-ның оқып, игерудегі оқу үдерісінде жүргізілетін топсеруендерге бару кезіндегі табиғат заттары мен құбылыстарын бақылауы бейнелеу өнерімен тікелей байланысты болады. Балалар топсеруендер, топсаяхаттардан алған әсерлерін, көрген-білген, таныған заттары мен құбылыстарын сурет салу арқылы бейнелейді. Бейнелеу өнері бойынша топ саяхаттық жұмыстарда, яғни көркем өнер, тарихи-этнографиялық, т.б. мұражайларға бару, жергілікті жердегі сәулет өнері туындыларына топсеруендер жасауда, көркемөнер үйірмелерінде, басқа оқу іс-әрекеттері бойынша жүргізілетін жұмыстармен етене байланыс түзіледі.

Бейнелеу өнері бойынша жүргізілетін жұмыстардың төмендегідей түрлері бар: бейнелеу өнерінің түрлері бойынша үйірмелер, экскурсиялар, бейнелеу өнеріне арналған әңгімелер кинофильмдер, оқушылардың үйде сурет салулары, ертеңгіліктер, топсеруендер, топсаяхаттар, көңілді сурет салу жарыстары, өнерге арналған кештер, концерттер, мерекелік көрмелер т.б.

Осы аталғандардың ішіндегі балабақшаларда ең көп қолданылатын түрі бұл бейнелеу өнерінің үйірме жұмыстары.

Бейнелеу өнері үйірмелерінің негізгі ерекшеліктеріне мыналарды жатқызамыз:

1) бейнелеу өнері үйірме сабақтары бейнелеу өнеріне өте қызығатын балалар үшін көп пайда келтіреді және бұл оқу іс-әрекеттері оларға эстетикалық қажеттіліктер болып табылады;

2) бейнелеу өнері үйірмесінің құрылымы сынып сабақтарынан өзгеше болып келеді және үйірме жұмыстарын ұйымдастыру балалардың әр түрлі жас ерекшеліктерін, олардың бейімділігі мен қызығушылықтарын есепке ала отырып бағдарламалар жасауды қамтиды.

Бейнелеу өнеріндегі үйірмелердің өзі әртүрлі болуы мүмкін, мысалы;

- сурет және кескіндеме үйірмесі;
- сәндік қолданбалы өнер үйірмесі;
- безендіру-сәндеу үйірмесі;
- жас өнертанушылар үйірмесі т.б.;

Үйірме жұмысының негізгі әдісі- балалардың өзбетінше, өздігінен іс-әрекетке машықтандыру болып табылады. МЖДБ-дың жас ерекшеліктеріне, іскерлік деңгейлеріне қарай бейнелеу өнері үйірмесінде оларды бір топқа жинауға болады. Алайда, үйірме жұмыстарын балаларға бөлу барысында олардың жас ерекшеліктері, қабілеттері мен ыңғайларын есепке алу міндеттеледі. Мектеп жасына дейінгі мекемелерде бейнелеу өнері үйірмесінде оларды бір топқа жинауға болады. Мектепке дейінгі мекемелерде бейнелеу өнері үйірмесі сабақтарының мазмұны сурет салу, жапсыру (лепка), сәндік-қолданбалы өнер негізіндегі әр түрлі жұмыстар немесе ою-өрнектер құрастыру, кесте тігуге т.б. бағытталады. Балалар жапсыруға саз балшық немесе ермексазды пайдаланып жұмыс істейді. Алғашында қарапайым пішінді заттарды, яғни көкөністер, жемістер мен ыдыс-аяқтарды қарап отырып, мүсіндеп, жасайды.

Бейнелеу өнері үйірмесінің негізгі мақсаты - бейнелеу өнері бойынша білімдер мен іскерліктерді дамыта отырып, балалардағы эстетикалық сезімдерді, сұлулықты түсіну қабілеттерін, өнерге деген қызығушылықтары мен сүйіспеншіліктерін дамыту және дүниені терең танып білуді тартымды, қызықты ету.

Бейнелеу өнері үйірме жұмыстарында балалардың танымдық білім аумағы кеңейеді, соның әсерінен қоршаған орта, табиғат заттары мен құбылыстарының заңдылықтарын түсінуге, әртүрлі пәндер материалдарының көмегімен, әсіресе музыка, әдебиет, математика, еңбекке баулу арқылы

бейнелі-логикалық ойлау қабілеттерін арттыруға, бейнелетін объектінің қырсырын ұғу мүмкіндіктеріне ие болады, көркем бейнелеу іс-әрекетін шыңдап, дүниетаным қалыптастырады.

Бейнелеу өнері үйірмесіндегі жұмыстардың әдістері мен формалары топтағы жүргізілетін сабақтарға қарағанда өзгешелеу болады әрі көркем сурет мектептерінің жұмыстарына жақынырақ, ұқсастау болып келеді. Мысалы, егер топтағы бейнелеу өнері сабақтарында балалар үстел үстінде сурет салумен шұғылданса, ал үйірме сабақтарында балаларды мольбертпен жұмыс істеу әдістемесімен немесе тым болмағанда орындыққа орналасқан планшетпен жұмыс істеудің әдістеріне таныстыру, үйрету қажет болады. Соған сәйкес, сурет салу материалдарын пайдалану, олармен жұмыс істеу әдістері де өзгеріске ұшырайды.

Үйірме жұмыстарын жүргізуде, сабақ барысында балалардың жұмысын басқаруда тек ауызша түсіндіріп, ұқтыру жеткіліксіз болады, сондықтан көбінесе тәрбиеші іс жүзінде өзі бастап, сурет салудың нақты жолдарын тәжірибе жүзінде жасап көрсетеді. Мысалы: акварель бояуымен жұмыс істеуде қылқаламды дұрыс ұстау, бояуларды дұрыс езу, қағаз бетіне жағу, акварель бояудың мөлдірлігін сақтау т.с.с. жұмыстарды тәрбиешінің өзі нақты жасап көрсетуі үйірме жұмысына қосымша пәрменділік береді. Үйірме жұмысының жоспарында нақты элементтерін көрсетіп қою үйірме жүргізуші тәрбиешіге үлкен септігін тигізеді.

Бейнелеу өнері бойынша үйірме жұмыстары кез-келген тақырып бойынша төмендегідей сатылардан құрылды: *дайындық* (қажетті материалдарды, жұмыс орнын, көркемдеуші құрал-жабдықтарды, көрнекіліктерді, материалдарды дайындау, үйірме мүшелерін түгендеу т.б.); нақты тікелей оқып-білу (тақырып бойынша ұсынылатын жаңа білім көздері, жұмысты орындау жолдары мен әдіс-тәсілдерін түсіндіру, материалдарды қолдану т.б.); тәжірибелік жұмыстар немесе материалды өңдеу (әртүрлі материалдарды қолданып суреттер, паннолар, мүсін бұйымдарын, аппликациялық туындылар, композициялық картиналар, сувенирлер, ойыншықтар т.б. дайындау); *жұмысты аяқтау* (бөлектеу, тұғырға бекіту, жұмысты безендіру, сәндеу жұмыстары т.б.); қорытындылау және тапсырмалар бер.

Зерттеу барысында бейнелеу өнері үйірме жұмыстарын бақылау кезінде балалардың шығармашылық жұмыстары, тәжірибелік көркем іс-әрекеттері үйірме ұжымын нығайтып, балалардың қызығушылықтары мен ынта-жігерлерін арттырумен қатар, еңбекке, өнерге деген туған жерге, табиғатқа деген сүйіспеншіліктері қоршаған орта арттырумен қатар, қоршаған орта заттары мен құбылыстарын түсінуге, ұғуға бағытталған дүниетанымдық көзқарастарының кеңейгендігін байқадық.

Қорыта келгенде, мектепке дейінгі балалардың шығармашылық қабілетін қалыптастыруды жүзеге асырушы әрбір тәрбиеші олардың үйде немен шұғылданатынын, үйдегі тұрмыс ортасының хал-ахуалын білгені жөн. Баланың өзін қоршаған орта мен құбылыстар әлемі оның тәрбиешісі

есебінде болады. Сондықтан, балада сұлу талғам мен дүниетанымдық көзқарастар қалыптастырудың ең маңызды міндеті - адамға лайықты орта жасап, оның айналасында сұлу денелер құру. Яғни, тәрбиеші мектеп жасына дейінгі балалардың қандай ойыншықтармен ойнайтынан, үй тұрмысында қандай құрал-саймандарды қолданатынын, қандай суреттер салатынын т.б. білуі шарт.

Балалардың шығармашылығын дамытудың негізгі бағыты – жеке тұлғаны қоғамның ең маңызды құндылығы ретінде танып, оның интеллектуалдық дамуы, ой-өрісінің, рухани жан – дүниесінің баюына, саяси көзқарасы мен шығармашылық белсенділігінің, іскерлігінің жоғары деңгейде қалыптасуына толық мүмкіндік беру, жағдай жасау.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Назарбаев Н.Ә. «Қазақстан - 2030». Ел Президентінің Қазақстан халқына жолдауы. /Егемен Қазақстан 1998, 11 қазан/.
2. Назарбаев Н.Ә. 2004 жылғы Қазақстан халқына жолдауы. /Егемен Қазақстан 2004, 12 сәуір/.
3. Қазақстан Республикасы мәдени-этникалық білім беру тұжырымдамасы. /Егемен Қазақстан, 1996, 7 тамыз/.
4. Ералин Қ., Тастеміров Қ. Бейнелеу өнері сабақтарында оқушылардың кеңістік туралы түсінігін қалыптастыру. Алматы. Мектеп. 1987.
5. Құдабаева Қ.І. Сәндік-қолданбалы өнерді оқыту теориясы мен технологиясы. Қарағанды. Санат-полиграфия. ҚарМУ. 2005. 110 бет.
6. Рисунок. Живопись. Композиция. Хрестоматия. /сост. Н.Н.Ростовцев и др. / М., Просвещение. 1989. 207 с., 18-19 с.

Информатика және білім беруді ақпараттандыру – Информатика и информатизация образования

Е.Ы. БИДАЙБЕКОВ, Г.Б. КАМАЛОВА, Е.А. КИСЕЛЕВА

О НЕОБХОДИМОСТИ ПОДГОТОВКИ И ПЕРЕПОДГОТОВКИ ПЕДАГОГИЧЕСКИХ КАДРОВ В ОБЛАСТИ ИНФОРМАТИЗАЦИИ ОБРАЗОВАНИЯ

Аннотация

В связи с внедрением электронного обучения в средней школе встает вопрос о подготовке и переподготовке педагогических кадров для успешной работы в этой системе. В статье определяются основные направления и цели информатизации образования, обеспечивающие повышение эффективности всех видов образовательной деятельности на основе использования ИКТ.

Орта мектепке электрондық оқытуды енгізуге байланысты, осы жүйеде табысты жұмыс істейтін педагогикалық кадрларды дайындау және қайта дайындау мәселесі туындайды. Бұл мақалада білім беру қызметінің барлық түрлерінің тиімділігін АКТ-ны пайдалану негізінде қамтамасыз ететін, білім беруді ақпараттандырудың негізгі бағыттары мен мақсаты анықталады.

Annotation

In connection with the introduction of e-learning in secondary school, there arises a problem on training and retraining the teachers' staff for successful work in this system. The article determines the main directions and goals of computer technology studies, to ensure efficiency of all types of educational activities based on the use of modern technologies.

Ключевые слова: информатизация образования, электронное обучение, образовательные электронные ресурсы.

Информатизация современного общества и тесно связанная с ней информатизация образования характеризуются совершенствованием и массовым распространением информационных и телекоммуникационных технологий (ИКТ). Они широко применяются для передачи информации и обеспечения взаимодействия преподавателя и обучаемого в современной системе образования.

Существенным пробелом в профессиональном развитии современных школьных учителей остается их недостаточный профессионализм в области использования информационных и коммуникационных технологий. В

первую очередь, такой непрофессионализм сказывается на существенном снижении эффективности обучения школьников. В связи с этим учитель должен не только обладать знаниями в области информационных и телекоммуникационных технологий, но и быть специалистом по их применению в своей профессиональной деятельности. Достижению такой цели должна способствовать подготовка и переподготовка педагогов в области информатизации образования.

Важно донести до будущих и уже работающих педагогов, что информатизация образования обеспечивает достижение двух стратегических целей. Первая из них заключается в повышении эффективности всех видов образовательной деятельности на основе использования информационных и коммуникационных технологий. Вторая – в повышении качества подготовки специалистов с новым типом мышления, соответствующим требованиям информационного общества /1/. С помощью методов и средств информатизации будущий специалист должен научиться получать ответы на вопросы о том, какие имеются информационные ресурсы, где они находятся, как можно получить к ним доступ и как их можно использовать в целях повышения эффективности своей профессиональной деятельности.

Государственная программа развития образования на 2011– 2020 годы одним из приоритетов определяет внедрение электронного обучения, обеспечивающего равный доступ учащимся, педагогам к лучшим образовательным ресурсам и технологиям, автоматизацию учебного процесса для повышения качества образования и эффективности управления. «Для того, чтобы создать такую систему, предстоит сформировать совершенно новую правовую базу, методологию, кадровое и техническое обеспечение, массивный цифровой контент»/2/. В частности, предполагается, что к 2012 году будут внесены дополнения в Государственные общеобразовательные стандарты образования (далее – ГОСО) высшего, технического и профессионального образования в части подготовки педагогических кадров для работы в системе электронного обучения, в ГОСО среднего образования в части обязательного использования системы электронного обучения.

Приоритетным направлением в обучении информатизации образования должен стать переход от обучения техническим и технологическим аспектам работы с компьютерными средствами к обучению корректному содержательному формированию, отбору и уместному использованию образовательных электронных изданий и ресурсов, к системной информатизации образования. Современный учитель должен не только обладать знаниями в области информационных и коммуникационных

технологий, что входит в содержание курсов информатики, изучаемых в педагогических вузах, но и быть специалистом по применению новых технологий в своей профессиональной деятельности в школе.

Внедрение электронного обучения будет оправданным и приведет к повышению его эффективности в том случае, если использование ИКТ будет отвечать конкретным потребностям системы образования, если обучение в полном объеме без использования соответствующих средств информатизации невозможно или затруднительно. Применение средств ИКТ в обучении школьников по принципу "чем больше, тем лучше" не может привести к реальному повышению эффективности системы общего среднего образования. В использовании средств информатизации образования необходим взвешенный и четко аргументированный подход.

Наряду с вышеприведенными потребностями педагогам необходимо знать основные положительные и отрицательные аспекты информатизации обучения, использования электронных изданий и ресурсов, а знание таких аспектов поможет учителям и преподавателям использовать информатизацию там, где она обладает минимальными негативными моментами.

Основными целями подготовки педагогов в области информатизации образования должны стать:

- ознакомление с положительными и отрицательными аспектами использования информационных и телекоммуникационных технологий в образовании;
- формирование представления о роли и месте информатизации образования в информационном обществе, видовом составе и областях эффективного применения средств информатизации образования, технологий обработки, представления, хранения и передачи информации;
- ознакомление с общими методами информатизации, адекватными потребностям учебного процесса, контроля и измерения результатов обучения, внеучебной, научно-исследовательской и организационно-управленческой деятельности учебных заведений;
- формирование знаний о требованиях, предъявляемых к средствам информатизации образования, основных принципах оценки их качества, обучение педагогов стратегии практического использования средств информатизации в сфере образования;
- предоставление дополнительной возможности пояснить обучаемым роль и место информационных технологий в современной мире;
- обучение формирующемуся языку информатизации образования (с параллельной фиксацией и систематизацией терминологии).

В условиях избыточной научной и учебной информации, предоставляемой учащимся современными образовательными электронными ресурсами, возрастают требования к профессиональной подготовке учителей и педагогов в области основной и смежных учебных дисциплин. Существенно повышаются также требования к личностным, общекультурным, коммуникативным качествам преподавателя. Кроме этого, практика обучения свидетельствует, что фундаментальность идеи повсеместного внедрения электронного обучения еще в должной мере не осознана специалистами в области образования, и на данный момент большинство учителей и педагогов, преподающих в школах республики, испытывают существенный психологический барьер перед освоением компьютерной техники и использованием электронных ресурсов в обучении, который обычно маскируется сомнениями относительно педагогических возможностей названных средств.

Очевидно, что решение проблем уместной и оправданной информатизации обучения должно осуществляться комплексно и повсеместно. Кроме того, обучение корректному, оправданному и уместному использованию средств ИКТ в условиях электронного обучения должно войти в содержание подготовки педагогов в области информатизации образования.

Соответствующие тенденции уже наблюдаются в педагогических вузах страны, нормативных документах и программах подготовки и переподготовки педагогов. Практически все будущие учителя изучают различные дисциплины, касающиеся использования ИКТ. Очевидно, что эти дисциплины, так или иначе, освещают особенности осуществления педагогической деятельности в условиях использования ИКТ. К этому списку, конечно же, надо добавить многочисленные курсы методики обучения различным дисциплинам, которые не могут обойти стороной специфику информатизации обучения отдельным предметам школьной программы.

Подобный подход, связанный с рассмотрением вопросов информатизации в рамках перечисленных дисциплин, имеет, как минимум, два существенных недостатка, наличие которых просматривается даже на уровне названий этих направлений подготовки студентов педагогических вузов, первый из них – разрозненность и несвязность перечисленных дисциплин, читаемых, как правило, разными педагогами. Содержание этих курсов во многих местах дублирует друг друга. Так, например, особенности разработки и использования образовательных электронных изданий и ресурсов, публикуемых в сети Интернет, могут рассматриваться практически

во всех перечисленных курсах, а второй связан с тем, что даже по своему названию, указанные дисциплины ориентированы, прежде всего, на изучение средств, используемых в обучении, а не на подготовку педагогов к профессиональной деятельности. При таком подходе изучить все средства невозможно, что впрочем, и не требуется. Изученные конкретные средства и технологии устаревают настолько быстро, что после окончания вуза педагог наверняка столкнется с совсем другими средствами, которыми он не может оперировать.

Вышеуказанные потребности системы образования, факторы и аргументы свидетельствуют, с одной стороны, о необходимости подготовки и переподготовки педагогических кадров в области информатизации образования. С другой стороны, в использовании ИКТ необходим взвешенный и четко аргументированный подход и указанные направления подготовки и переподготовки педагогов должны быть содержательно и методически объединены в единый комплекс, нацеленный на знакомство учителей и преподавателей с сущностью и спецификой информатизации образования.

В этой связи необходимо отметить факторы, характеризующие информатизацию образования как учебную дисциплину и определяющие ее отличие от других аналогичных подходов и содержательных направлений:

- системность, заключающуюся в том, что в основе изложения лежит не перечисление существующих средств и технологий информатизации образования с соответствующими описаниями, а потребности и общие характерные особенности информатизации возможных видов образовательной деятельности;
- стремление к выявлению аспектов информатизации образования, инвариантных относительно психолого-возрастных особенностей обучаемых, специфики образовательной деятельности конкретных учебных заведений, развития информационных технологий и ряда других факторов;
- выявление вариативных аспектов, зависящих от различных факторов психологического, методического, технологического и организационного характера: подготовка и переподготовка педагогов к учету вариативных аспектов должна осуществляться с использованием системы специализированных разделов курса, дисциплин и учебных пособий, ориентированных на специфику конкретной деятельности специалистов, работающих в сфере образования;
- построение учебного материала, предусматривающее не объяснение конкретных нюансов информатизации образования, а фокусирование внимания педагогов на ключевых вопросах, поиск ответов на которые является обязательным условием эффективности информатизации;

- систематизация терминологии в рамках обучения языку информатизации образования;
- ориентация обучения, в том числе и на выработку у педагогов устойчивой мотивации к участию в формировании информационной образовательной среды /3/.

Успешное освоение педагогами предлагаемой дисциплины способствует развитию процесса информатизации образования, поддерживая интеграционные тенденции познания закономерностей предметных областей и окружающей среды, актуализирует разработку подходов к использованию потенциала информационных технологий для развития личности школьников. Этот процесс повышает уровень активности и реактивности обучаемого, развивает способности альтернативного мышления, формирования умений разрабатывать стратегию поиска решений как учебных, так и практических задач, позволяет прогнозировать результаты реализации принятых решений на основе моделирования изучаемых объектов, явлений, процессов и взаимосвязей между ними.

ЛИТЕРАТУРА

1. Bidaibekov E.I. Methodical system of preparing teachers in the field of informatizations of education. «Information Technologies and Telecommunications in Education and Science (IT@T ES'2007)» Materials of the International Scientific Conference (May 18th-25th, 2007, Turkey). / SIIT&T Informika – Moscow: EGRI, 2007. – P. 198-200.(в соавторстве с Grigoriev S., Grinshkun V.)
2. Жұмағұлов Б.Т. ҚР БҒМ алқасының кеңейтілген отырысында сөйлеген сөзі, «2010 жылдың қорытындылары және білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын іске асыру шеңберінде 2011 жылға арналған міндеттер», 19 қаңтар.– Астана, 2011 ж.
3. Григорьев С.Г., Гриншкун В.В. Информатизация образования. Фундаментальные основы. Учебник для студентов педагогических вузов и слушателей системы повышения квалификации педагогов. –М.: МГПУ. – 2005.

И.А. ДЕНИСОВА

К ВОПРОСУ О ВНЕДРЕНИИ ИНФОРМАЦИОННО-КОММУНИКАЦИОННЫХ ТЕХНОЛОГИЙ В ПРОГРАММУ ПОВЫШЕНИЯ КВАЛИФИКАЦИИ ПЕДАГОГОВ-ДЕФЕКТОЛОГОВ

Аннотация

Применение дистанционных технологий в системе повышения квалификации позволит сформировать готовность педагогов-дефектологов применять ИКТ в коррекционной работе с детьми с ОВР, что, в свою очередь, будет способствовать успешной интеграции таких детей в общеобразовательный процесс и социум.

Біліктілікті жоғарылату жүйесінде қашықтықтан оқыту мәселелерін қозғау педагог-дефектолог мамандардың дамуында мүмкіндіктері шектеулі балалармен жүргізілетін түзету жұмысы барысында ақпараттық-коммуникативтік технологияларды қолдануға дайындығын қалыптастырады. Бұл өз кезегінде мүмкіндіктері шектеулі балалардың жалпы білім беру үдерісіне және қоғамға нәтижелі түрде қосылуына септігін тигізеді.

Annotation

Distance learning technologies in the system of improving skills will allow disabled children teachers to use ICT in their correctional work with such children. This will favor a successful integration of such children in the educational process and society.

Ключевые слова: дистанционное образование, качество образования, вспомогательные (ассистивные) технологии, кейсовая технология, обучение в режиме реального времени.

Вопросы организации курсов с применением дистанционных технологий (ДТ) сегодня в РК являются достаточно актуальными, так как в План мероприятий по реализации Государственной программы развития образования РК на 2011 – 2020 годы пунктом 16 включено «Методологическое обеспечение дистанционного повышения квалификации учителей»/1/. Особый контекст эта проблема приобретает в специальном образовании, так как немалая часть контингента спецшкол – это инвалиды, обучающиеся на дому.

Анализ содержания нормативной базы по специальному образованию РК, РФ и других стран позволяет сделать вывод о том, что при обучении школьников с нарушениями развития применение информационных (развивающих, компенсаторных) средств и дистанционных технологий выступает в качестве одного из основных способов педагогической реабилитации и интеграции таких детей в общеобразовательное пространство /2/. В РК сегодня еще только начинают разрабатываться организационно-технологические основы дистанционного обучения (ДО) лиц с ограниченными возможностями. К сожалению, в настоящее время большинство педагогов испытывают существенный психологический барьер перед освоением информационно-коммуникативных технологий (ИКТ). Лучшим, на наш взгляд, средством формирования готовности педагогов к использованию ИКТ в учебно-коррекционном процессе является непосредственное вовлечение их в курсовые мероприятия, которые знакомили бы с содержанием вспомогательных технических средств и проводились бы с использованием информационных технологий (ИТ) и дистанционных технологий (ДТ). Очевидно, что, обучаясь в дистанционном режиме, слушатели курсов повышения квалификации уже приобретут первоначальные представления о технологиях ДО.

